Бомбин, А. Ю., 2026. Персонализация контента и коммуникационные искажения в стратегическом PR / А. Ю. Бомбин // Актуальные вопросы развития современной науки: теория и практика : Научная сессия профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников и аспирантов по итогам НИР за 2024 год: сборник лучших докладов, Санкт-Петербург, 01 апреля – 31 2025 года. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский государственный экономический университет, 2026. – С. 18-21. – EDN FJLJYQ.

Гавра, Д. П., 2026. Репрезентация личного бренда профессионала в цифровой среде: коммуникативный анализ на основе модели Р. Якобсона / Д. П. Гавра, С. О. Яньшин // Litera. – 2026. – № 4. – С. 168-181. – DOI 10.25136/2409-8698.2026.4.79430. – EDN SHOEOI.

Герасименко, В. В., 2024. Внедрение технологий искусственного интеллекта в маркетинг российских компаний: перспективы и барьеры / В. В. Герасименко, Д. Н. Куркова, А. Н. Курбацкий // Российский журнал менеджмента. – 2024. – Т. 22, № 3. – С. 483-508. – DOI 10.21638/spbu18.2024.306. – EDN JRRHET.

Измайлова, А. А., 2025. Применение искусственного интеллекта в цифровом маркетинге компании: анализ кейса / А. А. Измайлова, А. В. Солдатова, А. Г. Будрин // Российский журнал менеджмента. – 2025. – Т. 23, № 2. – С. 332-350. – DOI 10.21638/spbu18.2025.210. – EDN TAHOMD.

Кармалова, Е. Ю., 2024. Оценка эффективности визуальной айдентики бренда: тради-

ционные маркетинговые методики и искусственный интеллект / Е. Ю. Кармалова, М. Г. Шилина // Маркетинг в новой реальности: монография. – Москва : Общество с ограниченной ответственностью "Русайнс", 2024. – С. 98-111. – EDN DYCKKE.

Кармалова, Е. Ю., 2025. Генерация словесных товарных знаков и оценка их потенциальной охраноспособности с применением искусственного интеллекта как инновационное направление практики и верификации теории брендинга / Е. Ю. Кармалова, М. Г. Шилина // Особенности маркетинга в эпоху экономических трансформаций : монография. – Москва : Общество с ограниченной ответственностью "Русайнс", 2025. – С. 131-142. – EDN SEASHL.

Копылова, В. В., 2025. О подходах к подготовке педагогов к использованию технологии искусственного интеллекта для коммуникаций в профессиональной деятельности / В. В. Копылова, В. В. Гриншкун // Вестник МГПУ. Серия: Информатика и информатизация образования. – 2025. – № 1(71). – С. 7-20. – DOI 10.24412/2072-9014-2025-171-7-20. – EDN RUIWZD.

Кошкина, Е. А., 2025. Генеративный искусственный интеллект в высшем образовании: обзор теоретических подходов и практик применения / Е. А. Кошкина, Н. В. Бордовская, Д. С. Гнедых [и др.] // Высшее образование в России. – 2025. – Т. 34, № 6. – С. 36-57. – DOI 10.31992/0869-3617-2025-34-6-36-57. – EDN AXWAWH.

Кузьминов, Я. И., 2025.Отстающие и опережающие: как студенты используют генеративный искусственный интеллект в образовательных целях / Я. И. Кузьминов, Е. В. Кручинская, И. А. Груздев, А. А. Наумов // Высшее образование в России. – 2025. – Т. 34, № 6. – С. 9-35. – DOI 10.31992/0869-3617-2025-34-6-9-35. – EDN RXDTXQ.

Менжевицкий, М. Е., 2025. Методологические подходы к формированию цифровых компетенций в системе маркетинговых коммуникаций с применением технологий искусственного интеллекта / М. Е. Менжевицкий // Экономика и бизнес: теория и практика. – 2025. – № 10(128). – С. 210-215. – DOI 10.24412/2411-0450-2025-10-210-215. – EDN YUIBSY.

О персональных данных, 2006. : Федеральный закон от 27.07.2006 № 152-ФЗ // КонсультантПлюс. – URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_61801/ (дата обращения: 05.09.2026).

О рекламе, 2006. : Федеральный закон от 13.03.2006 № 38-ФЗ // КонсультантПлюс. – URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_58968/ (дата обращения: 05.09.2026).

Об информации, информационных технологиях и о защите информации, 2006. : Федеральный закон от 27.07.2006 № 149-ФЗ // КонсультантПлюс. – URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_61798/ (дата обращения: 03.09.2026).

Сысоев, П. В., 2024. Методика обучения учащихся и студентов написанию эссе в триаде «обучающийся - преподаватель - искусственный интеллект» / П. В. Сысоев, Е. М. Филатов // Вестник Московского университета. Серия 19: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2024. – № 2. – С. 38-54. – DOI 10.55959/MSU-2074-1588-19-27-2-3. – EDN IVCGTO.

Сысоев, П. В., 2025а. Компетенция современного педагога в области искусственного интеллекта: структура и содержание / П. В. Сысоев // Высшее образование в России. – 2025. – Т. 34, № 6. – С. 58-79. – DOI 10.31992/0869-3617-2025-34-6-58-79. – EDN ZJMQFD.

Сысоев, П. В., 2025б. Персонализированное обучение на основе технологий искус-

ственного интеллекта: насколько готовы современные студенты к новым возможностям получения образования / П. В. Сысоев // Высшее образование в России. – 2025. – Т. 34, № 2. – С. 51-71. – DOI 10.31992/0869-3617-2025-34-2-51-71. – EDN WEAGVQ.

Brodersen K.H., Gallusser F., Koehler J., Remy N., Scott S.L., 2015. Inferring causal impact using Bayesian structural time-series models // The Annals of Applied Statistics. – 2015. – Vol. 9, No. 1. – P. 247–274. – DOI: https://doi.org/10.1214/14-AOAS788.

Gavra D.P., Akimovich E.V., 2022. Crisis with Undefined Delayed Damage: Definition and Communication Strategy // Proceedings of the 2022 Communication Strategies in Digital Society Seminar 2022, ComSDS 2022, St. Petersburg, 13 April 2022. – St. Petersburg: Institute of Electrical and Electronics Engineers Inc., 2022. – P. 43–47. – DOI: https://doi.org/10.1109/ComSDS55328.2022.9769115. – EDN CLWNTL.

Masalimova A.R., Zheltukhina M.R., Demir S., Molodozhnikova N.M., Zvereva E.V., Berechikidze I.A., Lazareva Y.B., 2026. Mapping human–AI communication in a Russian higher education context: a psychometric network analysis of AI literacy and attitudinal dispositions // Frontiers in Communication. 2026. Vol. 11. DOI: 10.3389/fcomm.2026.1888712.

Miao F., Cukurova M., 2024. AI Competency Framework for Teachers. – Paris: UNESCO, 2024. – 52 p. – ISBN 978-92-3-100707-1. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000391104 (дата обращения: 03.09.2026).

Miao F., Holmes W., 2023. Guidance for generative AI in education and research / UNESCO. – Paris : UNESCO, 2023. – 44 p. – ISBN 978-92-3-100612-8. – DOI: 10.54675/PTW8189. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693 (дата обращения: 05.09.2026).

OECD, 2026. digital education outlook 2026: exploring effective uses of generative AI in education / led by Stéphan Vincent-Lancrin [and many others]. – Paris : OECD Publishing, 2026. – 244 p. – ISBN 978-92-64-91530-5. – DOI: 10.1787/062a7394-en.

Samarina, O. V., 2025. Artificial Intelligence Competencies: the Formation Within Professional Training / O. V. Samarina, A. S. Shevchenko // Bulletin of Nizhnevartovsk State University. – 2025. – No. 2(70). – P. 122-131. – DOI 10.36906/2311-4444/25-2/12. – EDN CVHLGW.

Singla A., Sukharevsky A., Yee L., Chui M., Hall B., 2025. The state of AI: how organizations are rewiring to capture value / QuantumBlack, AI by McKinsey. – March 2025. – URL: https://www.mckinsey.com/capabilities/quantumblack/our-insights/the-state-of-ai (дата обращения: 04.09.2026).

The impact of AI on digital advertising report, 2025. / IAB Europe. – Brussels : IAB Europe, 18 September 2025. – URL: https://iabeurope.eu/knowledge_hub/the-impact-of-ai-on-digital-advertising-report/ (дата обращения: 06.09.2026).

Tinkoff D., Van der Veken L., Chui M., Balakrishnan T., 2026. The state of AI: how organizations are rewiring to capture value / McKinsey & Company, 2025. – URL: https://www.mckinsey.com/capabilities/quantumblack/our-insights/the-state-of-ai-how-organizations-are-rewiring-to-capture-value (дата обращения: 05.09.2026).

UNESCO, 2024. AI Competency Framework for Students. – Paris: UNESCO, 2024. – 80 p. – ISBN 978-92-3-100709-5. – DOI: https://doi.org/10.54675/JKJB9835. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000391105 (дата обращения: 04.09.2026).

Wang S., Wang F., Zhu Z., Wang J., Tran T., Du Z., 2024. Artificial intelligence in education: a systematic literature review // Expert Systems with Applications. – 2024. – Vol. 252. – Art. 124167. – DOI: 10.1016/j.eswa.2024.124167.

Information about the authors:

Karmalova E.Yu. – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Professor at Saint Petersburg Electrotechnical University, 5 Professor Popova St., Building F, 197022, Saint Petersburg, Russian Federation.

Bombin A.Yu. – Corresponding author, Candidate of Economic Sciences, Head of the Trade Department at the State Russian Museum, Guest Faculty at HSE University, 4 Inzhenernaya St., 191186, Saint Petersburg, Russian Federation.

Авторлар туралы мәліметтер:

Кармалова Е.Ю. – филология ғылымдарының докторы, доцент, В.И. Ульянов (Ленин) атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік электротехникалық университеті «ЛЭТИ» ФМ-ББМ ЖОО профессоры, Профессор Попов көшесі, 5 үй, Ф әрпі, 197022, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы.

Бомбин А.Ю. – хат-хабар авторы, экономика ғылымдарының кандидаты, «Мемлекеттік Ресей музейі» ФМБММ Сауда департаментінің басшысы, Ұлттық зерттеу университеті «Жоғары экономика мектебінің» шақырылған оқытушысы, Инженерная көшесі, 4 үй, 191186, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы.

Сведения об авторах:

Кармалова Е.Ю. – доктор филологических наук, доцент, профессор ФГАОУ ВО Санкт-Петербургский государственный электротехнический университет «ЛЭТИ» им. В.И. Ульянова (Ленина), ул. профессора Попова, дом 5 литера Ф, 197022, Санкт-Петербург, Российская Федерация.

Бомбин А.Ю. – автор для корреспонденции, кандидат экономических наук, начальник отдела торговли ФГБУК Государственный Русский музей, приглашенный преподаватель НИУ «ВШЭ», ул. Инженерная, д. 4, 191186, Санкт-Петербург, Российская Федерация.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ/ СМИ И ОБЩЕСТВО / MEDIA AND SOCIETY

ХҒТАР 19.51.51 https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-48-63
Мақала түрі: ғылыми мақала

Қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы репрезентациясы

Е. Жумабеков *[1], Н. Қуантаев [2], С. Тоқтарбек[3]

*[*1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
[2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*(E-mail:[*1]Sultan-2012@mail.ru, [2] kuantaiuly@mail.ru, [3] toktarbek.sagynay@mail.ru)*

Аңдатпа. Мақалада қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясы журналистика және медиатану тұрғысынан талданады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тойының баспасөз, ақпарат агенттіктері, интернет-порталдар және әлеуметтік желілердегі берілу ерекшеліктерін анықтап, оның қоғамдық санадағы мағыналық құрылымдарын сипаттау. Әдіснамалық негіз ретінде agenda-setting, framing, mediatization және representation теориялары алынды.

Эмпирикалық материал ретінде Egemen Qazaqstan, Kazinform, Abai.kz, Aqshamnews.kz, Әділет, Қазақ газеттері, Қармақшы таңы басылымдарындағы жарияланымдар және Instagram желісіндегі @qalamtarih парақшасының танымдық контенті қарастырылды. Сапалық контент-анализ және фреймдік талдау нәтижесінде қазақ той дәстүрінің медиада ұлттық мұра, ағартушылық, әлеуметтік сын, экономикалық-коммерциялық және ұлттық бірегейлік фреймдері арқылы ұсынылатыны анықталды. Зерттеу нәтижелері қазақ тойларының қазіргі медиалық кеңістікте тек этнографиялық нысан емес, ұлттық мәдени кодты қайта өндіретін, қоғамдық пікір қалыптастыратын және цифрлық ортада жаңа мағынаға ие бола алатын коммуникациялық феномен екенін көрсетеді. Зерттеудің тәжірибелік маңызы алынған нәтижелерді ұлттық мәдениетке қатысты медиаконтент әзірлеуде, журналистік материалдарды фреймдік тұрғыдан талдауда, сондай-ақ қазақ дәстүрлерін цифрлық платформаларда танымдық әрі заманауи форматта ұсынуда пайдалануға болатындығында.

Түйін сөздер: журналистика, медиатану, қазақ тойы, репрезентация, фрейминг, цифрлық медиа, ұлттық бірегейлік

Түсті: 5.05.2026; Мақұлданды: 3.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы үшін**

Кіріспе

Цифрлық коммуникацияның қарқынды дамуы ұлттық мәдениеттің бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі көрінісін түбегейлі өзгертті. Бұрын ұрпақтан-ұрпаққа ауызша дәстүр арқылы беріліп келген мәдени тәжірибелер бүгінде газет, журнал, телевидение, интернет-басылымдар, YouTube, Instagram және TikTok сияқты цифрлық платформалар арқылы қайта өндіріліп, жаңа аудиторияға ұсынылуда. Осы өзгерістер ұлттық мәдени кодтың медиада қалай ұсынылатынын, қандай мағыналық құрылымдар арқылы түсіндірілетінін және қоғамдық санада қалай қабылданатынын зерттеуді өзекті етеді.

Медиатану ғылымында мәдени құндылықтардың ақпараттық кеңістіктегі берілуі agenda-setting, framing, representation және mediatization теориялары арқылы түсіндіріледі. Бұл бағыттағы зерттеулер бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікір қалыптастырумен қатар, ұлттық бірегейлік пен мәдени жадының сақталуына ықпал ететінін көрсетеді (McCombs, Shaw, 1972; Entman, 1993; Hall, 1997; Couldry, Hepp, 2013). Сондықтан қазіргі медиада ұлттық дәстүрдің қалай ұсынылатынын зерттеу журналистика ғылымының маңызды бағыттарының біріне айналып отыр.

Қазақстандық ғылымда қазақтың салт-дәстүрі көбіне этнография, мәдениеттану, педагогика және фольклортану тұрғысынан зерттелді. Бұл бағытта С. Кенжеахмет, К. Оразбекова, Ә. Табылдиев, М. Олкотт, З. Жандарбек және басқа зерттеушілердің еңбектері ұлттық дәстүрдің тарихи, тәрбиелік және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты сипаттайды. Алайда бұл зерттеулердің басым бөлігі дәстүрдің қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясына арнайы тоқталмайды.

Қазіргі таңда қазақ той дәстүрі туралы материалдар дәстүрлі баспасөзде ғана емес, интернет-басылымдарда, әлеуметтік желілерде, подкасттарда және бейнеплатформаларда кеңінен таралып келеді. Соған қарамастан, қазақ тойының медиадағы репрезентациясын журналистика теориялары негізінде талдайтын кешенді зерттеулер жеткіліксіз. Бұл жағдай ұлттық дәстүрдің медиалық трансформациясын жаңа ғылыми тұрғыдан қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясын журналистика және медиатану теориялары негізінде талдау, сондай-ақ ұлттық мәдени кодтың қазіргі медиалық кеңістікте ұсынылу ерекшеліктерін анықтау.

2. Әдебиеттерге шолу

Қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясын зерттеу үшін ең алдымен медианың қоғамдық санаға, мәдени мағынаға және әлеуметтік тәжірибеге ықпалын түсіндіретін теориялық еңбектерге сүйену қажет. Бұл тұрғыда М. Мак Комбс пен Д. Шоудың agenda-setting теориясы маңызды. Авторлар жаңалықты таңдау мен орналастыру арқылы редакторлар, журналистер және хабар таратушылар қоғамдық шындықты қалыптастыруға қатысатынын көрсетеді. Олардың пікірінше, аудитория белгілі бір мәселе туралы ғана емес, сол мәселенің қаншалықты маңызды екені туралы да медиадағы ақпарат көлемі мен орналасу тәртібі арқылы түсінік алады (McCombs, Shaw, 1972). Бұл тұжырым қазақ той дәстүріне қатысты медиаматериалдарды талдауда маңызды болып отыр. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдары Наурыз, беташар, қыз ұзату, тұсаукесер сияқты дәстүрлерді жиі жариялау арқылы оларды қоғамдық күн тәртібінде тұрған мәдени тақырыпқа айналдырады.

Медиадағы мәдени құбылыстарды талдауда Р. Энтманның фрейминг теориясы да негізгі әдіснамалық тірек бола алады. Энтман фреймингті қабылданған шындықтың кейбір аспектілерін таңдап алып, оларды коммуникациялық мәтінде айрықша көрнекті ету процесі ретінде түсіндіреді (Entman, 1993). Ғалымның ойынша, фреймдер мәселені анықтау, себептерін түсіндіру, моральдық баға беру және шешім ұсыну қызметтерін атқарады (Entman, 1993). Бұл теория қазақ той дәстүрінің медиада әртүрлі мағынада ұсынылуын түсіндіруге мүмкіндік береді: бір материалда той ұлттық мұра ретінде, екіншісінде тәрбиелік құндылық ретінде, үшіншісінде әлеуметтік сын немесе коммерциялық шоу ретінде берілуі мүмкін.

Қазіргі қоғамда дәстүрдің медиа арқылы өзгеруін түсіндіруде медиалану теориясы ерекше маңызға ие. С. Хьярвард медиалануды жоғары модерн қоғамындағы екіжақты процесс ретінде сипаттайды: бір жағынан, медиа өзіндік логикасы бар дербес институтқа айналады, екінші жағынан, өзге әлеуметтік және мәдени институттар осы медиа логикасына бейімделе бастайды (Hjarvard, 2008). Автор медианы қоғам мен мәдениеттен бөлек қарастыруға болмайтынын, қазіргі әлеуметтік және мәдени процестер медианың тұрақты қатысуы арқылы өзгеретінін атап өтеді (Hjarvard, 2008). Бұл тұжырым қазақ тойының қазіргі трансформациясын түсіндіруге мүмкіндік береді: бүгінгі тойлар тек отбасылық рәсім ғана емес, фото, видео, Instagram, TikTok, YouTube форматына бейімделген медиалық оқиғаға айналып отыр.

Медиалану теориясын Н. Кудри мен А. Хепп те кеңейте түседі. Олар қазіргі коммуникациялық ортада медианың күнделікті өмірдің, отбасының, достық қарым-қатынастың, жұмыстың және әлеуметтік тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді (Couldry, Hepp, 2013). Авторлар дәстүрлі «өндіріс – мәтін – аудитория» үштағаны қазіргі медиалық процестерді толық түсіндіруге жеткіліксіз екенін айтады (Couldry, Hepp, 2013). Бұл пікір цифрлық медиадағы қазақ той дәстүрін зерттеуге тікелей қатысты, себебі бүгінгі аудитория дәстүр туралы контентті тек қабылдап қана қоймайды, оны бөліседі, пікір қалдырады, қайта өңдейді және жаңа цифрлық мағына береді.

Қазақстандық ғылымда қазақтың салт-дәстүрі көбіне этнография, мәдениеттану, фольклортану және этнопедагогика тұрғысынан қарастырылды. С. Кенжеахмет қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін жүйелесе, К. Оразбекова ұлттық тәрбие мен дәстүр сабақтастығын, Ә. Табылдиев этнопедагогикалық негіздерді зерттеді. Бұл еңбектер қазақ той дәстүрінің тарихи, тәрбиелік және мәдени мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Алайда аталған зерттеулердің басым бөлігі дәстүрдің өзін сипаттауға бағытталған, ал оның қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиада қалай репрезентацияланатыны арнайы талдау нысаны болмаған.

Қазақ қоғамындағы ұлттық бірегейлік пен мәдени өзгерістер мәселесін шетелдік зерттеушілер де қарастырған. М. Олкотт қазақ қоғамының тарихи-мәдени құрылымын сипаттаса, Н. Мкртчян Қазақстандағы ұлттық символдар мен «қазақилық» ұғымының қалыптасуын зерттейді. М. Адамс посткеңестік Қазақстандағы мерекелік мәдениет пен ойын-сауық формаларының өзгерісін талдайды. Бұл еңбектер қазақ мәдениетін түсінуге маңызды теориялық және тарихи негіз береді. Дегенмен оларда қазақ той дәстүрінің журналистік мәтіндерде, телевизиялық хабарларда және әлеуметтік желілерде қандай фреймдер арқылы ұсынылатыны арнайы қарастырылмайды.

Қазақстандық журналистика ғылымында бұқаралық ақпарат құралдарының ағартушылық қызметі, ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы рөлі және қоғамдық пікір

қалыптастырудағы маңызы Т. Қожакеев, М. Барманқұлов, Н. Омашев, Қ. Сақ сияқты зерттеушілер еңбектерінде талданған. Бұл зерттеулер журналистиканың қоғамдық және мәдени қызметін түсіндіруге мүмкіндік береді. Алайда қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясын agenda-setting, framing және mediatization теориялары негізінде кешенді зерттеген еңбектер әлі де жеткіліксіз.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерді талдау қазақ той дәстүрі туралы зерттеулердің басым бөлігі этнографиялық және мәдениеттанулық бағытта жазылғанын көрсетеді. Ал қазіргі медиада бұл дәстүрлердің қалай ұсынылатынын, қандай мағыналық фреймдер арқылы түсіндірілетінін және цифрлық платформаларда қалай трансформацияланатынын журналистика және медиатану теориялары негізінде қарастыру қажеттілігі сақталып отыр. Сондықтан бұл зерттеу қазақ той дәстүрін дәстүрдің өзі ретінде емес, бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиада қайта құрылатын мәдени-коммуникациялық феномен ретінде талдауға бағытталады.

3. Теориялық негіз

Қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясын талдау үшін мақалада журналистика және медиатану ғылымында кеңінен қолданылатын agenda-setting, framing, mediatization және representation теориялары негізге алынды. Бұл теориялар ұлттық мәдениеттің медиада қалай ұсынылатынын, қандай мағыналық құрылымдар арқылы аудиторияға жеткізілетінін және цифрлық ортада қандай өзгерістерге ұшырайтынын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Agenda-setting теориясын М. МакКомбс пен Д. Шоу ұсынған. Ғалымдардың пікірінше, бұқаралық ақпарат құралдары аудиторияға қандай мәселе туралы ойлау қажеттігін айқындай отырып, қоғамдық күн тәртібін қалыптастырады (McCombs, Shaw, 1972). Бұл теория қазақ той дәстүріне қатысты медиаконтентті зерттеуде маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Мәселен, республикалық баспасөзде, ақпараттық агенттіктерде және цифрлық платформаларда Наурыз мерекесі, беташар, тұсаукесер, қыз ұзату сияқты дәстүрлердің жиі жариялануы олардың қоғамдық маңызын арттырып, ұлттық мәдениеттің маңызды элементтері ретінде қабылдануына ықпал етеді.

Сонымен қатар медианың белгілі бір дәстүрлерді тұрақты түрде ақпараттық кеңістікке шығарып отыруы ұлттық мәдени кодтың сақталуына әсер етеді. Ал кейбір дәстүрлердің сирек жариялануы немесе мүлде назардан тыс қалуы олардың қоғамдық көрінісінің әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Осы тұрғыдан agenda-setting теориясы медианың қазақ той дәстүрінің қоғамдық маңызын қалыптастырудағы рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ той дәстүрінің медиадағы репрезентациясын талдауда фрейминг теориясының маңызы ерекше. Р. Энтманның анықтамасы бойынша, фрейминг – медианың шынайылықтың белгілі бір аспектілерін таңдап алып, оларды ерекше маңызға ие етіп көрсетуі арқылы аудиторияның мәселені қабылдауына ықпал ету процесі (Entman, 1993). Ғалым фреймнің негізгі қызметтерін мәселені анықтау, себептерін түсіндіру, моральдық бағалау және шешу жолдарын ұсыну деп көрсетеді (Entman, 1993). Демек, бір ғана мәдени құбылыс әртүрлі медиада түрлі мағыналық қырынан ұсынылуы мүмкін.

Қазақ тойына арналған медиаматериалдарды талдау барысында бірнеше негізгі фреймді бөліп көрсетуге болады. Бірінші – ұлттық мұра фреймі. Бұл жағдайда той дәстүрі халықтың тарихи жады мен мәдени сабақтастығының көрінісі ретінде ұсынылады. Екінші – ағартушылық фреймі. Мұнда журналистер дәстүрдің шығу тегі мен тәрбиелік

маңызын түсіндіруге басымдық береді. Үшінші – әлеуметтік сын фреймі. Бұл бағыттағы материалдарда тойдағы ысырапшылдық, бәсекелестік, несиеге той өткізу сияқты мәселелер қозғалады. Төртінші – коммерциялық фреймі. Әсіресе әлеуметтік желілерде той индустриясы сән, шоу және қызмет көрсету нарығының бір бөлігі ретінде көрсетіледі. Бесінші бағыт – ұлттық бірегейлік және цифрлық трансформация фреймі. Мұнда қазақ той дәстүрінің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы және цифрлық медиада жаңа коммуникациялық форматқа бейімделуіндегі рөліне басымдық беріледі. Осы фреймдердің әрқайсысы аудиторияның қазақ той дәстүрін қабылдауына өзіндік ықпал етеді.

Медиалану теориясы қазіргі қоғамдағы мәдени тәжірибелердің медиа логикасына бейімделуін түсіндіреді. С. Хьярвард медианы қоғамдық институттарға ықпал ететін дербес әлеуметтік күш ретінде қарастырып, медиалану үдерісінің қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және мәдени институттардың қызметіне ықпал ететінін көрсетеді (Hjarvard, 2008). Кейін бұл тұжырымды Н. Кудри мен А. Хепп дамытып, медиалану үдерісі әлеуметтік өмірдің барлық салаларын қамтитынын атап өтеді (Couldry, Hepp, 2013).

Қазақ қоғамындағы той мәдениеті де осы өзгерістерден тыс қалған жоқ. Бұрын той рәсімдері көбіне отбасылық және қауымдық ортада өткізілсе, қазіргі уақытта олардың едәуір бөлігі медиалық кеңістікте өмір сүреді. Үйлену тойлары кәсіби бейнетүсіріліммен сүйемелденеді, әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер жүргізіледі, ал қысқа бейнероликтер Instagram, TikTok және YouTube платформалары арқылы миллиондаған қолданушыға таралады. Осылайша дәстүр өзінің бастапқы әлеуметтік қызметін сақтай отырып, медиалық мазмұнға да айналады.

Мәдени репрезентация теориясы бұқаралық ақпарат құралдарының мәдени құндылықтарды жай ғана көрсетпейтінін, оларды белгілі бір әлеуметтік және мәдени мағынамен қайта құратынын түсіндіреді (Hall, 1997). Стюарт Холлдың пікірінше, репрезентация – мағынаны тіл, бейне және коммуникациялық тәжірибе арқылы өндіру үдерісі (Hall, 1997). Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ той дәстүрі медиада өзгеріссіз берілетін мәдени мұра емес, журналистік мәтіндер, телевизиялық бағдарламалар және цифрлық контент арқылы үнемі қайта интерпретацияланып отыратын мәдени феномен болып табылады.

Қазіргі цифрлық медиада ұлттық дәстүрдің репрезентациясы визуалды форматтардың ықпалымен жаңа сипатқа ие болды. Қысқа бейнероликтер, подкасттар, деректі фильмдер және мультимедиалық жобалар дәстүрді әртүрлі аудиторияға қолжетімді етеді. Сонымен қатар мұндай репрезентация дәстүрдің танымал болуына ықпал еткенімен, оның кейбір рәсімдерінің ойын-сауық элементіне айналу қаупін де күшейтеді. Сондықтан қазақ той дәстүрінің медиадағы репрезентациясын зерттеу қазіргі журналистика ғылымының ғана емес, мәдени коммуникация саласының да маңызды ғылыми мәселелерінің бірі болып табылады.

4. Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясын анықтау мақсатында сапалық зерттеу тәсілі қолданылды. Зерттеу нысаны ретінде қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық платформаларда жарияланған қазақ той дәстүріне қатысты журналистік материалдар алынды. Зерттеу пәні – қазақ той дәстүрінің медиадағы репрезентациясының ерекшеліктері, журналистік дискурс және қолданылған мағыналық фреймдер.

Эмпирикалық база ретінде әртүрлі типтегі медиаресурстарда жарияланған материалдар пайдаланылды. Олардың қатарында Egemen Qazaqstan, Kazinform, Abai.kz, Aqshamnews.kz, Әділет, Қазақ газеттері, Қармақшы таңы басылымдары мен Instagram желісіндегі @qalamtarih парақшасының танымдық бейнематериалдары қамтылды. Материалдарды іріктеу кезінде жарияланымдардың қазақ той дәстүріне тікелей арналуы, журналистік жанрда дайындалуы және бұқаралық аудиторияға бағытталуы негізгі өлшемдер ретінде алынды.

Зерттеудің негізгі әдісі ретінде сапалық контент-анализ қолданылды. Бұл әдіс жарияланымдардың тақырыптық бағытын, мазмұнын, негізгі идеяларын және журналистік ұстанымын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар медиамәтіндерді интерпретациялау барысында Р. Энтман ұсынған фреймдік талдау тәсілі пайдаланылды. Фреймдік талдау арқылы медиада қазақ тойының қандай мағыналық қырлары басым көрсетілетіні, қандай мәселелерге назар аударылатыны және аудиторияға қандай интерпретациялық үлгі ұсынылатыны анықталды.

Талдау барысында жарияланымдар бірнеше негізгі фрейм бойынша жүйеленді: ұлттық мұра, ағартушылық, әлеуметтік сын, экономикалық (коммерциялық) және ұлттық бірегейлік. Бұл жіктеу қазақ той дәстүрінің әртүрлі медиада қалай репрезентацияланатынын салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін түсіндіруде agenda-setting, framing, mediatization және representation теориялары әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды. Бұл теориялар медианың ұлттық мәдениетті бейнелеу ерекшеліктерін, қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлін және цифрлық коммуникация жағдайындағы мәдени трансформация үдерістерін кешенді талдауға мүмкіндік береді.

5. Нәтижелер мен талдау

Қазақ той дәстүрінің бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиадағы репрезентациясын анықтау мақсатында қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында және цифрлық платформаларда жарияланған материалдарға сапалық контент-анализ жүргізілді. Талдау нысаны ретінде Egemen Qazaqstan, Kazinform, Abai.kz, Aqshamnews.kz, Әділет, Қазақ газеттері, Қармақшы таңы басылымындағы жарияланымдар, сондай-ақ Instagram желісіндегі @qalamtarih парақшасының танымдық видеоматериалдары алынды. Контентті талдау барысында жарияланымдардың тақырыптық бағыты, журналистік ұстанымы, қолданылған дискурстық тәсілдері және қазақ той дәстүрінің қандай мағыналық фреймдер арқылы ұсынылатыны қарастырылды.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ той дәстүрі бірнеше негізгі бағытта репрезентацияланады.

Бірінші бағыт – ұлттық мұра және мәдени құндылық фреймі. Бұл фрейм Egemen Qazaqstan газетінде жарияланған С. Әліпбайдың «Той – халық қазынасы» мақаласында айқын көрінеді (Әліпбай, 2020). Автор қазақ тойын халықтың мәдени жады мен ұлттық өнерінің ажырамас бөлігі ретінде сипаттап, оның қоғамдық коммуникациядағы орнына ерекше назар аударады. Мақалада тойдың тек мерекелік рәсім емес, халықтың өнерін, ұлттық ойындарын, дәстүрлері мен қоғамдық қатынастарын тоғыстыратын мәдени институт екендігі көрсетіледі. Ұқсас көзқарас І. Байжановтың «Қазақтың тойы ұлттық брендке айналуы тиіс» мақаласында да байқалады (Байжанов, 2024). Автор қазақ тойын ұлттық мәдени бренд ретінде дамыту қажеттігін көтеріп, асаба мәдениеті, ұлттық

киім, сценарий және дәстүр элементтерін сақтаудың маңызын атап өтеді. Бұл жарияланымдарда той ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұсынылады.

Екінші бағыт – әлеуметтік сын фреймі. Бұл бағыттағы жарияланымдарда қазіргі қазақ тойының мазмұнынан гөрі оның әлеуметтік мәселелері көбірек қозғалады. Abai.kz порталында жарияланған С. Байқоңыровтың «Той жарысты тоқтат, қазақ!» мақаласында тойдағы бәсекелестік, несиеге той жасау, шектен тыс салтанат пен ысырапшылық өткір сыналады (Байқоңыров, 2024). Осындай көзқарас Ұ. Есдәулеттің «Той туралы ой» мақаласында да көрініс тапқан (Есдәулет, 2020). Автор қазіргі тойларда ұлттық тәрбиеден гөрі сыртқы сән-салтанаттың басым екенін айтып, асабалық мәдениет пен той бағдарламасының мазмұнын қайта қарастыру қажеттігін ұсынады. «Қармақшы таңы» газетінде жарияланған «Той туралы ой» мақаласы да осы бағытты жалғастырып, бұрынғы қарапайым ауыл тойлары мен қазіргі мейрамхана форматындағы салтанатты тойларды салыстырады. Бұл материалдарда той ұлттық дәстүр ғана емес, қоғамдық талқылауды қажет ететін әлеуметтік құбылыс ретінде репрезентацияланады.

Үшінші бағыт – ағартушылық фрейм. Бұл бағыттағы материалдардың басты мақсаты – ұлттық салттардың шығу тегі мен тәрбиелік мәнін түсіндіру. Aqshamnews.kz сайтында жарияланған тарихшы-этнограф Бердалы Оспанмен сұхбатта тойбастар, той тарқар, отқа май құю сияқты дәстүрлердің тарихи негіздері мен қазіргі қоғамдағы өзгерістері түсіндіріледі (Aqshamnews.kz, 2025). Сол сияқты «Қазақ газеттері» сайтындағы «Қазақтың тойы қалай өтеді?» мақаласы қазіргі той мәдениетіндегі өзгерістерді сипаттай отырып, ұлттық дәстүрдің тәрбиелік қызметін сақтаудың маңызын көрсетеді. Бұл жарияланымдарда журналистік мәтін сарапшы пікіріне сүйене отырып, аудиторияға танымдық ақпарат береді және ұлттық құндылықтарды насихаттау қызметін атқарады.

Төртінші бағыт – экономикалық немесе коммерциялық фрейм. Бұл фрейм Kazinform агенттігінде жарияланған А. Поляковтың «Сколько стоит организовать той в разных городах Казахстана» мақаласында анық байқалады (Поляков, 2026). Автор Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі той өткізу құнын салыстырып, банкет, асаба, музыкалық сүйемелдеу, фото-видео қызметтері және басқа шығындарды жүйелейді. Осы арқылы қазақ тойы мәдени дәстүр ғана емес, қызмет көрсету индустриясының маңызды сегменті ретінде де ұсынылады. Экономикалық аспект Лаубаева А.-ның «Той эволюциясы: Қазақтың тойы қалай өзгеріп жатыр?» мақаласында да көрініс табады. Автор «Қонақтар енді зат емес, конверттегі ақша сыйлайтын болды. Қалың мал ақшалай, кейде доллармен беріледі» деп, той дәстүріндегі сыйлық беру мен қалың малдың ақшалай сипатқа ие болғанын көрсетеді (Лаубаева, 2025). Бұл мысалдар той мәдениетінің қазіргі қоғамда экономикалық және коммерциялық қатынастармен тығыз байланыста екенін аңғартады. Мұндай материалдар медиада тойдың экономикалық қырын күшейтіп, оның қазіргі қоғамдағы коммерциялық сипатын айқындайды.

Бесінші бағыт – ұлттық бірегейлік және цифрлық трансформация фреймі. Бұл бағыт Ж. Артықбаевтың «Қазақтың той мәдениеті және бірегейлік (identity)» мақаласында көрініс тапқан (Артықбаев, 2025). Автор тойды қазақ қоғамындағы мәдени коммуникацияның маңызды құралы ретінде бағалап, оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін көрсетеді. Сонымен қатар Instagram желісіндегі @qalamtarih парақшасында жарияланған танымдық бейнематериалдар қазақтың отау тойы, алып қашу дәстүрі және басқа да рәсімдерді қысқа бейнеформат арқылы кең аудиторияға ұсынады. Мұндай контенттің ерекшелігі – ақпаратты визуалды және интерактивті түрде таратып, пайдаланушылардың пікір алмасуына және материалды қайта бөлісуіне мүмкіндік беруінде.

Бұл дәстүрдің цифрлық ортада жаңа коммуникациялық форматқа бейімделіп жатқанын көрсетеді.

Agenda-setting теориясына сәйкес жүргізілген контент-талдау нәтижелері қазақ той дәстүрінің медиада белгілі бір тақырыптар арқылы қоғамдық күн тәртібіне шығарылатынын көрсетті. М. МакКомбс пен Д. Шоу ұсынған agenda-setting теориясына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары қандай мәселелерге жиі назар аударылатынын анықтау арқылы олардың қоғамдық маңызын арттыруға ықпал етеді (McCombs & Shaw, 1972). Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу материалдарында қазақ тойының ұлттық мәдениет, әлеуметтік мәселе, дәстүрдің тарихи мәні және экономикалық шығындар тұрғысынан тұрақты түрде көтерілуі оның қоғамдық дискурста өзекті мәдени тақырып ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Зерттеу корпусындағы 11 материалдың ішінде әлеуметтік сынға бағытталған жариялымдар салыстырмалы түрде басым орын алады – 3 материал (27,3%). Атап айтқанда, С. Байқоңыровтың, Ұ. Есдәулеттің және «Қармақшы таңы» газетінің материалдарында тойдағы бәсекелестік, ысырапшылық, несиеге той жасау және дәстүрдің өзгеруі мәселелері көтерілген. Ұлттық мұра мен мәдени құндылықтарға арналған материалдар 2 (18,2%), ағартушылық бағыттағы материалдар 2 (18,2%), экономикалық-коммерциялық бағыттағы материалдар 2 (18,2%), ал ұлттық бірегейлік пен цифрлық трансформацияға арналған материалдар 2 (18,2%) құрайды. Бұл көрсеткіштер медианың қазақ тойын тек дәстүрлі мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық талқылауды қажет ететін әлеуметтік мәселе ретінде де күн тәртібіне шығаратынын аңғартады.

Әсіресе әлеуметтік сын тақырыбының жиірек көрінуі қазіргі қазақ тойының қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық мәселелермен байланысының медиада өзекті болып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар ұлттық мұра мен ағартушылық бағыттағы материалдардың тұрақты жариялануы дәстүрдің мәдени маңызын қоғамдық назарда ұстап тұруға ықпал етеді. Ал Kazinform материалындағы той өткізу шығындарын көрсету және тойдың коммерциялық сипатына назар аудару мәдени тәжірибенің экономикалық қырын да қоғамдық күн тәртібіне шығаратынын көрсетеді.

Осылайша, agenda-setting тұрғысынан медиада қазақ тойы туралы ақпараттың болуы ғана емес, белгілі бір мәселелердің қайталанып көтерілуі маңызды. Зерттеу нәтижелері медианың қазақ тойын ұлттық мәдениеттің элементі ретінде сақтаумен қатар, ысырапшылық, әлеуметтік бәсекелестік, коммерциялану және дәстүрдің өзгеруі сияқты мәселелерді қоғамдық талқылаудың тұрақты нысанына айналдыратынын көрсетеді.

Mediatization теориясы тұрғысынан зерттеу нәтижелері қазақ той дәстүрінің қазіргі медиалық ортада тек ақпараттық мазмұн ретінде ұсынылмай, медианың техникалық, жанрлық және коммуникациялық ерекшеліктеріне бейімделіп отырғанын көрсетті. С. Хьярвардтың медиалану тұжырымдамасына сәйкес, әлеуметтік және мәдени институттар біртіндеп медиа логикасына бейімделеді, ал медиа қоғамдағы мәдени процестердің ұйымдасуына ықпал ететін маңызды институтқа айналады (Hjarvard, 2008). Бұл үдеріс қазақ той дәстүрінің қазіргі медиадағы берілуінен де байқалады.

Дәстүрлі баспасөзде қазақ тойы көбіне көлемді публицистикалық мақала, сараптамалық материал немесе сұхбат түрінде ұсынылады. Мұндай материалдарда авторлық пікір, тарихи түсіндіру, сарапшы көзқарасы және қоғамдық сын басым. Мысалы, Egemen Qazaqstan, Aqshamnews.kz және «Қазақ газеттері» материалдарында той дәстүрінің тарихи, тәрбиелік және әлеуметтік мәнін кеңінен түсіндіруге мүмкіндік беретін мәтіндік формат қолданылған. Бұл дәстүрлі медианың баяндау логикасына сәйкес келеді.

Ал цифрлық ортада той дәстүрі қысқа, визуалды және интерактивті форматқа бейімделеді. Instagram желісіндегі @qalamtarih парақшасының отау тойы мен алып қашу дәстүріне арналған бейнематериалдары ұлттық дәстүрді қысқа бейне арқылы таныстырады. Мұнда ақпаратты қабылдау мәтіндік түсіндіруден гөрі визуалды баяндау, қысқалық және аудиторияның реакциясына сүйенеді. Пайдаланушылардың пікір қалдыруы мен материалды қайта тарату мүмкіндігі дәстүр туралы ақпараттың біржақты берілуінен интерактивті коммуникацияға ауысқанын көрсетеді.

Бұл өзгеріс Н. Кудри мен А. Хепптің медиалану туралы тұжырымдарымен де сәйкес келеді. Авторлар қазіргі қоғамда медиа күнделікті әлеуметтік тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналып, адамдардың өзара әрекеттесу тәсілдерін өзгертетінін атап көрсетеді (Couldry, Hepp, 2013). Қазақ тойы жағдайында бұл құбылыс той рәсімдерінің фото және бейнетүсіріліммен сүйемелденуінен, әлеуметтік желілерде жариялануынан және дәстүр туралы арнайы цифрлық контенттің жасалуынан көрінеді.

Осылайша, mediatization тұрғысынан қазақ тойының трансформациясы оның мазмұнының ғана емес, оны көрсету және қабылдау формасының да өзгеруімен сипатталады. Дәстүр бұрын негізінен отбасы мен қауымдық ортада орындалатын мәдени тәжірибе болса, қазіргі уақытта ол медиалық оқиғаға да айналып отыр. Нәтижесінде қазақ тойы дәстүрлі әлеуметтік функцияларын сақтай отырып, цифрлық платформалардың визуалды, қысқа және интерактивті логикасына бейімделуде.

Representation теориясы бойынша қазақ той дәстүрінің медиадағы көрінісін талдау оның жай ғана шынайы мәдени тәжірибені бейнелеу емес, белгілі бір мағыналарды қайта өндіру үдерісі екенін көрсетті. С. Холлдың мәдени репрезентация теориясына сәйкес, медиа шындықты механикалық түрде көшірмейді, керісінше тіл, бейне және коммуникациялық тәжірибе арқылы оған белгілі бір мағына береді (Hall, 1997). Осы тұрғыдан қазақ тойы медиада әртүрлі мәдени мағыналармен толықтырылып, қайта интерпретацияланады.

Зерттеу материалдарында қазақ тойы бір ғана тұрақты бейнемен шектелмейді. Бір жағынан, ол халықтың тарихи жады, ұлттық өнері және мәдени сабақтастығының белгісі ретінде ұсынылады. С. Әліпбайдың «Той – халық қазынасы» және І. Байжановтың «Қазақтың тойы ұлттық брендке айналуы тиіс» мақалаларында той ұлттық мәдениеттің маңызды элементі ретінде репрезентацияланады. Мұндай репрезентацияда қазақ тойының құндылықтық және біріктіруші қызметі алдыңғы орынға шығады.

Екінші жағынан, медиада той қазіргі қоғамның әлеуметтік мәселелерімен байланыстырылады. С. Байқоңыровтың, Ұ. Есдәулеттің және «Қармақшы таңы» газетінің материалдарында той бәсекелестік, ысырапшылық және әлеуметтік қысыммен байланысты құбылыс ретінде көрсетіледі. Демек, бір мәдени тәжірибе медиада бір мезгілде әрі ұлттық құндылық, әрі сын нысаны ретінде репрезентациялана алады.

Үшінші қыры – тойдың экономикалық және коммерциялық мағынада ұсынылуы. Kazinform материалында той өткізу құны, банкет, асаба, музыкалық сүйемелдеу және фото-видео қызметтері қарастырылады. Бұл репрезентация қазақ тойын мәдени рәсім шеңберінен шығарып, оны қызмет көрсету нарығымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде көрсетеді. Ал Лаубаева А.-ның материалында сыйлық беру мен қалың малдың ақшалай сипатқа ауысуы арқылы дәстүрдің экономикалық мазмұнына назар аударылады.

Цифрлық медиада репрезентацияның сипаты одан әрі өзгереді. @qalamtarih парақша-

сындағы қысқа бейнематериалдар қазақтың отау тойы мен алып қашу дәстүрін визуалды және ықшам форматта көрсетеді. Бұл жағдайда дәстүр тек мәтін арқылы түсіндірілмей, визуалды образ, қысқа баяндау және цифрлық аудиторияның реакциясы арқылы жаңа мағына алады. Осылайша, цифрлық репрезентация дәстүрді кең аудиторияға қолжетімді еткенімен қатар, оның қабылдануын платформаның визуалды және интерактивті ерекшеліктерімен байланыстырады.

Жалпы, representation теориясы тұрғысынан алынған нәтижелер қазақ тойының медиада өзгеріссіз сақталатын мәдени нысан емес екенін көрсетеді. Оның мағынасы медианың түріне, журналистік жанрға, авторлық ұстанымға және коммуникациялық форматқа байланысты қайта құрылады. Сондықтан қазіргі медиада қазақ тойы бір мезгілде ұлттық мұра, әлеуметтік мәселе, экономикалық ресурс, ағартушылық нысан және ұлттық бірегейліктің символы ретінде көрініс табады. Бұл қазақ тойының медиада көпмағыналы мәдени феномен ретінде репрезентацияланатынын дәлелдейді.

Жүргізілген талдау бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиада қазақ той дәстүрінің бірыңғай емес, көпқырлы түрде репрезентацияланатынын көрсетті. Дәстүрлі баспасөз көбіне ұлттық мұра, ағартушылық және әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне басымдық берсе, цифрлық медиа тарихи-танымдық ақпаратты қысқа әрі интерактивті форматта таратуға бейім. Ал ақпараттық агенттіктер мен жаңалық сайттарында той көбіне экономикалық және әлеуметтік құбылыс ретінде ұсынылады. Бұл қазақ тойының қазіргі медиалық кеңістікте мәдени, әлеуметтік, экономикалық және коммуникациялық мағыналарды қатар қамтитын күрделі феноменге айналғанын дәлелдейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ той дәстүрінің қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиада біржақты емес, бірнеше мағыналық фреймдер арқылы репрезентацияланатынын көрсетті. “Egemen Qazaqstan”, “Kazinform”, “Abai.kz”, “Aqshamnews.kz”, “Әділет”, “Қазақ газеттері”, “Қармақшы таңы” басылымдарындағы жарияланымдар мен Instagram желісіндегі @qalamtarih парақшасының танымдық контентін сапалық контент-анализ және фреймдік талдау негізінде қарастыру қазақ тойының медиада ұлттық мұра, ағартушылық, әлеуметтік сын, экономикалық-коммерциялық және ұлттық бірегейлік бағыттарында ұсынылатынын анықтады.

Біріншіден, framing теориясы тұрғысынан алғанда, қазақ тойы медиада әртүрлі мағыналық фреймдер арқылы түсіндіріледі. Ұлттық мұра фреймінде той мәдени жады мен дәстүр сабақтастығының көрінісі ретінде сипатталса, ағартушылық фреймінде оның тарихи және тәрбиелік мәнін түсіндіруге басымдық беріледі. Әлеуметтік сын фреймі қазіргі той мәдениетіндегі ысырапшылдық, әлеуметтік бәсекелестік және несиеге той өткізу сияқты мәселелерді алдыңғы орынға шығарады. Экономикалық-коммерциялық фрейм тойды қызмет көрсету индустриясымен және қаржылық қатынастармен байланыстыра көрсетсе, ұлттық бірегейлік фреймі оның қазақ қоғамындағы мәдени коммуникация мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне мән береді. Осылайша, бір мәдени құбылыстың әртүрлі медиада әрқилы мағынада ұсынылуы оның қоғамдық қабылдануына ықпал ететінін байқауға болады.

Екіншіден, agenda-setting теориясы тұрғысынан медиада қазақ тойына қатысты белгілі бір тақырыптардың тұрақты түрде көтерілуі олардың қоғамдық маңызын айқындайды. Зерттеу материалдарында ұлттық дәстүрдің сақталуы, той мәдениетінің өзгеруі,

ысырапшылдық, әлеуметтік бәсекелестік, тойдың экономикалық сипаты және ұлттық бірегейлік мәселелерінің қатар қойылуы қазақ тойын тек отбасылық немесе этнографиялық құбылыс шеңберінен шығарып, қоғамдық талқылау нысанына айналдыратынын көрсетеді. Демек, медиа қазақ тойы туралы ақпарат беріп қана қоймай, оның қоғамда қандай мәселелері маңызды деп қабылданатынына да ықпал ететін күн тәртібін қалыптастырады.

Үшіншіден, mediatization теориясы қазақ тойының медиалық ортаға бейімделу үдерісін түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында дәстүрдің цифрлық платформаларда қысқа бейне, визуалды материал және интерактивті контент түрінде ұсынылатыны анықталды. @qalamtarih парақшасының отау тойы, алып қашу дәстүрі және басқа да рәсімдерге арналған танымдық материалдары дәстүрдің цифрлық коммуникация форматына бейімделуін көрсетеді. Бұл жағдайда той дәстүрі тек медиада көрсетілетін нысан емес, медианың техникалық және коммуникациялық логикасына сәйкес қайта ұсынылатын мәдени тәжірибеге айналады.

Төртіншіден, representation теориясы тұрғысынан қазақ тойының медиадағы бейнесі дәстүрдің дайын күйіндегі көшірмесі емес екені байқалады. Медиамәтіндер мен цифрлық контент арқылы тойға белгілі бір мәдени, әлеуметтік, экономикалық және ұлттық мағына беріледі. Яғни медиа қазақ тойының қандай қыры көрерменге немесе оқырманға ұсынылатынын іріктеп, оны белгілі бір контекст ішінде түсіндіреді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тойының медиалық репрезентациясы ұлттық мәдени кодтың қазіргі коммуникациялық кеңістікте қайта өндірілуінің бір формасы ретінде көрінеді.

Жалпы алғанда, төрт теорияны өзара байланыстыра қарастыру қазақ тойының медиадағы көрінісін кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді: agenda-setting оның қоғамдық күн тәртібіне шығуын, framing қандай мағынада ұсынылатынын, mediatization дәстүрдің медиа логикасына бейімделуін, ал representation оның медиада жаңа мәдени мағынамен қайта құрылуын түсіндіреді. Осы теориялық байланыс қазақ тойының қазіргі медиалық кеңістікте дәстүрлі мәдени мұра ғана емес, қоғамдық пікір, әлеуметтік талқылау, экономикалық қатынас және ұлттық бірегейлік мәселелері тоғысатын коммуникациялық феномен екенін көрсетеді.

Сонымен бірге зерттеу дәстүрлі және цифрлық медианың қазақ тойын ұсыну тәсілдерінде белгілі бір айырмашылық бар екенін көрсетті. Дәстүрлі басылымдарда ұлттық мұра, ағартушылық және әлеуметтік мәселелерге назар басым болса, цифрлық ортада дәстүрді визуалды, қысқа және интерактивті форматта ұсыну ерекшелігі байқалады. Ақпараттық агенттіктер мен интернет-порталдарда тойдың әлеуметтік және экономикалық қырлары да айқын көрінеді. Бұл айырмашылық қазақ тойының медиалық репрезентациясы платформаның коммуникациялық ерекшелігіне қарай өзгеретінін аңғартады. Осылайша, зерттеу мақсатына сәйкес қазақ той дәстүрінің қазіргі медиадағы репрезентациясының негізгі ерекшеліктері анықталды. Қазақ тойы медиада бір мезгілде мәдени мұра, ағартушылық нысан, әлеуметтік сын тақырыбы, экономикалық-коммерциялық құбылыс және ұлттық бірегейлікті білдіретін мәдени феномен ретінде ұсынылады. Оның медиадағы осындай көпқырлы көрінісі дәстүрдің қазіргі қоғамдағы қызметінің өзгеріп қана қоймай, коммуникациялық ортаға сәйкес жаңа мағыналармен толықтырылып отырғанын көрсетеді.

Зерттеудің эмпирикалық базасы шектеулі болғандықтан, алынған нәтижелер қазақ тойының барлық медиадағы репрезентациясын толық қамтиды деп тұжырымдауға

болмайды. Сондықтан алдағы зерттеулерде әлеуметтік желілердегі пайдаланушы жасаған контентті кеңірек қамту, TikTok және YouTube платформаларындағы контенттің таралу ерекшеліктерін қарастыру, сондай-ақ әртүрлі елдердің медиасындағы ұлттық дәстүрлердің репрезентациясын салыстырмалы түрде зерттеу өзекті бағыттар ретінде ұсынылады.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Авторлар зерттеу барысында мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді. Зерттеу арнайы қаржыландырусыз орындалды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Жумабеков Е. – хат-хабар авторы, әдебиеттерге шолу жасап, ғылыми-теориялық мәліметтерді сұрыптау, тақырыптың мақсат-міндетін айқындау, жалпы ғылыми аппаратты басқару.

Қуантайұлы Н. – ғылыми тұжырымдар мен деректерді жинастыру, әдебиеттерді іріктеу, негізгі бөлімнің материалдарын жазу және редакциялау.

Тоқтарбек С. – шетелдік авторлардың пікірлерін аудару, материалдарды өңдеу, редакциялау.

Әдебиеттер тізімі

Адамс, М. (2003) Рефлексивное «я» и культура: критика. British Journal of Sociology, 221–238-бб.

Aqshamnews.kz (2025) Қазақ тойларында қандай салт-дәстүр ұмытылып барады? Этнограф әңгімесі. 25 шілде.

Артықбаев, Ж. (2025) Қазақтың той мәдениеті және бірегейлік (identity). Abai.kz, 24 желтоқсан.

Әліпбай, С. (2020) Той – халық қазынасы. Egemen Qazaqstan, 28 ақпан.

Байжанов, І. (2024) Қазақтың тойы ұлттық брендке айналуы тиіс. Әділет газеті, 30 мамыр.

Байқоңыров, С. (2024) Той жарысты тоқтат, қазақ! Abai.kz, 3 маусым.

Барманқұлов, М. (1980) Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения, радиовещания: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Мәскеу, 370 б.

Couldry, N. and Hepp, A. (2013) Conceptualizing mediatization: Contexts, traditions, arguments. Communication Theory, 23(3), pp. 191–202. doi: https://doi.org/10.1111/comt.12019

Entman, R.M. (1993) Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. Journal of Communication, 43(4), pp. 51–58. doi: https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x

Есдәулет, Ұ. (2020) Той туралы ой. Egemen Qazaqstan, 24 тамыз.

Жандарбек, З. (2003) Тарих не дейді, ал Ескендір не дейді? Түркістан, 29 қаңтар, № 2, 6-б.

Hall, S. (1997) Representation: Cultural representations and signifying practices. London: Sage Publications.

Hjarvard, S. (2008) The mediatization of society: A theory of the media as agents of social and cultural change. Nordicom Review, 29(2), pp. 105–134.

Қазақтың тойы қалай өтеді? (2016) Қазақ газеттері, 2 қыркүйек.

Кенжеахмет, С. (1994) Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Ана тілі, 114 б.

Қожакеев, Т. (1976) Сатиралық жанрлар. Алматы: Санат, 215 б.

Лаубаева, А. (2025) Той эволюциясы: Қазақтың тойы қалай өзгеріп жатыр? 4 тамыз.

McCombs, M.E. and Shaw, D.L. (1972) The agenda-setting function of mass media. Public Opinion Quarterly, 36(2), pp. 176–187. doi: https://doi.org/10.1086/267990

Мкртчян, Т.Ю. (2004) Политическое интервью как жанр дискурса СМИ. Вестник медиаисследований, 17, 15–22-бб.

Olcott, M.B. (1987) The Kazakhs. Stanford: Hoover Institution Press, 341 p.

Омашев, Н. (2005) Радиожурналистика: оқулық. Алматы: Экономика, 3-б.

Оразбекова, К. (2007) Салт-дәстүр – ұлт қазынасы, ата-баба сара жолы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары, 2, 154–170-бб.

Поляков, А. (2026) Сколько стоит организовать той в разных городах Казахстана. Kazinform, 5 шілде. Available at: https://www.inform.kz/ru/skolko-stoit-organizovat-toy-v-raznih-gorodah-kazahstana-f2025399 (қаралған күні: 15 қазан 2026).

Qalam Tarih (2025a) Алып қашу дәстүрі туралы танымдық бейнематериал. Instagram. Available at: https://www.instagram.com/qalamtarih/ (қаралған күні: 15 қазан 2026).

Qalam Tarih (2025b) Қазақта отау тойы қалай болған? Instagram. Available at: https://www.instagram.com/qalamtarih/ (қаралған күні: 15 қазан 2026).

Сақ, Қ. (2014) Алаш көсемсөзі: ұлттық идея. Астана: ЕҰУ баспасы, 135 б.

Табылдиев, Ә. (1992) Халық тағылымы. Алматы: Қазақ университеті.

Той туралы ой (2022) Қармақшы таңы, 12 сәуір.

Е. Жумабеков*[1], Н. Куантаев[2], С. Токтарбек[3]

Репрезентация казахской той-традиции в средствах массовой коммуникации

*[*1] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*
[2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
[3] Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается репрезентация казахской той-традиции в средствах массовой информации и цифровых медиа с позиций журналистики и медиаведения. Цель исследования – определить особенности освещения казахского тоя в печати, информационных агентствах, интернет-порталах и социальных сетях, а также выявить основные смысловые рамки его представления в публичном дискурсе.

Теоретическую основу составили концепции agenda-setting, framing, mediatization и representation. Эмпирическую базу образуют публикации Egemen Qazaqstan, Kazinform, Abai.kz, Aqshamnews.kz, Әділет, Қазақ газеттері, Қармақшы таңы и познавательный контент Instagram-страницы @qalamtarih.

На основе качественного контент-анализа и фрейм-анализа установлено, что казахский той репрезентируется в медиа через фреймы национального наследия, просвещения, социальной критики, экономико-коммерческого измерения и национальной идентичности. Результаты показывают, что казахский той в современной медиасреде

выступает не только этнографическим объектом, но и коммуникационным феноменом, формирующим общественное мнение, воспроизводящим культурный код и получающим новые значения в цифровом пространстве. Практическая значимость исследования заключается в возможности использования полученных результатов при разработке медиаконтента, посвящённого национальной культуре, при фреймовом анализе журналистских материалов, а также при представлении казахских традиций на цифровых платформах в познавательном и современном формате.

Ключевые слова: журналистика, медиаведение, казахский той, репрезентация, фрейминг, цифровые медиа, национальная идентичность.

Y. Zhumabekov[1]* , N. Kuantayev[2], S. Tokhtarbek[3]

[1] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2] L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3] Abai University, Almaty, Kazakhstan

Representation of Kazakh Party Traditions in Mass Media and Digital Media

Abstract. This article examines the representation of Kazakh toy traditions in mass media and digital media from the perspective of journalism and media studies. The purpose of the study is to identify how Kazakh toy traditions are presented in the press, news agencies, online media and social networks, and to reveal the dominant meaning structures of this representation in public discourse.

The theoretical framework is based on agenda-setting, framing, mediatization and representation theories. The empirical material includes publications from Egemen Qazaqstan, Kazinform, Abai.kz, Aqshamnews.kz, Adilet, Kazakh gazetteri, Karmakshy tany, and educational content from the Instagram page @qalamtarih. Using qualitative content analysis and frame analysis, the study identifies several key frames: national heritage, educational interpretation, social criticism, economic/commercial framing and national identity.

The findings demonstrate that Kazakh toy traditions in contemporary media are not only an ethnographic object but also a communicative phenomenon that reproduces national cultural codes, shapes public opinion and acquires new meanings in the digital environment. The practical significance of the study lies in the possibility of using the findings in developing media content related to national culture, conducting frame-based analysis of journalistic materials, and presenting Kazakh traditions on digital platforms in an educational and contemporary format.

Keywords: journalism, media studies, Kazakh party, representation, framing, digital media, national identity

References

Adams, M. (2003) 'The reflexive self and culture: A critique', British Journal of Sociology, pp. 221–238.

Alipbai, S. (2020) 'Toi – halyq qazynasy' [Toy is the treasure of the people], Egemen Qazaqstan, 28 February. [in Kazakh].

Aqshamnews.kz (2025) 'Qazaq toiylarynda qandai salt-dastur umytylyp barady? Etnograf

angimesi' [Which traditions are being forgotten at Kazakh celebrations? An ethnographer's account], 25 July. [in Kazakh].

Artykbayev, Zh. (2025) 'Qazaqtyn toi madenieti zhane biregeilik (identity)' [Kazakh toy culture and identity], Abai.kz, 24 December. [in Kazakh].

Baikonurov, S. (2024) 'Toi zharysty toqtat, qazaq!' [Stop competing in toy, Kazakh!], Abai.kz, 3 June. [in Kazakh].

Baizhanov, I. (2024) 'Qazaqtyn toiy ulttyq brendke ainaluy tiis' [The Kazakh toy should become a national brand], Adilet gazeti, 30 May. [in Kazakh].

Barmankulov, M. (1980) Obshchnost i spetsifika dokumentalnykh zhanrov pechati, televideniya, radioveshchaniya [Commonality and specificity of documentary genres in the press, television and radio]. Doctoral dissertation. Moscow, 370 p. [in Russian].

Couldry, N. and Hepp, A. (2013) 'Conceptualizing mediatization: Contexts, traditions, arguments', Communication Theory, 23(3), pp. 191–202. doi: https://doi.org/10.1111/comt.12019

Entman, R.M. (1993) 'Framing: Toward clarification of a fractured paradigm', Journal of Communication, 43(4), pp. 51–58. doi: https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x

Esdaulet, U. (2020) 'Toi turaly oi' [Thoughts about toy], Egemen Qazaqstan, 24 August. [in Kazakh].

Hall, S. (1997) Representation: Cultural representations and signifying practices. London: Sage Publications.

Hjarvard, S. (2008) 'The mediatization of society: A theory of the media as agents of social and cultural change', Nordicom Review, 29(2), pp. 105–134.

Kazakhtyn toiy qalai otedi? [How is a Kazakh toy held?] (2016) Kazakh gazetteri, 2 September. [in Kazakh].

Kenzheakhmet, S. (1994) Qazaqtyn salt-dasturleri men adet-guryptary [Kazakh traditions and customs]. Almaty: Ana tili, 114 p. [in Kazakh].

Kozhakeev, T. (1976) Satiralyq zhanrlar [Satirical genres]. Almaty: Sanat, 215 p. [in Kazakh].

Laubayeva, A. (2025) 'Toi evolyutsiyasy: Qazaqtyn toiy qalai ozgerip zhatyr?' [Toy evolution: How is the Kazakh toy changing?], 4 August. [in Kazakh].

McCombs, M.E. and Shaw, D.L. (1972) 'The agenda-setting function of mass media', Public Opinion Quarterly, 36(2), pp. 176–187. doi: https://doi.org/10.1086/267990

Mkrtchyan, T.Yu. (2004) 'Politicheskoe interv'yu kak zhanr diskursa SMI' [The political interview as a genre of media discourse], Vestnik mediaissledovaniy, 17, pp. 15–22. [in Russian].

Olcott, M.B. (1987) The Kazakhs. Stanford: Hoover Institution Press, 341 p.

Omashev, N. (2005) Radiozhurnalistika: oqulyq [Radio journalism: Textbook]. Almaty: Ekonomika, p. 3. [in Kazakh].

Orazbekova, K. (2007) 'Salt-dastur – ult qazynasy, ata-baba sara zholy' [Tradition is the nation's treasure and the ancestral path], Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2, pp. 154–170. [in Kazakh].

Polyakov, A. (2026) 'Skol'ko stoit organizovat' toy v raznykh gorodakh Kazakhstana' [How much does it cost to organise a toy in different cities of Kazakhstan?], Kazinform, 5 July. Available at: https://www.inform.kz/ru/skolko-stoit-organizovat-toy-v-raznih-gorodah-kazahstana-f2025399 (Accessed: 15 October 2026). [in Russian].

Qalam Tarih (2025a) 'Alyp qashu dasturi turaly tanymdyq beinematerial' [Educational video about the alyp qashu tradition], Instagram. Available at: https://www.instagram.com/qalamtarih/ (Accessed: 15 October 2026). [in Kazakh].

Qalam Tarih (2025b) 'Qazaqta otau toiy qalai bolgan?' [How was the otau toy celebrated among Kazakhs?], Instagram. Available at: https://www.instagram.com/qalamtarih/ (Accessed: 15 October 2026). [in Kazakh].

Sak, Q. (2014) Alash kosemsozi: ulttyq idea [Alash journalism: The national idea]. Astana: ENU Publishing House, 135 p. [in Kazakh].

Tabyldiev, A. (1992) Halyq tagylymy [Folk wisdom]. Almaty: Kazakh University. [in Kazakh].

Toi turaly oi [Thoughts about toy] (2022) Karmakshy tany, 12 April. [in Kazakh].

Zhandarbek, Z. (2003) 'Tarih ne deidi, al Eskendir ne deidi?' [What does history say, and what does Eskendir say?], Turkistan, 29 January, 2, p. 6. [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет

Жумабеков Е. – хат-хабар авторы, PhD, аға оқытушы, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Қуантаев Н. – филология ғылымдарының кандидаты, журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 13, 010008, Астана, Қазақстан.

Тоқтарбек С. – магистр, аға оқытушы, қытай тілі және қытай тану кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғылы, 13, 050010, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах

Жумабеков Е. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель кафедры печати и электронных СМИ Казахского национального университета им. аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Куантаев Н. – кандидат филологических наук, директор Высшей школы журналистики и социальных наук Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, улица Кажымукана, 13, 010008, Астана, Казахстан.

Токтарбек С. – магистр, старший преподаватель кафедры китайского языка и китаеведения Казахского национального педагогического университета им. Абая, проспект Достык, 13, 050010, Алматы, Казахстан.

Information about the authors

Zhumabekov E. – corresponding author, PhD, Senior Lecturer, Department of Printing and Electronic Mass Media, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan.

Kuantayev N. – PhD in Philology, Director of the Graduate School of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazymuqan Street, 13, 010008, Astana, Kazakhstan.

Toktarbek S. – Master of Science, Senior Lecturer, Department of Chinese Language and Sinology, Abay Kazakh National Pedagogical University, Dostyk Avenue, 13, 050010, Almaty, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ/ СМИ И ОБЩЕСТВО / MEDIA AND SOCIETY

ХҒТАР 19.01.11
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-64-82

Жасанды интеллект жүйелеріндегі қазақ тілі: мәдени контекст және цифрлық даму мәселелері

Ұ.М. Есенбекова*[1], Н.Д. Стамбекова[2], Ы.Д. Егембердиев[3]

[1,2]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

*(E-mail: [1]*ultmudde@mail.ru, [2]nazymstambekova@gmail.com, [3]iskak_khabar@mail.ru)*

Аңдатпа. Зерттеу мақаласында жасанды интеллект жүйелерінің қазақ тілі мен ұлт мәдениетін дамытуға ықпалы талданды. Қазақ тіліндегі ЖИ жүйелерінің грамматикалық, семантикалық және мәдени сапасына баға берілді. Сауалнама, салыстырмалы аударма және мәтіндік талдау нәтижелері ЖИ жүйелерінде қазақ тіліндегі деректер қорының жеткіліксіздігін көрсетті. Қарастырылған аудармаларда тілдік сәйкессіздіктер мен мәдени контекстің ішінара жоғалуы байқалды.

Методологиялық тұрғыда зерттеу жұмысы Стиг Хьярвард (Stig Hjarvard) пен Андреас Хепптің (Andreas Hepp) медиатизация, Элиху Кац (Elihu Katz) және Джей Блумлердің (Jay G. Blumler) пайдалану, қанағаттану теорияларына сүйенеді. Аталған теориялар ЖИ жүйелерін қазіргі медиамәдени кеңістіктің маңызды бөлігі ретінде қарастырып, тілдің цифрлық ортадағы рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді. Қанағаттану теориясы ЖИ технологияларының қоғамдық ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырудағы орнын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері негізінде авторлар қазақ тілін цифрлық ортада дамыту үшін ұлттық тіл корпустарын кеңейтуді, IT және лингвистика салаларының өзара байланысын нығайтуды, білім беру жүйесінде цифрлық тіл мәдениеті пәндерін енгізуді ұсынады. Бұл бағыттар жүзеге асқан жағдайда қазақ тілі тек ұлттық мұра емес, сонымен қатар заманауи технологияларда дамитын, бәсекеге қабілетті тілге айналатыны туралы тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, машина аудармасы, тіл корпусы, мәдени контекст, медиатизация.

Кіріспе

Цифрлық орта жасанды интеллект жүйелерінің қоғамдық қарым-қатынастарға еркін енуіне ыңғайлы ережелер жасауда. Адамзаттың жаңа технологияны ойлап тауып, игеріп, игілігін көруі қуантарлық жағдай. Бірақ цифрлық технология мен жасанды интеллектің

Түсті: 4.09.2026; Мақұлданды: 26.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы үшін**

қарқынды дамуына бейімделу де үлкен проблемалар туғызуда. Жаһанды өзгертіп жатқан технологиядан Қазақстанның қалыс қалмайтыны анық. Ел алдында тұрған мақсат – тіліміздің цифрлық кеңістікте өркендету болып отыр.

Мемлекет басшысы да озық технологияларды қазақ тілінде сөйлетуді стратегиялық міндет етіп қойды. Өйткені жасанды интеллект жүйелері мемлекеттік басқару мен экономикалық өсімге, ғылым, білім мен мәдени дамуға ықпал етуде. Тіл мен мәдениеттің дамуына ЖИ құралдары үлкен серпін беріп отыр. Аударма жасауға, шығармашылыққа, мәтін жазуға, тіл үйренуге жаңа технология зор мүмкіндік ұсынуда. Бұл құбылысты медиатизация теориясының аясында да қарастырған жөн. Себебі медиа мен технология тілдің қолданысын, формасын өзгеріске ұшыратады. Ал қазақ тілінің болмысы мен қалпын бұзбай, сақтап қалуына осы технология көмектесе ала ма? Бұл жерде ғылыми, тәжірибелік түйткілдердің туындайтыны сөзсіз.

Жасанды интеллект ұғымын да, бағдарламалық құралдарын да 1950 жылдары алғаш рет американдық ғалымдар ойлап тауып, жасап шығарған. Бастапқыда бұл технология батыс елдерінде дамып, ағылшын тілі негізінде жасалды. Сондықтан аймақтық тілдерді бағдарламаға енгізу бірқатар мәселелер туындатып келеді. Оның үстіне жасанды интеллект ең алдымен тілдік деректерге сүйенеді. Белгілі бір тілде жеткілікті дерек болмаса, ол тіл жасанды интеллект жүйелерінде толық бейнеленбейді. Аз қолданылатын тілдерде дерек шағын болғандықтан, бұл тілдердегі аударма да, мәтін де сапасыз болады.

Бүгінгі цифрлық технологиядағы ілгерілеушіліктің ана тіліміз бен төл мәдениетіміздің дамуындағы іркілістерге әкелетін тұстары да бар. ChatGPT, Google Translate, DeepL сияқты тілдік модельдер мен аударма жүйелері адамдардың қарым-қатынасын жеңілдетері анық. Бірақ қазақ тілінің терең мағынасын ұғыну, түсіндіру, аудару ЖИ-дің қолынан келмеуі мүмкін. Бұндай кемшіліктер Google Translate аудармаларында жиі байқалады. Егер бұндай үдерістерді бақылаусыз жіберсек, бай, көркем әдеби тіліміздің жұтаңдатып, технология тіліне айналдырып жіберу қаупі туындайды. Оның салдары онсыз да мемлекеттік тілді дамытып, қолданысын кеңейте алмай отырған ұлт үшін үлкен соққы екені рас (Qazcorpora, 2025).

Ян Лекун өзінің How the Machine Learns атты еңбегінде машиналық оқыту жүйелерінің адам миының жұмыс принципіне ұқсастығын айтады. Оның пікірінше, жасанды интеллект тіл мен ақпаратты талдауда үлкен жетістікке жеткенімен, мағыналық және мәдени контексті түсінуде әлі де шектеулі. Сондықтан адам жаңа тілді қалай меңгерсе, ЖИ жүйелеріне де қазақ тіліндегі деректер базасын ауқымды түрде енгізіп, тілдің грамматикалық және семантикалық ерекшеліктерін қамтып, ереже-заңдылықтарға бейімдеу қажет. Бұл бағытта отандық IT мамандары мен тіл мамандарының бірлескен жұмысы қажет (LeCun, 2023).

Осы зерттеу жұмысында жасанды интеллектің қазақ тілі мен мәдениетке ықпалы тек теориялық тұрғыда емес, тәжірибелік әдістер арқылы да талданды. Зерттеуде ЖИ жүйелеріндегі қазақ тілінің қолданылу сапасын анықтау үшін бірқатар тәжірибелер жүргізілді. Атап айтқанда:

- әртүрлі ЖИ құралдарының аударма сапасы салыстырылып, дәлдігі талданды (қазақша – орысша – қазақша мәтін аудармаларын сарапқа салу);

- морфологиялық талдау жүргізілді (ЖИ жүйелерінің қазақ тілінің грамматикасын дұрыс түсінуі тексеріледі);

- көркем әдебиеттің мағынасын тексеру (көркем әдебиеттен үзінді жазылып, ЖИ-дің түсіну деңгейі бағаланады).

Осындай тәжірибелер зерттеудің ғылыми негізін нақты мысалдармен толықтырып, негізгі проблемаларды айқын көрсетіп берді.

Жасанды интеллектің қазақ тілі мен ұлттық мәдениетке ықпалы сауалнама жүргізу арқылы сарапталды. Сауалнама көмегімен қоғамның жасанды интеллектке деген көзқарасын, қазақ тіліндегі ЖИ жүйелерін пайдалану деңгейі мен олардың сапасы талданды. Сауалнама нәтижелері қазақ тілін цифрлық ортада дамытуға кедергі болып тұрған негізгі мәселелерді айқындап, оларды шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді. Сауалнамаға студенттер, оқытушылар, IT және филология мамандары, сондай-ақ ЖИ құралдарын күнделікті қолданатын пайдаланушылар қатысты. Сұрақтар қазақ тіліндегі жасанды интеллект жүйелерінің қолданысын, аударма сапасы мен мәдени ұғымдарды жеткізу дәлдігін қамтыды. Әлеуметтік сауалнама тәсілі зерттеудің ғылыми өзегін нақты деректермен толықтырып, теориялық тұжырымдарды тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект жүйелеріндегі қазақ тілінің сапасын арттыру тек технологиялық емес, ұлттық деңгейдегі маңызды міндет. Тілдің цифрлық ортада белсенді, ауқымды және дұрыс қолданылуы оның өміршеңдігін арттырады. Қазақ тілі заманауи жүйелерге толық бейімделмесе, болашақ ұрпақтың ана тілінде ақпарат іздеу, оқу немесе жазу мүмкіндігі шектеледі. Қазақ тілін цифрлық кеңістікке дұрыс енгізу – елдің мәдени тұтастығы мен тілдік тәуелсіздігін қамтамасыз етудің бірден бір кепілі. Бұл бағытта мемлекеттік қолдаумен арнайы тілдік деректер базасын құру, қазақ тіліндегі қолданбаларды көбейту және білім беру саласында цифрлық сауаттылықты арттыру маңызды.

Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект жүйелерін тіл мен мәдениетті дамыту саласында қолдану мүмкіндіктері мен проблемаларын талдау және оларды шешу жолдарын ұсыну. Зерттеу нысаны – ЖИ-дің тіл мен мәдениетке ықпалы, ЖИ технологияларын қолдану барысында туындайтын, тілдік, мәдени, этикалық мәселелер.

ЖИ технологиялары бұқаралық коммуникация құралдарын түбегейлі өзгерте бастады. Бүгінде ақпараттық порталдар, жаңалық тарататын агенттіктер мәтіндерін, тақырыптарын, тіпті қысқаша шолуларды ЖИ құралдарымен дайындайды. Бұндай жағдайда тілдің дұрыс қолданылуы, стильдің бірізділігі мен мағыналық нақтылық ерекше маңызға ие. Себебі жасанды интеллектің тілдік қателері мен сапасыз аудармалары ақпараттың бұрмалануына, ана тілдің дамуының тежелуіне әкелері анық. Бұл оқырмандардың білімін көтеріп, сауатын арттыруы тиіс медиа құралдардың халыққа кері әсерін күшейтеді.

Әдебиетке шолу

Жасанды интеллект жүйелерінің тіл мен мәдениетке ықпалын зерттеу қазіргі медиакоммуникация, цифрлық лингвистика және машина этикасы салаларындағы маңызды ғылыми бағыттардың біріне айналды. Бұл, әсіресе, цифрлық ортада дерек қоры шектеулі, морфологиялық құрылымы күрделі және мәдени-тілдік контексті терең тілдер үшін өзекті. Қазақ тілі дәл осындай тілдердің қатарына жатады. ЖИ жүйелеріндегі қазақ тілінің сапасын талдауды тек технологиялық мәселе емес, ұлттық тілдің цифрлық өміршеңдігі мен мәдени тұтастығын сақтауға байланысты ғылыми проблема ретінде қарастыру керек.

Бұл зерттеудің теориялық негізін медиатизация теориясы, пайдалану мен қанағаттану теориясы құрайды. С. Хьярвард медиатизацияны қоғам мен мәдениеттің медиа логикасына тәуелді болу үдерісі түрінде сипаттайды. Оның тұжырымы

бойынша, медиа тек ақпарат жеткізуші құрал емес, әлеуметтік институттардың, мәдени тәжірибелердің және күнделікті коммуникацияның құрылымын өзгертетін күшке айналуда. А. Хепп медиатизацияны мәдени өзгерістермен байланыстырып, қазіргі қоғамдағы коммуникациялық тәжірибелердің технологиялық жүйелер арқылы қайта қалыптасатынын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, ЖИ жүйелері қазіргі медиатизацияның жаңа кезеңін айқындайды. Өйткені олар мәтінді таратып қана қоймай, оны автоматты түрде өңдейді, ықшамдайды, аударады және қайта құрастырады (Hjarvard, 2013; Hepp, 2013; Naveen, 2024).

Пайдалану мен қанағаттану теориясы да жасанды интеллект құралдарын түсіндіруде маңызды. Э. Кац, Дж. Блумлер және М. Гуревич аудиторияның медиа құралдарды белгілі бір ақпараттық, танымдық және практикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланатынын дәлелдеген. Қазіргі жағдайда ChatGPT, Google Translate, DeepL және басқа да ЖИ жүйелерін пайдаланушылар жылдам аударма жасау, мәтін жазу, тіл үйрену және шығармашылық контент дайындау үшін қолдануда. Бұл жерде басты мәселе – қолжетімділік пен сапаның арақатынасына келіп тіреледі. ЖИ құралы мәтінді жылдам ұсынғанымен, оның грамматикалық дұрыстығы, мағыналық дәлдігі және мәдени контексті жеткізу қабілеті әрдайым жоғары бола бермейді (Katz et al., 1973).

Халықаралық зерттеулерде жасанды интеллект жүйелерінің көптілді ортадағы мүмкіндіктері мен шектеулері кеңінен талқылануда. ЮНЕСКО генеративті жасанды интеллекті білім мен зерттеу саласында қолдану кезінде адамға бағытталған қағидаттарды, мәдени әртүрлілікті және тілдік инклюзияны сақтаудың маңызын атап өтеді. Бұл тұжырым қазақ тілінің цифрлық ортадағы болашағына да тікелей қатысты. Өйткені тілдік әртүрлілік ескерілмеген жағдайда ЖИ жүйелері ірі тілдердің құрылымын басым көрсетіп, шағын әрі дерек қоры шектеулі тілдердің ерекшеліктерін толық қамтымауы мүмкін (Miao & Holmes, 2023).

Машина аудармасы мен көптілді модельдерге арналған соңғы зерттеулер де осы мәселені растайды. W. Zhu және әріптестері ірі тілдік модельдердің көптілді аудармада үлкен әлеуеті бар екенін көрсеткенімен, төмен ресурсты тілдерде олардың нәтижесі тұрақты емес екенін атап өтеді. Машина аудармасындағы басты қиындықтардың бірі – контексті, көпмағыналы сөздерді, идиомаларды, мәдени реңктерді және салалық терминдерді дәл жеткізу. Бұл қазақ тілі үшін ерекше маңызды. Себебі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, көркем мәтіндер мен ұлттық ұғымдар сөзбе-сөз аударма арқылы толық ашылмайды. Ұсынылған зерттеу жұмысы да осы проблеманы нақты мысалдармен ашып берді (Zhu et al., 2024; Russell, & Norvig, 2021).

Қазақ тілін табиғи тілді өңдеу жүйелеріне енгізу бағытында соңғы жылдары бірқатар маңызды зерттеулер жүргізілді. Қазақ тілінің ұлттық корпусы мен оның субкорпустары қазақ тіліндегі мәтіндерді жинақтау, жүйелеу, аннотациялау және ғылыми талдау үшін маңызды база қалыптастыра бастады. Бұндай корпустар тілдің сөздік қорын, грамматикалық құрылымын, стильдік ерекшеліктерін және нақты қолданыстағы мағыналық реңктерін зерттеуге көмектеседі. ЖИ жүйелерінің сапасы оқытуға берілетін деректердің көлемі мен сапасына тәуелді болғандықтан, ұлттық тіл корпустарын кеңейту қазақ тіліндегі жасанды интеллект жүйелерін дамытудағы негізгі шарттардың біріне айналды.

Қазақ тіліндегі арнайы ЖИ модельдері мен деректер жиынтықтары да қалыптасып келеді. Мысалы, Small Kazakh Language Corpus жобасы қазақ тіліндегі мәтіндерді жинақтап, көптілді NLP жүйелерінің тиімділігін арттыруды мақсат етеді. Astana IT

University мен Назарбаев университетінің ғалымдарының бірлескен зерттеуі тілге бейімделген корпус арқылы XLM-RoBERTa сияқты көптілді модельдердің нәтижесін жақсартуға болатынын көрсетті. Ал KazQAD деректер жиынтығы қазақ тіліндегі ашық доменді сұрақ-жауап жүйелерін дамытуға бағытталған. KazMMLU деректер жиынтығы қазақ, орыс және Қазақстанға қатысты аймақтық білім бойынша тілдік модельдерді бағалауға арналған. Бұл жұмыстар қазақ тіліндегі ЖИ жүйелерін тек аударма құралы ретінде емес, білім, мәдениет, мемлекеттік басқару және қоғамдық коммуникация салаларында қолдануға болатын кешенді технология ретінде дамытуға жол ашады (Togmanov et al., 2025; Yessenbekova et al., 2024).

Назарбаев университетінде іске асырылған ISSAI KAZ-LLM жобасы Қазақстанның ұлттық тілдік моделін қалыптастыру бағытындағы маңызды қадам ретінде бағаланады. Бұл модель қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде контент генерациялауға бейімделген. Және Қазақстанның көптілді, көпмәдениетті жағдайын ескереді. Бұндай ұлттық модельдердің пайда болуы қазақ тілінің ЖИ жүйелеріндегі қолданысын күшейткенімен, оларды тұрақты дамыту, деректерді жаңарту, мәдени контексті тереңдету және тіл мамандарының сараптамасын енгізу әлі де өзекті болып қалуда (Tleubayeva et al., 2025; Borisov et al., 2025).

Қазақ тілінің морфологиялық ерекшеліктері де ЖИ жүйелерін дамытуда маңызды фактор саналады. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, бір сөздің құрамында бірнеше морфема, септік, көптік, тәуелдік, шақ және жақ көрсеткіштері қатар беріледі. Сондықтан автоматты морфологиялық талдау, сөздерді дұрыс бөлу, лемматизация және грамматикалық мағынаны анықтау күрделі міндет болып қалуда. Қазақ тіліндегі мәтінді автоматты түзетуге арналған гибридті ЖИ архитектуралары туралы зерттеулер ережеге негізделген әдістер мен нейрондық модельдерді ұштастырудың тиімді екенін көрсетеді. Бұл бағыт қазақ тіліндегі грамматикалық қателерді азайту, машина аудармасын жақсарту және мәтін сапасын арттыру үшін маңызды (Yeshpanov et al., 2023).

Осы әдебиеттерді талдау негізінде бірнеше ғылыми қорытынды жасауға болады. Біріншіден, жасанды интеллект жүйелері тілдік коммуникацияны жылдамдатып, мәтін жасау мен аударманы жеңілдетеді. Екіншіден, қазақ тілі сияқты қолданушысы аз, дерек қоры шектеулі тілдерде ЖИ жүйелерінің сапасы ұлттық корпустардың көлеміне, аннотация сапасына және мәдени деректердің қамтылуына тікелей байланысты. Үшіншіден, қазіргі зерттеулердің басым бөлігі техникалық модельдер мен деректер жиынтықтарына бағытталған. Әдебиетке шолуда қарастырылған еңбектер бойынша қазақ тіліндегі автоматты аударманың редакциялық сапасы мен мәдени ерекшеліктердің сақталуын өзара байланыстыра талдау қажеттігі байқалады. Авторлардың мақсаты – пайдаланушылар пікірлерін нақты аударма мысалдарымен ұштастырып, редакторлық тексеруді қажет ететін тұстарды көрсету болды.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу әдістемесі сапалық және сандық тәсілдерді ұштастырған аралас әдіске негізделді. Бұндай әдіс жасанды интеллект жүйелеріндегі қазақ тілінің қолданылу сапасын тек теориялық тұрғыдан емес, нақты тәжірибелік материалдар мен пайдаланушылардың пікірлері арқылы кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу дизайны үш негізгі бағыттан тұрады. Біріншіден, қазақ тіліндегі жасанды интеллект жүйелерін қолдану тәжірибесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді; екіншіден, машина аудармасының сапасын бағалау үшін салыстырмалы аударма талдауы

жасалды; үшіншіден, қазақ тіліндегі көркем және ақпараттық мәтіндердің жасанды интеллект жүйелері арқылы өңделу сапасы мәтіндік, семантикалық және мәдени талдау әдістері арқылы сарапталды.

Зерттеу барысында дерек жинаудың негізгі құралдарының бірі ретінде онлайн сауалнама қолданылды. Сауалнама 2025 жылдың қазан айында Google Forms платформасы арқылы жүргізілді. Респонденттер мақсатты іріктеу әдісімен таңдалды. Сауалнамаға тіл, медиа, білім беру және ақпараттық технология саласына қатысы бар студенттер, оқытушылар, журналистер, редакторлар мен IT саласының мамандары, сондай-ақ жасанды интеллект құралдарын күнделікті қолданатын пайдаланушылар тартылды.

Сауалнама сұрақтары бірнеше тақырыптық блокқа бөлінді. Бірінші блокта респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары мен тілдік профилі анықталды. Екінші блокта жасанды интеллект жүйелерін қолдану жиілігі мен қолдану мақсаты қарастырылды. Үшінші блок қазақ тіліндегі жасанды интеллект құралдарының сапасын бағалауға арналды. Бұл бөлімде респонденттер аударма сапасы, грамматикалық дұрыстық, мағыналық дәлдік және мәдени контекстің сақталуы сияқты өлшемдер бойынша өз тәжірибесін көрсетті. Төртінші блокта қазақ тілін цифрлық ортада дамыту үшін қажетті ұсыныстар мен шешу жолдары жинақталды.

Сандық деректер сипаттамалық статистика әдісі арқылы өңделді. Респонденттердің жауаптары пайыздық көрсеткіштер арқылы жүйеленіп, жасанды интеллект құралдарын қолдану жиілігі мен қолдану мақсаты, қазақ тілінің сапасын арттыруға қатысты ұсыныстары талданды. Бұл әдіс қазақ тіліндегі ЖИ жүйелеріне қатысты негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің екінші кезеңінде салыстырмалы аударма талдауы жүргізілді. Бұл әдіс жасанды интеллект жүйелерінің қазақ тіліндегі грамматикалық, семантикалық және стильдік сапасын бағалау үшін қолданылды. Талдау барысында орыс тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен орыс тіліне аударылған мәтіндер салыстырылды. Аударма сапасын бағалау үшін ChatGPT 4 және Google Translate жүйелерінің нәтижелері қарастырылды. Бұл құралдар таңдалуының себебі – олардың көпшілік арасында кең таралуы және күнделікті аударма, мәтін жазу, ақпарат іздеу тәжірибесінде жиі қолданылуы болды.

Бұл жерде ChatGPT – үлкен тілдік модельге негізделген генеративті жүйе, ал Google Translate – машина аудармасына арналған сервис. Бұл зерттеуде олардың технологиялық құрылымы емес, бірдей мәтіндерді аудару нәтижелері салыстырылды. Аударма тәжірибесі 2025 жылдың 10-шы желтоқсанында жүргізілді. OpenAI әзірлеген ChatGPT 4 және Google Translate веб-сервисі пайдаланылды; қолжетімділік күні 2025 жылдың 10-шы желтоқсаны. ChatGPT-ге берілген нұсқаулық: «Мына мәтінді қазақшаға аудар». Әр мәтін бойынша алынған 2 жауап талданды. Талдауға бір жаңалық сөйлемі мен Абайдың он сегізінші қара сөзінен бір үзінді алынды. Екі жүйеден барлығы төрт аударма қарастырылды. Бұл материалдар жекелеген қателерді сипаттауға мүмкіндік береді, бірақ жүйелердің жалпы сапасын бағалауға жеткіліксіз.

Аударма мәтіндері бірнеше өлшем бойынша талданды. Біріншіден, грамматикалық дұрыстық бағаланды, яғни септік жалғауларының дұрыс қолданылуы, сөйлем құрылымы, сөздердің байланысуы және синтаксистік үйлесімділігі қарастырылды. Екіншіден, семантикалық дәлдік тексерілді, түпнұсқа мәтіндегі негізгі мағына аудармада қаншалықты сақталғаны тексерілді. Үшіншіден, стильдік сәйкестік бағаланды. Бұл өлшем аударманың қазақ тілінің табиғи қолданысына, журналистік немесе әдеби стиль

нормаларына қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға көмектесті. Төртіншіден, мәдени контекстің берілуі қарастырылды. Бұнда ұлттық ұғымдар, тұрақты тіркестер, астарлы мағына, ирония және көркемдік реңктердің сақталу деңгейі сарапталды.

Бағалауды мақала авторлары сапалық талдау арқылы жүргізді. Балдық шкала қолданылмады. Түпнұсқа мен аударма салыстырылып, грамматикалық, мағыналық, стильдік және мәдени сәйкессіздіктер нақты үзінділермен сипатталды. Тәуелсіз бағалаушылар қатыспағандықтан, авторлық пайымның субъективтілігі зерттеудің шектеуі болып саналады.

Зерттеудің үшінші кезеңінде мәтіндік және семантикалық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс жасанды интеллект жүйелерінің қазақ тіліндегі күрделі мәтіндерді, әсіресе көркем әдебиет үзінділерін түсіну және аудару қабілетін бағалауға бағытталды. Талдау материалы ретінде Абай Құнанбайұлының қара сөзінен алынған үзінді пайдаланылды. Бұл мәтіннің таңдалуы да кездейсоқ емес. Себебі Абайдың қара сөздерінде философиялық ой, ұлттық дүниетаным, ирония, астарлы мағына және бейнелі тіл кеңінен қолданылады. Сондықтан бұндай мәтін жасанды интеллект жүйелерінің тек сөздік деңгейдегі аударма жасауын емес, мәдени және мағыналық қабатты түсіну қабілетін бағалау үшін таңдалды.

Мәтіндік талдау барысында түпнұсқа мен жасанды интеллект жүйелері ұсынған аудармалар салыстырылып, мағыналық жоғалтулар, сөзбе-сөз аударма, калька, стильдік жұтаңдау және мәдени реңктің бұрмалануы анықталды. Бұл талдау қазақ тіліндегі көркем мәтіндердің жасанды интеллект жүйелерінде толық әрі дәл берілуі үшін тек тілдік дерек қоры ғана емес, мәдени және әдеби контексті қамтитын сапалы корпус қажет екенін көрсетіп берді.

Зерттеудің теориялық интерпретациясы медиатизация теориясы және пайдалану мен қанағаттану теориясы негізінде жасалды. Медиатизация теориясы арқылы жасанды интеллект жүйелерінің тілдік коммуникацияны қалай өзгертетіні, мәтін өндіру мен тілдік нормаларды цифрлық медиа логикасына қалай бейімдейтіні түсіндірілді. Ал пайдалану мен қанағаттану теориясы жасанды интеллект құралдарының пайдаланушылардың ақпараттық, танымдық және практикалық қажеттіліктерін қаншалықты қанағаттандыратынын бағалауға қолданылды. Осы екі теориялық бағыт зерттеу нәтижелерін тек техникалық проблема ретінде емес, медиамәдени және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруға негіз болды.

Бұл мақалада зерттеу этикасы да толық ескерілді. Сауалнамаға қатысу ерікті түрде жүргізілді, респонденттердің жеке деректері жарияланбады және жауаптар тек ғылыми талдау мақсатында пайдаланылды. Осылайша зерттеу деректерінің құпиялылығы сақталып, қатысушылардың құқықтары қорғалды.

Зерттеудің шектеулері де болды. Зерттеуге 79 респондент қатысқандықтан, сауалнама нәтижелері тұтастай қоғамның пікірін білдірмейді. Аударма мысалдарының шектеулі саны да жүйелердің жалпы сапасын немесе бірінің екіншісінен тұрақты артықшылығын анықтауға жеткіліксіз. Нәтижелер тек зерттелген мәтіндерге және тәжірибе жүргізілген кездегі жүйе нұсқаларына ғана қатысты.

Осылайша зерттеу әдіснамасы қазақ тіліндегі ЖИ жүйелерінің сапасын жан-жақты бағалауға ұшталды. Сауалнама пайдаланушылардың тәжірибесі мен қабылдауын анықтаса, салыстырмалы аударма талдауы ЖИ жүйелерінің нақты тілдік қателерін көрсетті. Ал мәтіндік және мәдени талдау қазақ тілінің семантикалық, стильдік және ұлттық ерекшеліктерінің жасанды интеллект жүйелерінде қаншалықты сақталатынын


айқындады. Бұл әдістердің үйлесімі зерттеу мақсатына сәйкес келіп, қазақ тілін цифрлық ортада дамытуға қатысты ғылыми негізделген қорытындылар жасауға жол ашты.

Талдау мен басты нәтижелер


Жасанды интеллект жүйелері әр салаға, соның ішінде медиакеңістікке енгелі ақпарат өндірісі түбегейлі өзгерді. Бұрын тек адамға тән шығармашылық қызметті енді интеллектуалды алгоритм атқара бастады. Бұл құбылыс қазіргі медиатизация теориясының негізгі қағидаларын дәлелдейді. Аталған тұжырымға сәйкес, қоғамның барлық салалары медианың логикасына бейімделеді. Тілдік нормалар да сол логиканың ыңғайына қарай өзгереді. Маршал Маклюеннің тұжырымдамасы да ЖИ жүйелеріне қатысты. Ғалымның теориясы бойынша, ақпараттың мәні оны жеткізуші құралмен бірге өзгереді. Сол сияқты қазіргі жасанды интеллект жүйелері ақпаратты жай жеткізбейді, оны өзгертеді, бейімдейді. Салдарынан мағына бұрмаланып, контекст өзгереді және тілдің өзіндік ерекшеліктері трансформацияға ұшырайды.

Қанағаттану теориясы тұрғысынан қарағанда (Katz, Blumler, 1973) жасанды интеллект жүйелері пайдаланушылардың ақпаратқа деген қолжетімділігін жылдам әрі ыңғайлы етеді. Алайда ақпараттың қолжетімділік пен сапа арасындағы теңгерім бұзылған жағдайда тіл байлығына қауіп төнеді. Осылайша жасанды интеллектің тіл мен коммуникация саласына енуі медиатизацияның жаңа кезеңінің басталғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, жасанды интеллект қолданылуының екі жақты сипаттамасы анықталды. Бір жағынан, тиімділік, жеделдік, факт-чек пен іздеу-талдау мүмкіндіктері. Екінші жағынан, тілдік, мәдени, мағыналық бұрмаланулар. Бұндай қорытындыға жүргізілген сауалнама нәтижелері де сәйкес келеді (Katz et al., 1973).

Сауалнама 2025 жылдың қазан айында онлайн форматта (Google.Forms) жүргізілді. Бұл зерттеу қазақ тілінің қолданысына қатысты болғандықтан, респонденттер арнайы іріктеліп, сауалнама журналистер, филолог мамандар арасында жүргізілді. Респонденттердің әлеуметтік профильдері: студенттер, оқытушылар, редакторлар, журналистер. Сауалнамаға 79 адам қатысты. Олардың 35,4% – 35-44 жас аралығында болса, 35,42% – 25-34 жас аралығындағы жастар. Қалған 13,9% – 45-54 жас аралығындағы орта буын өкілдері. Тағы 13,9% – 18-24 жас аралығындағы студенттер болды.




Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі, яғни 81%-ы қазақтілді. 12,7% үш тілді меңгерген. Бұл тілдік бағыттағы зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.



ЖИ жүйесін қолдану жиілігі:

- 54,4% - анда-санда қолданады
- 40,5% - үнемі пайдаланады
- 5,1% - мүлдем қолданбайды.

ЖИ құралдарынан бойын аулақ ұстайтындардың қатары сирек. Бұл дерек жасанды интеллект жүйелерінің күнделікті өмір мен әртүрлі салаға қарқынды түрде ене бастағанын дәлелдейді.



Жасанды интеллектіні қолдану мақсаты бойынша респонденттердің жауабы төмендегідей болды:

- 51,9% - аударма жасау
- 39,2% - мәтін жазу
- 36,7% - аудио, видео дайындау
- 29,1 % - ғылыми зерттеу
- 19% - тіл үйрену.

Бұл ЖИ жүйелерінің тілге қатысты еңбектерде және шығармашылық бағыттарда белсенді қолданылатынын көрсетеді.





ЖИ кемшіліктері туралы пікірлер:

- 57% - мағынаның бұрмалануы
- 36,7% - грамматикалық қате
- 32,9% - жалған ақпарат
- 31,6% - жеке деректердің қауіпсіздігі.

Респонденттердің жауаптары ЖИ ұсынған ақпараттың тілдік сапасын және фактілердің дұрыстығын тексеру қажеттігін көрсетеді. Жасанды интеллектің жалған ақпаратты анықтау және әшкерелеу қабілеті бар деген тұжырым біздің сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарында расталмады.

Қазақ тілі бұрмаланбас үшін не істеу керек?

- 82,3% - қазақ тіліндегі деректер базасын кеңейту
- 54,4% - тіл мамандарымен бірлесіп жұмыс істеу
- 50,6% - әдеби, мәдени сарапшыларды ЖИ жобаларына тарту.

Нәтиже ЖИ жүйелеріндегі тілдің сапасын арттыру үшін ана тілдегі мәтіндердің сандық көлемін көбейту қажеттігін анықтап берді.



Жалпы сауалнама нәтижелері жасанды интеллект жүйелерінің қазақ қоғамына белсенді енгенін, бірақ қазақ тілінің сапасы мен контенттің сенімділігі өзекті мәселе екенін көрсетті. Қатысушылардың көпшілігі ЖИ жүйелерін пайдалы құрал ретінде қабылдағанымен, тілдің бұрмалануы мен мағыналық, грамматикалық қателерді назар аударарлық түйткіл деп бағалаған.

Цифрлық дәуірде тіл өзгерісін зерттейтін сандық лингвистикаға сәйкес, тілдік модельдер тілдің грамматикасын, семантикасын, басқа ерекшеліктерін толық меңгермейінше, сапалы өнім шығара алмайды. Қазақ тілінің ЖИ жүйелерінде жиі бұрмалануы – осы теорияның дәлелі. Тілдің автоматты өңделуі, мәтінді машиналық талдау сияқты процестер цифрлық лингвистиканың өзегі саналады. Бұл тілдің цифрлық ортада мүлде өзгеше дамуына алып келеді.

Қазақ тілін ЖИ жүйелерінде дұрыс бағытта дамыту үшін ең алдымен ұлттық тілдік деректер қорын құру, сапалы контент жинау және машиналық оқыту процестеріне лингвистикалық бақылау енгізу қажет. Дәл осы жұмысты қазір Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жасанды интеллект және Big Data кафедрасының аға оқытушылары Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты мен «Тіл қазына» мемлекеттік орталығының мамандарымен бірлесіп атқаруда. Кітапханалардан, газет-журналдардан PDF форматтағы материалдар OCR жүйесі арқылы мәтіндік форматқа ауыстырылуда.

Машиналық оқытуда басты нәрсе – оған берілетін «шикізат», яғни деректердің сапасы. Жасанды интеллектің беретін жауабы сол деректердің сапасына тікелей байланысты. Ғаламтордағы қазақ тіліндегі контенттің көлемі басқа тілдерге қарағанда әлдеқайда аз. Сол себепті жасанды интеллект ағылшын, орыс және басқа тілдерде үйретілген ақпаратты қазақшаға аударып береді. Кейде ол терминдерді аудармай, араластырып қолданады. Мысалы, ағылшын және қазақ тіліндегі сөздерді қатар қолдануы мүмкін. Бұл да мағынаның бұрмалануына себеп (Yeshpanov et al., 2024).

Дегенмен қазақ тілі цифрлық кеңістікке толық бейімделгенше жасанды интеллект жүйелерінде қателіктер мен елестердің (галлюцинация) жиі кездесуі заңдылық. Бұл тұжырымға дәлел ретінде ЖИ құралдарымен аударылған мәтіндердің сапасын салыстыруға болады. Мәселен, «Казахстанка взыскала с врача через суд 3,2 миллиона тенге за неправильные диагноз и лечение» деген сөйлемді ChatGPT былай аударып

берді: «Қазақстандық әйел дәрігерден қате диагноз бен ем тағайындағаны үшін сот арқылы 3,2 миллион теңге өндіріп алды». Дәл сол сөйлемнің Google Translate арқылы аударылған нұсқасы мынадай: «Қазақстандық әйел дәрігерді дұрыс диагноз қоймағаны және емі дұрыс емес деп 3,2 миллион теңге өндіріп алды».

Екі аударманы салыстырғанда Google Translate ұсынған аудармада грамматикалық қате бірден көзге түседі. «Дәрігерді... өндіріп алды», «ді» деген табыс септігінің жалғауы жалғанған, ал өндіріп алу етістігі шығыс септігін қажет етеді. Кімнен? Дұрыс нұсқасы: «Дәрігерден...» болуы керек еді. «Емі дұрыс емес» деген сөз тіркесінің орнына «дұрыс емдемегені үшін» деген қарапайым сөз тіркесін де қолдануға болатын еді. Үшіншіден, бұл сөйлемде қажетсіз қайталамаға (тавтология) жол берілген. Бір сөйлемде «дұрыс» сөзі екі рет қайталанады.

Осы мысалда ChatGPT аудармасы бастапқы сөйлемнің негізгі деректерін сақтағанын байқаймыз. Редакциялық нұсқа ретінде: «Қазақстандық әйел дәрігерден сот арқылы 3,2 миллион теңге өндіріп алды. Бұған қате диагноз бен дұрыс жүргізілмеген ем себеп болған» деп ұсынуға болады. Редакторлық өңдеу кезінде бастапқы мәтінде жоқ өңір атауын қосуға немесе «сот арқылы» деген маңызды деректі алып тастауға болмайды. Адам аударған бұл нұсқа әлдеқайда құлаққа жағымды, грамматикалық ережелерге сай, лексикалық калькасы жоқ, таза қазақ тілінде құрылған. «Сот арқылы» деген тіркесті қолданбаса да, өтемақының сот жүйесі арқылы өндірілетіні белгілі.

Енді бұдан күрделірек мәтіннің қазақ тілінен орысшаға аудармасын салыстырайық. Мысалға, Абай Құнанбаевтың «Қара сөзінен» үзінді алайық, бұл түпнұсқа:

«Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!», – дейтұғын болмаққа ойланбақ» (Абай, 18-қара сөз).

ChatGPT аудармасы:

«У щеголя два вида поведения: один старается исправить свое лицо, усы, фигуру, походку, брови, поднимает локоть, расчёсывает руки, тратит время на внешность. Другой – старается стать заметным благодаря своей лошади и одежде, чтобы его считали вежливым, приятным человеком, чтобы старшие обращали на него внимание, сверстники завидовали, а младшие думали: «Ах, вот бы иметь такую же лошадь и такую одежду!».

Google Translate аудармасы:

«Красивый мужчина имеет два типа поведения: один — выпрямлять лицо, усы, конечности, походку и брови, поднимать локти и расчесывать руки. Второй — притворяться одновременно лошадью и мужчиной, и благодаря этому вежливый, обаятельный молодой человек становится знаменитым, важным для тех, кто впереди, и заставляет тех, кто позади, восклицать: «Боже мой, какой смысл ездить на лошади, как эти парни, и носить такую же одежду?».

Бірінші нұсқада «щеголь» «кербез» сөзіне ең жақын аударма. Бірақ мағыналық өрісі тар. Абайдағы «кербез» тек сәнқой емес, сыртқы әсемдікке алданып, рухани мәннен айырылған адам. Демек, аударма лексикалық тұрғыдан дәл, бірақ философиялық мағынасын толық бере алмаған. Қазақ мәтінінде «айран ішерім» тіркесі ұлттық идиома,

ол ерке, сәнқой, өмірі жеңіл деген мағынада беріліп тұр. Аудармада бұл тіркес мүлдем түсіп қалған. «Қолын тарақтап әуре болмақ», қазақ тілінде ирония мен бейнелілік бар, ал аудармасы «тратит время на внешность» ақпараттық сипатта ғана берілген.

Google Translate аудармасында бірнеше семантикалық сәйкессіздік байқалады. Мысалы, «кербез» сөзінің «красивый мужчина» деп берілуі түпнұсқадағы сыни реңкті жеткізе алмаған. Абайда бұл сөз сыни тұрғыдан пайдаланса, аудармада позитивті мағынада берілген. «Притворяться одновременно лошадью и мужчиной» деген аударма қара сөздің мағынасын мүлдем басқа арнаға бұрып жіберген. Google Translate қазақ сөйлеміндегі «атпен, киіммен мақтану» тіркесін түсінбеген. Салдарынан «жылқыға ұқсауға тырысып жатыр» деген мағыналық тұрғыдан сәйкес емес тіркес жазылып, Абайдың философиялық тұжырымы мағынасын жоғалтады. Аударманың екі нұсқасында да Абайдың айтқан ойы мен шешендік стилі берілмеген. Түпнұсқада ирония, сын, астар, образ бар. Аудармада бұл философиялық салмақ логикалық тізбектен тұратын құрғақ сөйлемге айналған. Бұл мысал машина аудармасы жүйелерінің шектеулерін айқын көрсетіп, дәлелдейді.

Бұл мысалдар мәдени контекст пен идиоматика сақталмаса, аудармада мәтіннің мәні жоғалатынын көрсетеді. Қорыта айтқанда, жасанды интеллект жүйелері сөзбе-сөз аударма жасап, мәтіннің мәдени астарын, иронияны, әлеуметтік реңкті дәл жеткізе алмайды. Иляхина мен Деева (2024) өз зерттеуінде жасанды интеллект жүйелері мәтінді өңдеу, генерациялау және таратуды автоматтандыру арқылы медиа саласында біртұтас стандарт қалыптастырып, шығармашылық бірегейлікті азайтатынын болжаған. Бұл құбылысты зерттеушілер «журналистиканың цифрлық конвергенциясы» деп атайды (Ilyakhina & Deeva, 2024).

Қарастырылған аудармаларда бейнелілік пен мәдени реңктің ішінара жоғалуы байқалды. Бұл нәтижелер мәдени мазмұны күрделі мәтіндерді автоматты аударудан кейін редакторлық сараптамадан өткізу қажеттігін дәлелдеп берді.

Қорытынды

Медиатизация теориясы зерттелген аудармаларды цифрлық коммуникация аясында түсіндіруге мүмкіндік береді. Тіл де медиатизацияға ұшырайтынын уақыт көрсетуде. Оның қолданыс формалары, нормалары мен мағыналық құрылымдары цифрлық медиа логикасына бейімделе бастады. Осы үрдіс аясында қазақ тілі де, өкінішке орай, жаңа медианың тіліне айналып барады. Әлеуметтік желілерде, ЖИ жүйелерінде, аударма құралдарында қазақ тілінің синтаксисі мен сөздік қоры қысқарып, «технологиялық стильге» ауысуда. Бұл медиатизация үдерісінің нақты дәлелі.

Сауалнамада респонденттердің 57%-ы мағынаның бұрмалануын, 36,7%-ы грамматикалық қателерді, 32,9%-ы жалған ақпаратты ЖИ құралдарының кемшіліктері деп атаған. Қарастырылған аудармаларда грамматикалық және мәдени-мағыналық сәйкессіздіктер байқалды. Бұл нәтижелер автоматты аудармаларды жариялау алдында тексеру қажеттігін көрсетіп, ЖИ жүйелеріндегі қазақ тілінің қолдану проблемаларын да айшықтайды.

Зерттеу нәтижелері негізінде мынандай мәселелер анықталды:

- ЖИ жүйелерінде қазақ тіліндегі грамматикалық, семантикалық және мәдени қателер жиі кездеседі;

- сауалнама нәтижесінде аударма мен мәтін жазуда ЖИ құралдары жиі қате жібереді;

- деректер қорының жеткіліксіздігі тілдің қолданыс сапасына әсер етуші ықтимал фактор болуы мүмкін, бірақ оның әсері бұл зерттеуде тексерілген жоқ.

Машиналық оқыту модельдері тілдік деректердің көлемі мен сапасына тәуелді. Қазақ тілінде мәтіндік мәліметтер қоры шектеулі болғандықтан, ЖИ модельдері орыс және ағылшын тіліндегі құрылымдарға сүйенеді. Бұл көшірме (калька), грамматикалық қате және мағыналық бұрмалану түрінде байқалады. Иляхина мен Деева (2024) атап өткендей, автоматтандырылған контент пен алгоритмдік мәтін генерациясы «шығармашылық бірегейлікті азайтып, стандартталған медиа тіл қалыптастырады» (Ilyakhina & Deeva, 2024).

Бұл құбылыс тек медиада ғана емес, әдебиет пен ғылым саласында да көрініс табуда. Қазақ тілінің бай бейнелілігі мен поэтикалық құрылымы біртіндеп технологиялық стильге бейімделуін заңдылық деп қабылдаған жөн. Дегенмен тілдің мәдени ерекшеліктерін сақтау үшін ЖИ жүйелерінде ұлттық мазмұнды, фольклорлық және әдеби деректерді пайдалану маңызды. Бұл бағытта «Тіл қазына» орталығы мен Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты жасаған Тілдік корпустар мен деректер базасы – үлкен мүмкіндік ұсынады. Осы мәліметтердің барлығы цифрландырылып, жасанды интеллект жүйелеріне енгізілсе, жаңа технологиядағы қазақ тілінің дамуына оң әсерін тигізер еді. Бұл айтылған сын-ескертулер жасанды интеллект тек кемшіліктерден тұрады дегенді білдірмейді. Жаңа технологияның артықшылықтары мол, тәуекелдері де жеткілікті.

ЖИ ақпаратқа қолжетімділікті арттырады, мәтінді талдау мен жүйелеуді жеңілдетеді. Білім беру мен зерттеу жұмысын тиімді жасайды, тіл үйренуге жаңаша мүмкіндіктер туғызады. Ал оның ақпарат саласындағы кемшіліктері мынадай:

- ақпараттарды тексермей, факт-чек жасамай ұсыну;

- мәдени және мағыналық бұрмалану, грамматикалық қателер, идиомалар мен мақал-мәтелдердің жоғалуы, ұлттық стильдің жойылуы және көркем тілдің технологиялық тілге айналуы.

Авторлар зерттеуде қарастырылған мысалдардан автоматты аудармада тілдік және мәдени сәйкессіздіктер туындауы мүмкін екенін анықтады. Жасанды интеллект технологиялары тілдің дамуына оңтайлы жағдай жасай отырып, оның табиғи құрылымына қандай зиян келтіретінін де талдау қажет деп ойлаймыз. Бұл парадокс қазіргі заманның басты мәдени мәселелерінің біріне айналды. Біздің ойымызша, проблеманы шешудің дұрыс жолы – ЖИ жүйелерін жетілдіру. Сондықтан зерттеу нәтижелері бойынша төмендегі ұсыныстар енгізіледі:

- «Жасанды интеллект туралы» заң жобасына тіл нормалары мен ұлттық контентті қорғау нормаларын енгізу;

- ұлттық тілдік деректер қорын құру және оны ұдайы кеңейтіп отыру;

- OCR арқылы архивтік деректерді толық цифрландыру;

- ЖИ генерациялаған мәтіндерді міндетті редакторлық тексеруден өткізу;

- университеттер мен орта білім жүйесінің білім бағдарламаларына «Цифрлық тіл мәдениеті», «Машина аудармасының этикасы» атты пәндерді енгізу;

- қазақ тілінің синтаксисін ЖИ модельдеріне бейімдеуге арналған арнайы алгоритмдер әзірлеу.

Зерттеу қазақ тіліндегі автоматты аударманың тілдік және мәдени ерекшеліктерін сауалнама мен жекелеген мәтіндік мысалдар негізінде қарастырады. Болашақта бұндай

ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500

зерттеулер тереңдетіліп, бірнеше бағытта жүргізілуі қажет деп санаймыз. Мысалы, қазақ тілінің фонетикалық және интонациялық ерекшеліктерін ЖИ жүйелеріне енгізу, ЖИ құралдарының көмегімен ұлттық әдебиет пен фольклорды автоматты талдау әдістерін жетілдірген дұрыс болар еді. Осындай жүйелі зерттеулер жаңа дәуірдегі қазақ тілінің сапасын өсіріп, қолданыс аясын кеңейтетінін зор сеніммен айта аламыз.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми гранты есебінен қаржыландырылды (грант №AP32723927).

Авторлардың қосқан үлесі.

Есенбекова Ұ. М. – хат-хабар авторы, бақылау және ұсыныс беру, мақсат-міндетті анықтау, жалпы ғылыми аппаратты басқару, деректерді сұрыптау, редакциялау.

Стамбекова Н. Д. – хат-хабар авторы, әдебиетпен жұмыс, материалды жинау, негізгі бөлімді жазу.

Егембердиев Ы. Д. – материалды жинау, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

Borisov, M., Kozhirbayev, Z. and Malykh, V. (2025) 'Low-resource machine translation for code-switched Kazakh-Russian language pair', NAACL Student Research Workshop. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2025.naacl-srw.7

Hepp, A. (2013) Cultures of mediatization. Polity Press. ISBN: 978-0-745-66226-8.

Hjarvard, S. (2013) The mediatization of culture and society. Routledge. doi: https://doi.org/10.4324/9780203155363

Ilyakhina, A.A. and Deeva, I.V. (2024) 'Perspectives on the application of artificial intelligence technologies in journalism', Vestnik nauki, 2, pp. 580–586. ISSN: 2712-8849. Available at: https://www.vestnik-nauki.com/article/12508 (қаралған күні: 15 қазан 2026).

Katz, E., Blumler, J.G. and Gurevitch, M. (1973) 'Uses and gratifications research', Public Opinion Quarterly, 37(4), pp. 509–523. doi: https://doi.org/10.1086/268109

LeCun, Y. (2023) How the machine learns: The revolution in neural networks and deep learning. Moscow: Al'pina Pablisher, 335 p. ISBN: 9785907394926.

Miao, F. and Holmes, W. (2023) Guidance for generative AI in education and research. UNESCO. doi: https://doi.org/10.54675/EWZM9535

Naveen, P. et al. (2024) 'Overview and challenges of machine translation for contextually appropriate translations', iScience. doi: https://doi.org/10.1016/j.isci.2024.110878

Qazcorpora.kz (2025) Sub-corpus of the National Corpus of the Kazakh Language. Available at: https://qazcorpora.kz/ (қаралған күні: 15 қазан 2026).

Russell, S. and Norvig, P. (2021) Artificial intelligence: A modern approach. 4th edn. Pearson. Available at: https://aima.cs.berkeley.edu/ (қаралған күні: 15 қазан 2026).

Tleubayeva, A., Aubakirov, S., Tabuldin, A. and Shomanov, A. (2025) 'Development and evaluation of a small Kazakh language corpus to improve the efficiency of multilingual NLP systems in low-resource environments', IEEE SIST 2025. doi: https://doi.org/10.1109/SIST61657.2025.11139363

Togmanov, M., Mukhituly, N., Turmakhan, D. et al. (2025) 'KazMMLU: Evaluating language models on Kazakh, Russian, and regional knowledge of Kazakhstan'. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2025.acl-long.701

Yeshpanov, R., Efimov, P., Boytsov, L., Shalkarbayuli, A. and Braslavski, P. (2023) 'KazQAD: Kazakh open-domain question answering dataset'. doi: https://doi.org/10.48550/arXiv.2404.04487

Yeshpanov, R., Polonskaya, A. and Varol, H.A. (2024) 'KazParC: Kazakh parallel corpus for machine translation', arXiv preprint. doi: https://doi.org/10.48550/arXiv.2403.19399

Yessenbekova, U., Syzdykova, A. and Kutym, B. (2024) 'Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan', International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 7(3), pp. 951–964. doi: https://doi.org/10.53894/ijirss.v7i3.2984

Zhu, W., Liu, H., Dong, Q., Xu, J., Kong, L., Chen, J., Li, L. and Huang, S. (2024) 'Multilingual machine translation with large language models: Empirical results and analysis', Findings of the Association for Computational Linguistics: NAACL 2024, pp. 2765–2781. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2024.findings-naacl.176

У. М. Есенбекова[1], Н.Д. Стамбекова[2], И.Д. Егембердиев[3]

[1,2]Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
[3]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Казахский язык в системах искусственного интеллекта: языковое качество, культурный контекст и проблемы цифрового развития

Аннотация. В исследовательской статье проанализировано влияние систем искусственного интеллекта на развитие казахского языка и национальной культуры. Дана оценка грамматическому, семантическому и культурному качеству ИИ-систем на казахском языке. Результаты опроса, сравнительного анализа переводов и текстового анализа выявили недостаточность данных на казахском языке в системах искусственного интеллекта. В рассмотренных переводах наблюдались языковые несоответствия и частичная утрата культурного контекста.

В методологическом плане исследование опирается на теории медиатизации Стига Хьярварда (Stig Hjarvard) и Андреаса Хеппа (Andreas Hepp), а также на теории удовлетворения потребностей Элиху Каца (Elihu Katz) и Джея Блумлера (Jay G. Blumler). Эти теории рассматривают ИИ-системы как важную часть современного медиакультурного пространства и позволяют объяснить роль языка в цифровой среде. Теория удовлетворения потребностей демонстрирует место ИИ-технологий в удовлетворении общественных информационных потребностей.

На основе результатов исследования авторы предлагают расширять национальные языковые корпуса для развития казахского языка в цифровой среде, укреплять взаимосвязь ИТ и лингвистики, а также внедрять в систему образования дисциплины по цифровой языковой культуре. Делается вывод о том, что при реализации этих направлений казахский язык станет не только национальным наследием, но и конкурентоспособным языком, развивающимся в современных технологиях.

Ключевые слова: искусственный интеллект, машинный перевод, языковой корпус, культурный контекст, медиатизация.

U.M. Yessenbekova[1], N. D. Stambekova[2], I. D. Yegemberdiyev[3]
[1,2,3] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The Kazakh Language in Artificial Intelligence Systems: Linguistic Quality, Cultural Context, and Challenges of Digital Development

Abstract. This research article analyzes the impact of artificial intelligence (AI) systems on the development of the Kazakh language and national culture. The study evaluates the grammatical, semantic, and cultural quality of Kazakh-language AI systems. The findings from the survey, comparative translation analysis, and textual analysis revealed insufficient Kazakh-language data in artificial intelligence systems. Linguistic inconsistencies and a partial loss of cultural context were observed in the translations examined.

Methodologically, the research draws on the mediatization theories of Stig Hjarvard and Andreas Hepp, as well as the uses and gratifications approach associated with Elihu Katz and Jay G. Blumler. These frameworks conceptualize AI systems as an important component of today's media-cultural environment and help explain the role of language in digital settings. The uses and gratifications perspective highlights how AI technologies contribute to meeting society's information needs.

Based on the results, the authors recommend expanding national language corpora to support the development of Kazakh in the digital environment, strengthening collaboration between information technology and linguistics, and introducing courses on digital language culture within the education system. The article concludes that, if these measures are implemented, Kazakh will become not only a national heritage language but also a competitive language that can evolve alongside modern technologies.

Keywords: artificial intelligence, machine translation, language corpus, cultural context, mediatization.

References

Borisov, M., Kozhirbayev, Z. and Malykh, V. (2025) 'Low-resource machine translation for code-switched Kazakh-Russian language pair', NAACL Student Research Workshop. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2025.naacl-srw.7

Hepp, A. (2013) Cultures of mediatization. Polity Press. ISBN: 978-0-745-66226-8.

Hjarvard, S. (2013) The mediatization of culture and society. Routledge. doi: https://doi.org/10.4324/9780203155363

Ilyakhina, A.A. and Deeva, I.V. (2024) 'Perspectives on the application of artificial intelligence technologies in journalism', Vestnik nauki, 2, pp. 580–586. ISSN: 2712-8849. Available at: https://www.vestnik-nauki.com/article/12508 (Accessed: 15 October 2026). [in Russian].

Katz, E., Blumler, J.G. and Gurevitch, M. (1973) 'Uses and gratifications research', Public Opinion Quarterly, 37(4), pp. 509–523. doi: https://doi.org/10.1086/268109

LeCun, Y. (2023) How the machine learns: The revolution in neural networks and deep learning. Moscow: Al'pina Publisher, 335 p. ISBN: 9785907394926.

Miao, F. and Holmes, W. (2023) Guidance for generative AI in education and research. UNESCO. doi: https://doi.org/10.54675/EWZM9535

Naveen, P. et al. (2024) 'Overview and challenges of machine translation for contextually appropriate translations', iScience. doi: https://doi.org/10.1016/j.isci.2024.110878

Qazcorpora.kz (2025) Sub-corpus of the National Corpus of the Kazakh Language. Available at: https://qazcorpora.kz/ (Accessed: 15 October 2026).

Russell, S. and Norvig, P. (2021) Artificial intelligence: A modern approach. 4th edn. Pearson. Available at: https://aima.cs.berkeley.edu/ (Accessed: 15 October 2026).

Tleubayeva, A., Aubakirov, S., Tabuldin, A. and Shomanov, A. (2025) 'Development and evaluation of a small Kazakh language corpus to improve the efficiency of multilingual NLP systems in low-resource environments', IEEE SIST 2025. doi: https://doi.org/10.1109/SIST61657.2025.11139363

Togmanov, M., Mukhituly, N., Turmakhan, D. et al. (2025) 'KazMMLU: Evaluating language models on Kazakh, Russian, and regional knowledge of Kazakhstan'. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2025.acl-long.701

Yeshpanov, R., Efimov, P., Boytsov, L., Shalkarbayuli, A. and Braslavski, P. (2023) 'KazQAD: Kazakh open-domain question answering dataset'. doi: https://doi.org/10.48550/arXiv.2404.04487

Yeshpanov, R., Polonskaya, A. and Varol, H.A. (2024) 'KazParC: Kazakh parallel corpus for machine translation', arXiv preprint. doi: https://doi.org/10.48550/arXiv.2403.19399

Yessenbekova, U., Syzdykova, A. and Kutym, B. (2024) 'Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan', International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 7(3), pp. 951–964. doi: https://doi.org/10.53894/ijirss.v7i3.2984

Zhu, W., Liu, H., Dong, Q., Xu, J., Kong, L., Chen, J., Li, L. and Huang, S. (2024) 'Multilingual machine translation with large language models: Empirical results and analysis', Findings of the Association for Computational Linguistics: NAACL 2024, pp. 2765–2781. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2024.findings-naacl.176

Авторлар туралы мәлімет:

Есенбекова Ұ. М. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, медикоммуникация және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры м.а., 010000, Астана, Қазақстан.

Стамбекова Н. Д. – әлеуметтік білім магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі, 010000, Астана, Қазақстан.

Егембердиев Ы. Д. – PhD докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің деканы, 0500040, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Есенбекова У. М. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, и.о. профессора кафедры Медиакоммуникации и связи с общественностью Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, 010000, Астана, Казахстан.

Стамбекова Н. Д. – магистр социального образования, Высшая школа журналистики и социальных наук Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, 010000, Астана, Казахстан.

Егембердиев И. Д. – доктор PhD, декан Факультета Журналистики Казахского национального университета им. аль-Фараби, 050040, Алматы, Казахстан.

Author information:

Yessenbekova U. M. – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Acting Professor of the Department of Media Communications and Public Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Kazakhstan

Stambekova N. D. – master of Social Education, Higher School of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Kazakhstan

Yegemberdiyev I. D. – PhD, Dean of the Faculty of Journalism at Al-Farabi Kazakh National University, 050040, Almaty, Kazakhstan

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ / СМИ И ОБЩЕСТВО /MEDIA AND SOCIETY

ХҒТАР 19.01.11
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-83-97

Қазақ медиасындағы ғылыми контенттердің фреймделуі және ғылымды дәріптеу мәселелері

К. Қабылғазина[1], А.Қ. Қыдырханова *[2], А.Т. Дуйшекеева[3]

[1,2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан

(E-mail: [1]kabylgazina.klara@mail.ru, [2]kairatbek.akzh@gmail.com, [3]aina.duishekeeva@knu.kg,)*

Аңдатпа. Мақала қазақ медиасында ғылым тақырыбы қалай дәріптеліп жатқанын, ғылыми жаңалықтардың медиа репрезентациясын және оның қоғамдағы ғылыми сауатқа әсерін анықтауға бағытталды. Зерттеу жұмысы сыни дискурс-талдау, фрейминг және контент-талдау комбинациясы бойынша жасалды. Эмпирикалық дереккөз ретінде 2020-2025 жылдар аралығында тәуелсіз және мемлекеттік онлайн басылымдарда жарық көрген 72 медиаконтент іріктеліп алынды. Зерттеуде ғылыми жаңалықтардың медиадискурстағы тіл құралдары мен нарративтерін, мәтіндердің ғылыми деңгейін, контенттегі пікір балансының сақталуын анықтау да ескерілді.

Талдау нәтижесінде ғылым тақырыбындағы контенттің негізгі дереккөзі ретінде мемлекеттік органдардың үлесі едәуір басым болып шықты. Медиамәтіндердің 75%-дан астамы позитив тонда берілген. Ғылыми зерттеу жүргізген ғалымның түсіндірмесі немесе ғылыми ортадағы бағасы материалда кездесе бермейді. Балама пікір, ғылыми жаңалықтың ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат сирек қамтылғаны айғақталды. Бұл Қазақстан ғылымы туралы сыңаржақ пікір қалыптастыруға, оны көбіне «ұлттық мақтаныш», «жетістік» фреймдерімен шектеуге себеп болып отыр.

Жүргізілген зерттеу қазақ медиасында ғылыми коммуникация саясатын қайта қараудың маңызын ашуға негіз болды. Сондай-ақ редакциялар мен ғылыми орта арасындағы байланысты дамытудың, ғылымды қоғамға түсіндіретін кәсіби бағыт ретінде жолға қоюдың қажеттілігін айғақтады.

Түйін сөздер: ғылыми коммуникация, фрейминг, контент-талдау, ғылыми журналистика, сыни дискурс-талдау.

Түсті: 1.04.2026; Мақұлданды: 27.08.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Қазақстан ғылымы кейінгі жылдары бірқатар маңызды ғылыми жаңалықпен толығып, зерттеу нәтижелерін әлемдік ғылыми ортаға белсенді ұсына бастады. Мұндай оқиғалардың қазақтілді медиакеңістіктегі репрезентациясы жүйелі зерттелмей жатқанын байқаймыз. Ғылыми нәтижелердің мәнін медиада түсіндіру қоғамның ғылымға деген сеніміне, ғылыми сауат деңгейіне және ғылым саясатына әсер етеді.

Ғылыми жаңалықтарды аудиторияға дұрыс, контексін сақтай отырып ұсыну – ақпараттық міндет қана емес, ұлттық деңгейде стратегиялық маңызды процесс. Егер ғалымдар медиамен тиімді байланыс орнатпаса немесе ғылыми контексін дұрыс ұсынбаса, зерттеу нәтижелері бұрмаланып, қоғамға түсініксіз жетуі мүмкін. Осы зерттеу аясында Қазақстан медиасындағы үш ғылыми жаңалықтың: QazVac вакцинасы; DVC қатерлі ісікке қарсы препараты; селен өндірудің бірегей технологиясының медиадағы репрезентациясы талданды. Зерттеу пәні — осы жаңалықтарға қатысты медиадискурс, қолданылған фреймдер, нарратив құрылымы және ғалымдар мен журналистер арасындағы коммуникациялық тәжірибе. Зерттеудің мақсаты — Қазақстандағы ірі ғылыми жаңалықтардың медиа арқылы аудиторияға қалай жеткізіліп жатқанын, қандай кемшіліктер мен үлгілер бар екенін анықтап, ұлттық ғылыми коммуникация үшін ұсынылатын тиімді модельді әзірлеу.

Зерттеу міндеттері контент-талдау және фрейминг-талдау жүргізуді, медиадискурста қолданылатын тілдік құралдар мен нарративтерді анықтауды, сондай-ақ журналистер мен ғалымдардан алынған сұхбаттар арқылы зерттеу нәтижелерін толықтыруды қамтиды.

Зерттеу барысында мына негізгі сауалдарға жауап ізделді:

• Қазақ медиасында ғылыми жаңалықтар қандай фреймдер арқылы ұсынылады?

• Ғылыми ақпараттың медиадағы репрезентациясында қандай нарративтер мен дискурстық тәсілдер басым?

• Ғылыми материалдардың сапасы мен ғылыми тереңдік деңгейі қандай деңгейде?

• Ғылыми жаңалықтарды ұсынуда қандай дереккөздер басым және ғалымдардың қатысу деңгейі қандай?

Әдебиетке шолу

Ғылыми коммуникация әдебиетінде бұл салаға қатысты ұғымдар (scientific culture, scientific literacy) жиі шатастырылып қолданылып жатады. Ғылыми коммуникация тек ғалымдарды көбірек сөйлеуге шақыру немесе коммуникация саласының бір тармағы емес, ғылым мен қоғам арасындағы мағыналы, жүйелі, екіжақты байланыс орнатуға бағытталған күрделі процесс (Burns et al., 2003). Ғылым мен қоғамның өзара тәуелділігі қазіргі заманда одан әрі күшейіп отыр. Қоғам ғылымды әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі драйвері ретінде қажет етсе, ғылым өз кезегінде қоғам ұсынатын институционалдық қолдауға сүйенеді (He, 2017).

Коронавирус пандемиясы кезінде жарық көрген медиаматериалдарға жүргізілген зерттеулер тек статистикалық ақпарат пен нақты ғылыми мазмұны бар хабарламаларды медиада берудің айырмашылықтарын ашып көрсеткен. Контент мазмұны аудиторияның ақпаратты түсінуіне, шешім қабылдауына айтарлықтай ықпал еткен (Chan et al., 2023). Медиаға контент дайындағанда әдіс-тәсілдерді ғылым саласына қарай бейімдеу де оң нәтиже бергенін зерттеулерден аңғарамыз. Мәселен, техникалық салалар туралы

контент жариялағанда «көбіне ғылыми факт емес, символдармен, рамкалармен түрлі түсте беру» тиімді екені байқалады (Weisenburger, 2025). Ғылыми білімді қоғамға таратуда әлеуметтік желілердің салмағы артып келе жатқанын да ескеру керек. Оның үстіне әр платформаның өзіне тән контент ұсыну пішіні мен аудитория ерекшеліктері де әр қилы. Бұл орайда ғылыми ақпаратты платформаның форматына сай икемдеу үшін пайдаланушылардың ақпаратты тұтыну әдетін, қызығушылығын ескерген жөн. Мұндай тәсілдің теориялық негізі аудиторияны сегментациялау ұғымымен және қажеттілікті қанағаттандыру (Uses and Gratifications) концепциясымен тығыз байланысты (Wind, 1978).

Бұл айырмашылықты Испанияның Сарагоса университетінің зерттеушілерінің еңбегінен де көруге болады. Aiger мен әріптестері әлеуметтік желілердің ғылымды таныту мүмкіндіктерін платформалардың ерекшеліктерімен байланыстыра отырып зерттеген. Олардың талдауынша, физика, математика сияқты салалар YouTube-тегі ұзақ форматты материалдарға икемді болса, биология мен медицинаға қатысты контент Instagram мен TikTok-тағы қысқа әрі визуал форматта тиімді ұсынылады (Aiger et al., 2026).

Әлеуметтік ғылымдарға қатысты контенттерде аудиторияның пікірін білуге, сұрақ қоюына немесе талқылауға мүмкіндік беретін форматтар жиі кездеседі (Kaplan and Haenlein, 2010). Дегенмен ғылыми ақпараттың қабылдануы оның тек мазмұнына байланысты болмайды. Оған ақпараттың қандай ортада ұсынылғаны, тұтынушының ерекшелігі және коммуникацияға қатысушылар арасындағы өзара әрекет те ықпал етеді. Bostrom және Heinen жүргізген зерттеу ақпараттық жүйелердегі мәселелерді шешуде техникалық факторлармен қатар әлеуметтік және ұйымдастырушылық ортаны да ескеру қажеттігін көрсетеді (Bostrom and Heinen, 1977). Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми коммуникацияда да ақпаратты жеткізу тәсілі мен оны қабылдайтын ортаның ерекшелігін ескеру маңызды.

Ғылым, саясат және медиа арасындағы ақпарат алмасуда ғылыми мәліметті аудиторияға ұсыну тәсілі де ескерілуі керек. Bert Van Wee мұндай өзара әрекеттестік үшін «storyline» концепциясын алға тартады. Мәселен, академиялық ортада қалыптасқан дәстүрлі құрылым «тақырып – әдіс – нәтиже – қорытынды» тізбегі ғылыми ортаға түсінікті болғанымен, медиа аудиториясын жылдам зеріктіріп алады. Сондықтан ғылыми ақпаратты алдымен негізгі ойды жеткізуден бастап, кейін түсіндірме, қосымша деректермен толықтырған тиімді болып жатады. Осылайша оқырман әуелі ақпараттың не туралы екенін түсініп, одан кейін берілген деректер мен контекст арқылы тақырыпты тереңірек қабылдайды (van Wee, 2025). Бірақ осы зерттеу аясында қазақ медиасында 2020-2025 жылдар аралығында жарияланған 50 материалға контент-талдау жасағанда мұндай реттілік сақталмайтыны байқалды. Ғылыми контенттер ала-құла, арнайы стиль жоқ, жаңалық мазмұнында, көбіне ғалымдардың қатысуынсыз жарияланатыны белгілі болды.

Қазақ медиасындағы ғылыми коммуникация тақырыбын зерттеген профессор Ұ.Есенбекова ғылыми журналистикада пікірталас компоненттерінің әлсіздігі сияқты тенденция байқалатынын анықтаған. Оның зерттеуінше, талдау компоненттері әлсіз болғандықтан, полемикалық дәстүрге нұқсан келіп, ақпараттық жанрдағы материалдар басымдыққа ие болған.

Бұндай тенденция Еуропа медиаларында да байқалған. Франция ның Le Monde, Le Figaro,

ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500

Liberatio тәрізді ірі басылымдарындағы контенттерді 6 ай таразылаған зерттеушілер мынадай заңдылықты байқаған: ғылыми тақырыптар біркелкі берілмеген; мыңдаған мақаланың 30%-ы денсаулық сақтауға арналған, 20%-ы экология тақырыбында, ал математика, физика, химия сынды жаратылыстану ғылымдары небәрі 3% үлес алған. Зерттеуші Ұ.Есенбекова мұның себебін әлемдегі ақпаратты тұтыну нарығында болып жатқан контенті жеңілдету, оңайлату аспектілерімен түсіндіреді (Есенбекова, 2020).

Ғылыми коммуникация тақырыбындағы тағы бір зерттеуінде Ұ.Есенбекова мен әріптесі Б.Құтым ғылымда медиалану бірнеше деңгейде жүріп жатқанын көрсеткен. Біріншіден, медиа кеңістігінің ғылымға әсері күшейіп келеді. Екіншіден, БАҚ ғылымдағы күрделі заңдылықтарды аудиторияға түсінікті етіп көрсеткісі келіп тым қарабайыр қылып, бұрмалауға жол береді. Содан ғылыми жаңалықтың мәні де, мағынасы да бұзылып көрсетіледі. Үшіншіден, ғылыми ақпараттың цифрлық мультимедиа форматына бейімделуі тұтастай ғылымның трансформациясына бастайтыны сөзсіз. Зерттеушілер бұл олқылықтардың орнын толтыру үшін мемлекеттен жүйелі қолдау қажет екенін айтады (Есенбекова және Құтым, 2020). Бұған біз редакция саясатының маңызын да қосқанды жөн санаймыз.

Бұл жағдай ғылыми коммуникация, ғылымды қазақ медиасында дәріптеу мәселелері қандай фрейммен қалыптасатынын терең түсінуді қажет етеді. Қазақстан кейсінде медиадағы ғылыми коммуникацияның бірізді тетіктерінің қалыптасу үдерісі аяқталмағаны аңғарылады. Себебі 50 контентке талдау кезінде мемлекеттік тапсырыспен орындалған ғылыми еңбек, табысқа жеткен ғылыми жаңалықтардың да медиада дәріптелуінде бірізділік, жүйе байқалмады. Кейінгі жылдары бұл процестің дискурсивтік құрылымы ғылыми негізде талданбағандықтан, қазақ медиасындағы ғалым-журналист-қоғам арасындағы байланысты толық түсінуге кедергі келтіретіні анық. Бұған дейінгі еңбектерде ғылым коммуникациясы тұтас ұғым, процесс ретінде талданғанымен, медиада қандай қыры басым көрсетілетініне қатысты зерттеулер аз. Біз осы мәселені қазақ медиасының мысалында зерттеп көрдік.

Теориялық негіз

Зерттеуде бірнеше теориялық бағыт қатар қолданылды. Фрейминг теориясы ғылыми жаңалықтың медиада қай қырынан көрсетілетінін және қандай ақпараттың негізгі орынға шығатынын анықтауға пайдаланылды. Медиа репрезентация ғылымның және оның өкілдерінің оқырманға қандай бейнеде ұсынылатынын қарастыруға мүмкіндік берді. Ал ғылыми коммуникация теориясы осы мәселелерді ғылым мен қоғам арасындағы ақпарат алмасу тұрғысынан түсіндіруге қолданылды.

Massimiano Bucchi ғылыми ақпараттың қоғамға жетуінде медианың атқаратын қызметіне ерекше мән береді. Оның пікірінше, ғылыми ортаға тән кәсіби тіл медиада көпшілікке түсінікті мазмұнда бейімделеді. Осы процесте медиа ғылым мен қоғам арасындағы байланысты жалғайтын негізгі арналардың біріне айналады. Ғылыми ақпараттың қалай ұсынылғаны оның қабылдануына және ғылым туралы қоғамдық пікірдің қалыптасуына да әсер етеді (Bucchi, 2004).

Ғылыми медиаконтенттерді талдауда фрейминг теориясының орны бөлек. Роберт Энтман медианың шынайылықтың жекелеген қырларын таңдап, соларға басымдық беру арқылы аудиторияның мәселені қабылдауына ықпал ететінін жазады (Entman, 1993). Бұл тәсілді ғылыми жаңалықтарға қолданғанда, ең алдымен, материалда ненің алдыңғы орынға шыққанына назар аударылады. Ғылыми нәтиже жетістік ретінде

көрсетілуі мүмкін, ал кей жағдайда оның технологиялық жаңалығы, ұлттық маңызы немесе ықтимал қаупі басым беріледі.

Медиа репрезентация жөніндегі тұжырымдарында Сюарт Холл оны әлеуметтік мағына беру процесі ретінде қарастырудың маңызын алға тартады. Бұл медианың болған оқиғаны нейтрал позицияда жай ғана ұсына салмайтынын, оны белгілі бір идеологиялық, мәдени не әлеуметтік контекстте қайта құрастыратынын аңғартады. Зерттеушінің көзқарасынша, медиамәтіндер қоғамдағы құбылыстар туралы белгілі бір түсініктер мен образдарды қалыптастырады (Hall, 2021).

Норман Фэйрклоу дискурсты әлеуметтік практиканың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, кез келген тілдік қолданыс қоғамдық құрылымдар мен билік институцияларынан бөлек өмір сүрмейтінін негіздейді (Fairclough, 1995). Атап айтқанда, фрейминг арқылы мәтіндегі негізгі ақпараттық фокус айқындалса, медиа репрезентация концепциясы оқырман санасындағы ғылымның образдық бейнесін таразылауға, ал сыни дискурс-талдау тілдік орамдардағы жасырын мағыналарды ашуға мүмкіндік берді.

Ғылыми коммуникацияның нәтижелілігін бағалауда қамту ауқымы, аудиторияның белсенділігі немесе материалды қарау ұзақтығы сияқты метрикалар жиі қолданылатыны белгілі (Weiß et al., 2024). Десе де, бұл жұмыста оқырман реакциясын тікелей өлшеу мақсат етілген жоқ. Басты назар ғылыми жаңалықтардың медиадағы репрезентациялану тәсілдеріне аударылды. Осыған сәйкес, эмпирикалық талдау кезінде контент-талдау, фрейминг-талдау және сыни дискурс-талдау комбинациясына басымдық берілді.

Әдіснама

Зерттеу кезінде сапалық және сандық әдістерді біріктіретін mixed-methods тәсілін қолдандық. Қазақстан ғылымындағы үш ірі ғылыми жаңалық туралы 72 контентті жинадық. Барлығы мына ғылыми тақырыптар бойынша топтастырылды:

1. Күнсұлу Закария командасының жетістігі – QazVac вакцинасы;
2. Бағдәулет Кенжеалиев жетекшілігімен ашылған жаңалық – селен өндіру технологиясы;
3. Дос Сарбасов командасының жаңалығы – қатерлі ісікке қарсы DVC препараты.

Контент жинау кезінде ғылыми жаңалықтардың түрлі жылда жариялануы ескерілді (QazVac – 2020-2021 жылдар, селен алу технологиясы – 2022 жыл, DVC препараты – 2024-2025 жылдар аралығында). Жиналған 72 материалдың ішінде кейбір контенттің мазмұны қайталанған, кейбірі релиз күйінде дәлме-дәл бірнеше медиада қатар жарияланған. Сондықтан жалпы жиыннан 50 контентті іріктеп алдық.


Контент-талдау кезінде әрбір материал мына санаттар бойынша жіктелді: тақырыптық бағыт; ақпараттың дереккөзі (ғалым, мемлекеттік орган, журналист); ғылыми мазмұн деңгейі (жоғары, орташа, төмен); материалдың жанры (жаңалық, талдау, сұхбат), тон (негатив, позитив, нейтрал), дискурс (институционалдық, ғылыми-сыни, идеологиялық). Бұл әдіс ғылыми контенттің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

John Mingers пен әріптестері ғылыми білімді бағалау мен жүйелеуде сандық және сапалық көрсеткіштерімен қатар өлшенуге тиіс екенін алға тартады. Яғни ғылыми коммуникацияны бағалауда тек жарияланым саны немесе ақпарат көлемі емес, оның ғылыми тереңдігі, дәлдігі және түсіндірілу деңгейі маңызды екенін меңзейді. Бұл өз кезегіде қазақ медиасындағы ғылыми контентті талдағанда ғылыми тереңдік

категориясын енгізу зерттеудің әдіснамалық негізін күшейтеді (Mingers and Leydesdorff, 2015).

Сондай-ақ осы зерттеу кезінде ғылыми тереңдік деңгейін анықтау мақсатында контенттерді үш деңгейлі шкала бойынша жіктедік. Бұл процесте авторлар ғылыми коммуникация әдебиетіне, ғылыми журналистика стандарттарына сүйенді (Bucchi and Trench, 2021). 50 медиамәтіннің ғылыми мазмұнының толықтығы, зерттеу процесінің сипатталуы, ғылыми механизмдердің түсіндірілуі және дереккөздердің сапасы назарға алынды. Сондай-ақ балама пікір, баланстың сақталуы, ғалымдар, сарапшы мамандар пікірінің қамтылуы да ескерілді. Төмен деңгейге ғылыми мазмұны әлсіз немесе тек ақпараттық сипаттағы материалдар жатқызылды. Орта деңгейдегі материалдарда ғылыми нәтиже туралы ақпарат берілгенімен, зерттеу әдістері мен ғылыми негіз толық ашылмайды, жаңалық ашқан ғалымның біржақты пікірі ғана қамтылады. Ал жоғары деңгейге зерттеу процесі, әдістемесі, ғылыми механизмдер мен нәтижелерге талдау жасалған, сарапшы мамандар пікірі қамтылған, балама зерттеулермен салыстырылған материалдар енгізілді (Сурет 1).

1-сурет. Ғылым тақырыбындағы контенттердің ғылыми тереңдік деңгейлері



Мұндай жіктеу аудитория түсіне алатындай деңгей – ғылыми сауаттылық (scientific literacy), тек ақпарат емес, түсіндіру – public understanding of science (PUS) және science communication model (Bucchi) принциптеріне сүйенеді.

Ғылыми материалдардың сапасын қайта бағалау нәтижесінде зерттеу корпусындағы 50 медиамәтіннің ғылыми тереңдігі 1-диаграммада көрсетілгендей үш деңгейге бөлінді. Нәтижесінде 5 материал жоғары, 17 материал орташа, 28 материал төмен деңгейде деп жіктелді. Контенттер ғылыми мазмұнның толықтығы, дереккөздердің сапасы, ғылыми терминологияның қолданылуы және зерттеу контексінің берілуі критерийлері бойынша бағаланды. Зерттеу ғылыми жаңалықтардың едәуір бөлігі күрделі ғылыми процестерді түсіндіруге емес, оқиға туралы хабарлауға бағытталғанын анықтады.

Жоғары деңгейге енген 5 ғылым тақырыбындағы медиаконтенттің мазмұны толық: мұнда зерттеу процесі, әдістемесі, нәтижелері және олардың практикалық маңызы түсіндірілген. Барлығында баланс сақталған, сарапшылар пікірі бар немесе ғалымдардың өзі пікір білдірген. Мұндай материалдар ғылыми коммуникацияның классикалық моделіне жақын келеді. Онда аудиторияға тек ақпарат беріп қоймай, ғылыми түсінік қалыптастыруға ықпал еткен.


Ал орташа деңгейдегі 17 материалда ғылыми факт көбіне қысқаша түсіндіріледі, бірақ сыни көзқарас берілмеген, әдістемелік немесе теориялық негізі ашылмаған. Мәселен, селен алудың технологиясын ойлап тапқан ғалымнан қысқаша пікір алынады, бірақ оған баланс берілмейді. Бұған дейін қандай технология қолданылып келгені, оның ғылымдағы мазмұны ашып көрсетілмейді. Зерттеуге материал қарастырғанда ғалымның өзінен алынған мазмұнды сұхбат табылмады. Тек шағын пікірі қысқаша қосылып отырған. Сондай-ақ нейтралды позиция сақталмаған. Селен технологиясына қатысты барлық контент позитивті тонда жарияланған. «Ұлттық жетістік», «мақтаныш» фреймдері жиі қолданылады.

Төмен деңгейге жатқызылған 28 материалда ғылыми тереңдік айтарлықтай әлсіз екені анықталды. Бұл материалдарда ғылыми жаңалықтар көбіне ресми мәлімдеме немесе жаңалық форматында беріліп, ғылыми дәлел, зерттеу процесі немесе сараптамалық пікірлер қамтылмайды. Нәтижесінде ғылыми ақпарат публицистикалық немесе насихаттық сипатқа ауысып, оның мазмұны қарапайым аудитория үшін түсінікті болғанымен, ғылыми дәлдік пен контекст жоғалады. Мұндай тенденция қазақ медиасындағы ғылыми коммуникацияның әлі де институционалдық деңгейде қалыптаспағанын және ғылыми журналистиканың аналитикалық формалары жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Фрейминг-талдау

Фрейминг-талдау Роберт Энтман ұсынған тәсіл негізінде жүргізілді. Материалдар 2-суретте көрсетілгендей бірнеше фрейм бойынша жіктелді. Талдау жасар алдында медиаконтенттерде ғылыми түсіндірудің аз екені болжанған. Бірақ ол негізгі нәтиженің 18,4%-ын қамтыды. (Сурет 2).

2-сурет. Ғылым тақырыбындағы контенттердің фреймдері



Фреймдік құрылымда «инновация» және «технологиялық даму» компоненттері де байқалғанымен, олардың үлесі жүйелі сипатқа ие болмады. Көп жағдайда инновация фреймі дербес емес, «ғылыми жетістік» немесе «ұлттық мақтаныш» фреймдерінің ішінде қосалқы элемент ретінде берілген. Сонымен бірге «қауіп/тәуекел» және «сын/проблема» фреймдерінің үлесі төмен болып шықты. Бұл медиада ғылыми тақырыптарды сыни тұрғыда талдау, балама пікірлерді ұсыну немесе ғылыми процестің шектеулерін көрсету тәжірибесінің әлсіз екенін байқатып отыр. Нәтижесінде медиада ғылыми дискурс көбіне біржақты, позитив сипатта қалыптасқан. Ғылыми жаңалықтар қоғамдық талқылау нысаны ретінде емес, дайын нәтиже кейпінде ұсынылып жатыр. Мұндай репрезентация ғылыми коммуникацияның сапасына әсер етеді, аудиторияның ғылымды толық әрі сыни тұрғыда қабылдау мүмкіндігін шектейді деген тұжырым жасалды.

Сыни дискурс талдау

Зерттеу кезінде Норман Фэйрклоу ұсынған сыни дискурс талдау әдісімен медиамәтіндердің тілдік және идеологиялық құрылымы талданды. Нақтырақ айтқанда, контенттердің нарратив құрылымы, тілдік құралдар (метафора, бағалау), идеологиялық астар, ғылыми және публицистикалық стильдің арақатынасы талданды. Төмендегі диаграммада ұсынылғандай, сыни дискурс талдау нәтижелері медиамәтіндердің тек ақпарат жеткізуші құрал емес, сонымен қатар белгілі бір бағалау позициясын қалыптастыратын дискурстық құрылым екені көрсетілді. Ал тілдік құралдар мен нарратив құрылымы арқылы ғылыми жаңалықтардың қалай интерпретацияланатыны анықталды. Осы тұрғыда жүргізілген тональдік талдау (позитив, негатив, нейтрал) медиадағы ғылыми дискурстың жалпы бағытын айқындауға мүмкіндік берді (Сурет 3).

3-диаграмма. Ғылым тақырыбындағы контенттерді тональдік талдау





Диаграмма ғылыми жаңалықтардың басым бөлігі позитивті және нейтралды тонда ұсынылатынын көрсетіп тұр. Бұл қазақ медиасы ғылыми ақпаратты көбіне қолдаушы немесе бейтарап позицияда жеткізетінін байқатады.

Позитив тондағы материалдарда ғылыми жаңалықты сипаттайтын «жетістік», «серпіліс», «алғаш рет» деген сияқты сөздер жиі кездеседі. Мұндай сөздер жаңалықтың өзін ғана хабарламай, оған белгілі бір баға да береді. Нейтрал материалдарда баяндау біршама ақпараттық сипатта: ғылыми факт қысқа берілген, автор бағасы аз қосылған. Бірақ мұндай мәтіндерде зерттеудің мәнін ашатын түсіндірме немесе бастапқы дереккөз туралы мәлімет үнемі толық беріле бермейді. Сондықтан материал ғылыми жаңалықты хабарлағанымен, оның мәнін кеңірек түсінуге қажет контекст жетіспей қалады.

Сыни немесе негатив реңктегі материалдар саны көп емес. Оларда ғылыми жаңалықтың ықтимал қауіптері, күмән туғызатын тұстары немесе зерттеу барысындағы шектеулер көбірек жазылған. Мұндай жарияланымдардың ерекшелігі – ғылымды дайын әрі өзгермейтін нәтиже ретінде емес, талқылауға болатын сала ретінде көрсетуі. Алайда олардың жалпы контент ішіндегі үлесі төмен.

Дереккөздерге келгенде де осыған ұқсас жағдай байқалады. Материалдардың 20%-ында Білім және ғылым министрлігіне, 22%-ында басқа мемлекеттік органдарға, соның ішінде Ақорда мен Премьер-министрдің баспасөз қызметіне сілтеме жасалған. Яғни ғылыми жаңалық туралы ақпараттың едәуір бөлігі ресми мекемелер арқылы келген. Мұндай материалдарда ғылыми нәтиже мен ресми позиция қатар беріледі. Соның әсерінен ғылым туралы ақпараттың «жоғарыдан төменге» (top-down) тарайтын үлгісі басым түскенін байқаймыз. Мұнда жаңалықтың ғылыми мазмұнымен қатар оның мемлекеттік немесе имидждік қыры да алдыңғы орынға шығады (Сурет 4).

4-сурет. Контенттердің негізгі дереккөзі



Зерттеуге алынған 50 контенттің 22%-ында дереккөз ретінде тек медиа көрсетілген. Журналистер ақпаратты өзі жинақтап, өңдегенімен, ғылыми сараптама немесе маман пікірі жеткіліксіз болып қалған. Ал 16% материалда медиа мен ғалымның ақпараты қатар берілген. Бұл ғылыми коммуникацияның салыстырмалы түрде тиімді моделіне жақын келеді. Десе де, олардың үлесінің көп болмауы ғылым мен медиа арасындағы тұрақты кәсіби байланыстың әлсіз екенін аңғартады.

Эмпирикалық мәліметтерді сараптау кезінде ғалымдар, сарапшылар, қоғам және ғылыми институттардың медиада ең сирек көзге түсетін дереккөздер қатарында екені белгілі болды (олардың жиынтық үлесі 1%-дан аспайды). Бұл – ғылыми жаңалықтарға арналған материалдардың басым көпшілігінде зерттеу авторының төл пікірі немесе тиісті ғылыми ұйымның ресми түсіндірмесі мүлдем берілмейтінін байқататын елеулі көрсеткіш. Журналистер ақпаратты негізінен мемлекеттік орган өкілдерінің деректеріне сүйеніп таратады. Бұндай тәсілдің кері әсері сол – жаңалықтың өзі хабарланғанымен, ғылыми ізденістің методологиялық барысы, оның іргелі мәні мен зерттеушілердің өз нәтижелеріне берген ішкі бағасы назардан тыс қалады. Бұл тенденция отандық медиакеңістікте ғылыми коммуникацияның көбіне институционалдық-әкімшілік арналармен шектелетінін айғақтайды.

Қорытынды

Зерттеу қазақ медиасындағы ғылыми жаңалықтардың репрезентациясы ғылыми коммуникация моделіне қаншалықты сай келетінін анықтауға бағытталды. Жұмыс барысында ғылым тақырыбында жарияланған контенттердің бірқатар ортақ сипаты байқалды. Ең алдымен, материалдардың басым бөлігінде жаңалықтың негізгі мазмұны берілгенімен, зерттеудің ғылыми мәнін ашатын түсіндірме мен талдау жеткіліксіз. Ғылыми нәтиже көбіне дайын ақпарат ретінде ұсынылады. Ал оны жасаған ғалымның пікірі, зерттеудің ерекшелігі немесе ғылыми ортадағы бағасы, сыны материалда сирек көрінеді.

Бұл жағдай дереккөздерді талдағанымызда да байқалды. Зерттеу нысанына алынған 50 контенттің едәуір бөлігінде мемлекеттік мекемелердің мәліметтері пайдаланылған. Ал ғалымдар, сарапшылар мен ғылыми институттар тікелей ақпарат көзі ретінде шамамен 1% жағдайда ғана кездеседі. Демек, ғылыми жаңалық туралы ақпараттың қайдан алынатыны мен кімнің сөзіне сүйеніп берілуі қажет мәселесі редакциялар мен ғылыми коммуникация саясатын қалыптастырушылардың назарына алынуға тиіс.

Мұның маңызын QazVac туралы медиаконтенттерден байқауға болады. Пандемия кезінде отандық вакцинаның жасалуы мен жетістігі туралы ақпарат кең тарағанымен, медиада оның ғылыми қырын талдайтын, ғалымдардың пікірін қатар беретін немесе түрлі көзқарасты салыстыратын материалдар аз болды. Күнсұлу Закария бастаған зерттеушілер тобының жұмысы әлемдік ғылыми ортада жоғары бағаланғанымен, бұл жетістіктің отандық медиадағы талқылану деңгейі соған сай болмады. Бұл жағдай Бақдәулет Кенжеалиев жетекшілік еткен ғалымдар тобы ашқан селен өндіру технологиясы, Дос Сарбасов бастаған ғалымдар ашқан препарат туралы материалдарда да қайталанды. Осы мысалдар ғылыми жаңалықты жариялау мен оны қоғамға түсіндірудің бір нәрсе емес екенін көрсетеді.

Ғылым туралы ақпараттың мұндай сипатта берілуі ғылыми журналистиканың алдында тұрған мәселені де аңғартады. Жаңалықты хабарлау жеткіліксіз. Оның ғылыми мәнін ашу, ғалымның пікірін беру, нәтижеге қатысты түрлі сын-қисынды қатар көрсету

және қажет жағдайда шектеулерін түсіндіру де журналистің жұмысына енуі керек. Бұл ретте редакциялардың ғылыми орта өкілдерімен тұрақты байланыс орнатуы және ғылыми тақырыпты меңгерген қазақтілді медиамамандардың қалыптасуы маңызды болып отыр.

Авторлардың қосқан үлесі

Қабылғазина К. – зерттеу жұмысына жетекшілік етті, нысандарды анықтауға қатысты, мақаланы сыни тұрғыдан қарап, соңғы нұсқасын бекітті.

Қыдырханова А. – хат-хабар авторы, зерттеу жүргізді, мақаланың барлық бөлімін дайындады.

Дуйшекеева А. – халықаралық тәжірибеге қатысты материалдарды қарастырып, мақаланың ғылыми мазмұнын толықтыруға атсалысты.

Әдебиеттер тізімі

Aiger, M., Elboj, C., Lozano-Blasco, R. and Acero-Ferrero, M. (2026) 'Science communication in social media: Analysis of success on TikTok, Instagram, and YouTube across scientific disciplines', Computers in Human Behavior, 177, 108866. doi: https://doi.org/10.1016/j.chb.2025.108866

Bostrom, R.P. and Heinen, J.S. (1977) 'MIS problems and failures: A socio-technical perspective. Part I: The causes', MIS Quarterly, 1(3), pp. 17–32. doi: https://doi.org/10.2307/248710

Bucchi, M. (2004) Science in society: An introduction to social studies of science. London: Routledge. doi: https://doi.org/10.4324/9780203299739

Bucchi, M. and Trench, B. (eds) (2021) Routledge handbook of public communication of science and technology. 3rd edn. London: Routledge. doi: https://doi.org/10.4324/9781003039242

Burns, T.W., O'Connor, D.J. and Stocklmayer, S.M. (2003) 'Science communication: A contemporary definition', Public Understanding of Science, 12(2), pp. 183–202. doi: https://doi.org/10.1177/09636625030122004

Chan, H.-Y., Cheung, K.K.C. and Erduran, S. (2023) 'Science communication in the media and human mobility during the COVID-19 pandemic: A time series and content analysis', Public Health, 218, pp. 106–113. doi: https://doi.org/10.1016/j.puhe.2023.03.001

Entman, R.M. (1993) 'Framing: Toward clarification of a fractured paradigm', Journal of Communication, 43(4), pp. 51–58. doi: https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x

Fairclough, N. (1995) Media discourse. London: Edward Arnold.

Hall, S. (2021) 'The work of representation', in Prentki, T. and Abraham, N. (eds) The applied theatre reader. 2nd edn. London: Routledge, pp. 74–76.

He, M. (2017) 'The science communication in context of new media: The case of science journalism', Journalism and Mass Communication, 7(8), pp. 446–451. doi: https://doi.org/10.17265/2160-6579/2017.08.002

Kaplan, A.M. and Haenlein, M. (2010) 'Users of the world, unite! The challenges and opportunities of social media', Business Horizons, 53(1), pp. 59–68. doi: https://doi.org/10.1016/j.bushor.2009.09.003

Mingers, J. and Leydesdorff, L. (2015) 'A review of theory and practice in scientometrics', European Journal of Operational Research, 246(1), pp. 1–19. doi: https://doi.org/10.1016/j.ejor.2015.04.002

van Wee, B. (2025) 'Communication between science, policy and the media: Lessons for researchers', Urban Transitions, 1, 100002. doi: https://doi.org/10.1016/j.ubtr.2025.100002

Weiß, M., Gollwitzer, M. and Hewig, J. (2024) 'Social influence and external feedback control in humans', F1000Research, 12, 438. doi: https://doi.org/10.12688/f1000research.133295.3

Wind, Y. (1978) 'Issues and advances in segmentation research', Journal of Marketing Research, 15(3), pp. 317–337. doi: https://doi.org/10.1177/002224377801500302

Есенбекова, Ұ.М. (2020) 'Ғылыми жетістіктерді медиа арқылы насихаттау мен түсіндірудің ағартушылық парадигмасы', Хабаршы. Журналистика сериясы, 55(1), 76–85-бб. doi: https://doi.org/10.26577/HJ.2020.v55.i1.08

Есенбекова, Ұ.М. and Құтым, Б. (2020) 'Ғылыми коммуникацияның ақпарат дәуіріндегі ерекшеліктері', Хабаршы. Журналистика сериясы, 56(2), 114–122-бб. doi: https://doi.org/10.26577/HJ.2020.v56.i2.11

К. Кабылгазина[1], А. К. Кыдырханова*[2], А. Т. Дуйшекеева[3]

[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[3]Кыргызский национальный университет имени Жусипа Баласагына, Бишкек, Кыргызстан

Проблемы фреймирования научного контента в казахстанских медиа

Аннотация. Целью статьи было определить, как тема науки представлена в казахстанских СМИ, как происходит медийное освещение научных новостей и как это влияет на научную грамотность в обществе. Исследование проводилось с использованием методов критического дискурс-анализа, фрейминга и контент-анализа. В качестве эмпирического источника были выбраны 72 медиаматериала, опубликованных в независимых и государственных онлайн-изданиях в период с 2020 по 2025 год. В исследовании также учитывались языковые средства и нарративы научных новостей в медийном дискурсе, научный уровень текстов и сохранение баланса мнений в содержании.

В результате анализа было установлено, что доля государственных органов как основного источника контента по теме науки значительно выше. Более 75% медиатекстов представлены в позитивном тоне. Объяснение ученого, проводившего научное исследование, или его оценка в научном сообществе встречаются в материалах редко. Выявлено, что информация об альтернативных мнениях и возможных рисках научных новостей редко включается в текст. Это приводит к формированию одностороннего мнения о казахстанской науке, часто ограничивающегося рамками «национальной гордости» и «успеха».

Проведенное исследование стало основой для выявления важности пересмотра политики научной коммуникации в казахстанских СМИ. Оно также указало на необходимость укреплять связи между редакциями и научным сообществом, развивая направление по популяризации науки.

Ключевые слова: научная коммуникация, фрейминг, контент-анализ, научная журналистика, критический дискурс-анализ.

K. Kabylgazina[1], A. K. Kydyrkhanova*[2], A. T. Duishekeeva[3]

[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3]Jusip Balasagyn Kyrgyz National University, Bishkek, Kyrgyzstan

The framing of scientific content and issues of science popularization in Kazakhstani media

Clickbait тақырыптардың көбеюінің заңдылықтарына тоқталар болсақ, біріншіден, кез келген БАҚ-тың рейтингі мен қаралым саны медианың тікелей табысына әсер етіп отыр. Екіншіден, әлеуметтік желілердегі эмоционалды тақырыптар тез қаралады, жылдам тарайды. Үшіншіден, қазіргі аудитория клип нұсқадағы қысқа ақпаратқа тез назар аударып, қабылдайды. Көп жағдайда мұндай тақырыптар материалдың ішкі мазмұнына сәйкес келмейді, оқырманның сенімсіздігін туғызып жатқан жағдайлар аз емес.

Бұл зерттеуді жасаудағы мақсатымыз қазіргі қазақстандық БАҚ-тағы clickbait тақырыптардың ерекшелігі мен аудиторияға әсерін талдау. Тек осы мәселе ғана емес clickbait ұғымының шығу тарихы мен теориясына түсінік бере отырып, біздің медиамәдениетімізге қалай әсер етіп отырғанын нақты мысалдармен сараптау міндетін қойдық.

Зерттеуіміздің негізгі нысаны әлеуметтік желілердегі clickbait тақырыптар алынып, аудиторияның психологиясына әсер ету деңгейін анықтай отырып, қолданылу ерекшеліктеріне тоқталамыз. Мақалада қазақ журналистикасындағы clickbait тақырыптардың орны, бұл үрдістің қоғамға ықпал етіп отырған тұстарын кеңінен талдаймыз.

Әлемдік массмедиадағы clickbait тақырыбында көп зерттеулер жүргізілген. Біз тоқталатын авторлар clickbait-тің ақпарат сапасы мен аудиторияға әсерін терең зерттеген ғалымдар. Clickbait тақырыптың танымалдық пен сенімге әсері туралы ғылыми мақала жазған К.Мангер тәжірибелік зерттеулер жүргізіп, кей жағдайда бұл пішіндегі ақпараттар аудиторияға кері әсерін тигізіп, ақпаратқа деген сенімді жоғалтатынын, барлық clickbait тақырыптар біркелкі әсер бермейтінін дәлелдеген (Munger & Luca, 2020). Оклахома университетінің зерттеушісі К.Скотт сенсациялық тақырыптардың аудиторияға әсерін және олардың оқырман сеніміне ықпал ету ерекшеліктерін зерттейді (Scott, 2023). Ч.Жефри зерттеушілер тобы clickbait тақырыптағы материалдар тек қоғамның қызығушылығын туғызбайтынын, егер ақпарат сапасы төмен болса бұл ақпаратпен бөлісу ықтималдылығы төмендейтінін дәлелдейді (Fone & Jeffrey, 2021). Гордан Ивковичтің «Clickbait жасау құпияларын ашу» (Ivković, 2025) атты зерттеу мақаласында

Спербер мен Уилсонның релеванттық теориясының негізгі постулаттарын қолдана отырып, clickbait тақырыптардың қабылдануы, онда қолданатын стратегиялар және екі түрлі чатбот TalkAI және Gemini арасындағы кез келген ықтимал ауытқулар туралы терең зерделей отырып, аффективті және шиеленісті тіл, әрекет сөздері, артықшылық, шектен шығу және т.б. қолданылатынын дәлелдеген (Sperber & Wilson, 2005).

Ник Карчиопполо, Ди Лунь, Сороя Джулиан Макфарлейн «Асыра сілтеушілікпен жасалған және күмәнді clickbait тақырыптары және олардың медиа білім беруге әсері» (Carcioppolo & Lun, 2021) атты зерттеуінде кез келген мақала мазмұнына сәйкес келмейтін clickbait тақырып медиа мазмұнына әсер ететін фактор екенін дәлелдейді. Бұл зерттеуде жаңалықтар мазмұнын саналы түрде бұрмалап көрсететін сенсациялық мақалалар жарнамадан түсетін кірісті арттыратынына нақты дәлелдер келтіреді. Аудиторияның ақпаратты қабылдауына әсерін, соның ішінде сұрақ түріндегі тақырыптар адамның материалды толық түсіну деңгейін төмендетуі мүмкін екенін дәлелдеген (Carcioppolo & Lun, 2021). Бұл өзекті тақырыпты зерттеген орыс ғалымдары О. А.Гаврикова (2018), Ж. Р. Сладкевич (2019), қытай ғалымы Ся Хунлин. Чунцин (2023) өз еңбектерінде заманауи журналистикадағы кликбейттің сандық медиадағы аудиторияның назарын аудару үшін қолданатын тілдік құралдарын жан-жақты талдай келе, осы тақырыптардың лексикалық, стилистикалық, құрылымдық және прагматикалық ұйымдастырылуы, онлайн медиадағы эмоционалды тартымдылық, нақты реакцияларды анықтаған.

Әдіснама

Зерттеу барысында контент талдау, аудитория арасында сауалнама жүргізу, сараптама жасау, зерттеу еңбектеріне шолу жасау әдістері қолданылды.

Зерттеуде қазақтілді әлеуметтік желідегі материалдар талданып, clickbait тақырыптар табиғаты мен оқырман аудиториясына ықпал ету механизмдері, ақпаратты қабылдау мен кері байланыс әсерін анықтауға бағытталды. Бұл мақалада сандық және сапалық салыстыру әдістері пайдаланылды. Зерттеу нысанына Facebook, Instagram, TikTok, Telegram платформалары, қазақстандық интернет-порталдарда жарияланған clickbait сипаттағы мақалалар алынды. Оның ішінде NUR.KZ, Qaz365.kz, El.kz, Stan.kz, Massaget.kz, Tengrinews.kz т.б. нақты материалдары негізінде талданып, кейбір әлеуметтік желідегі посттар мен интернет ресурстағы мақалалар талданды. Соңғы екі жылда шыққан ондаған мақаланың тақырыптары алынып, құрылым, эмоционалдық әсері мен аудитория реакциясы зерделенді.

Зерттеуде қазақстандық әлеуметтік желіде көбінде қандай clickbait тақырыптар орын алады, аудитория назарын аудару дәрежесі қандай, ақпаратқа сенім дәрежесі мен медиасауаттылыққа әсері бар ма деген сұрақтарға жауап ізделді. Басты гипотеза - clickbait тақырыптар аудитория назарын тез аударады, қаралым санын жылдам көтереді, ақпараттың сапасын төмендетеді деген тұжырым ұсынылды.

Бірінші кезекте шетел ғалымдары зерттеулеріне шолу жасалып, одан кейін орыс және қазақ зерттеушілері пікірлері негізге алынды. Әлеуметтік желілердегі clickbait тақырыптар жинақталды, оның ішінде эмоционалды, сенсациялық, манипулятивті түрлері кең тарағаны, аудитория психологиясына әсері туралы қорытындылар жасалды. Ғылыми мақалада негізгі зерттеу әдістері ретінде сапалы контент талдау әдісі, ол медиамәтіннің маңызды элементтері ретінде кликбейт тақырыптарының мазмұнына енгізілген нақты мағыналарды анықтауға бағытталды.

Нәтижелер мен талқылау

Біздің бұл тақырыпты назарға алудағы негізгі себебіміз отандық массмедиадағы clickbait тақырып мәселесі аз зерттелген, интернет-БАҚ-тарда clickbait-ке аудитория сенімі, оның берілу механизмі, оқырманның психологиялық реакциясы туралы зерттеулер жоқ. Қазақ тіліндегі clickbait тақырыптардың лингвистикалық ерекшелігі туралы тіл мамандарының зерттеуі кезек күттірмейтін өзекті мәселе деп ойлаймыз.

«Clickbait» ағылшын сөзі. Click «басу», bait «жем» деген мағына береді. Яғни «шертулерге арналған жем» тіркесінен шыққан. Әлеуметтік желіні пайдаланушыларды тарту, қызықтыру мақсатында эмоциялық тақырып қойып, қаралым санын арттырудың тәсіліне айналған бұл формат қазақ журналистикасы теориясында әлі терең зерттелмеген. Ғылыми әдебиеттерде бұл тәсілдің ақпарат мазмұнын ашудан гөрі интрига туғызуға бағытталғаны туралы көп айтылады (Ахметов, 2025). Мұндай тақырыптарда көбіне әсірелеу, эмоцияға толы бояу, белгісіздік пен манипуляциялық сөздер көптеп қолданылады.

Clickbait ұғымы бүгін пайда болды десек қателесеміз. Дәстүрлі БАҚ кезеңінде пайда болған бұл ұғым АҚШ-тағы сары басылымдар кезеңімен тығыз байланыстырылады. Әсіресе қылмыс, апат, жанжалды оқиғаларды бергенде әсірелеп жеткізу тәсілі XIX ғасырда пайда болған деген шетел зерттеушілерінің тұжырымы бар. Кейін теледидар мен таблоидтық журнализм кезеңінде бұл бағыт дами түсіп, интернет медианың пайда болуы XX ғасыр басында сенсациялық форматтарды жиі қолданылу дәстүрі белең алды. Ол әсіресе онлайн БАҚ пен блог платформалар, әлеуметтік желілерде жедел дамыды. Facebook, Instagram, YouTube, TikTok, Telegram т.б. әлеуметтік институттардағы басты табыс көзі жарнама болса, қаралым санын көбейту мақсатында осындай интригалық тақырыптар қоюда белсенділік танытып отыр. Бұл біріншіден, даулы құрал және көп қаралым жинаған контент автоматты түрде кең аудиторияға шығады. Екіншіден, онлайн бұқаралық ақпарат құралдарында бәсекелестік жоғары, әр оқырман үшін тартыс бар. Үшіншіден, clickbait массмедиа сапасына әсер етіп отырған қазіргі маркетингтік құрал. Кейбір зерттеушілер мұны ақпарат сапасына кері әсер ететін фактор деп тұжырымдайды (Құтпанбаева, 2019), (Көшкенов және Сақ, 2019) . Clickbait тақырыптарын бірнеше түрге бөлуге болады. Шартты түрде оларды эмоционалды (оқырман бойында эмоциялық реакция туғызу арқылы материалды оқуға итермелеу), интригалық (тақырыптың ең қызық тұсын жасырып, не болады екен деген сұрақ туындатады), манипулятивті (шындықты бұрмалай, асыра сілтеп жазу), жалған сенсация элементтері бар материал (ақпарат қолдан жасалып, қарапайым ақпаратты әсірелеу арқылы жалғандық қосылады) деп бөлеміз.

Отандық интернет-БАҚ-та clickbait пен аудитория сенімі арасындағы байланыс толық қарастырылмаған. Сондықтан біз осы зерттеуімізді қазақстандық интернет журналистикадағы clickbait тақырыптардың орны мен ерекшелігіне, аудитория сеніміне әсерін зерттеуге талпыныс жасап көреміз.

Қазақстандық әлеуметтік желілерде эмоционалды clickbait көбіне қорқыныш, қызығушылық, таң қалу, ашу немесе аяушылық сезімдерін қоздыру арқылы қолданылады. Әсіресе Instagram, TikTok, YouTube және Telegram арналары мұндай тақырыптарды жиі пайдаланады. Осы жағдайларды зерттеуімізде нақты мысалдарды талдап, таразылаймыз. Негізінен эмоционалды clickbait тақырыптар «жұрттың жағасын ұстатты», «дүрліктірді», «халық шулады», «шындық ашылды», «сенбейсіз»,

«масқара» т.б. эмоцияға әсер ететін сөздер арқылы беріледі. Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі clickbait тақырыптағы материалдар қорқыныш, қызығушылық, интрига арқылы аудиторияны тарту, аяушылық эмоциясын шақыру, үрей туғызу, драматизация элементтері бар сөздерді пайдалану арқылы беріледі. Facebook әлеуметтік желісінде «Қызықтың бәрі осында» парақшасы мысалдарымен талдаймыз. Бұл парақшада «Маңызды ақпарат», «Политико KZ», «Анонимный участник», «Серіктес жаңалықтар» т.б. айдарлары бар. Бұл айдарлардың көпшілігіне эмоцияға әсер ететін тақырыптарды қояды екен. Бір күнгі материалдарға назар аударатын болсақ. 2026 жылдың 21 мамырдағы жарияланымының көпшілігі сенсациялық жаңалықтарға толы. «Алматыда 29 жастағы жігіт попкорнға қақалып, көз жұмды» деп аталады. Авторы - Арай Сәбитова. Шын мәнінде болған оқиға. Жас жігіт сол жерде көз жұмғаны рас, бірақ себептері толық ашылмаған. Бұл парақшаның ерекшелігі материалды толық бермейді, алғашқы екі сөйлемін беріп, сілтемеге жүгінуге шақырады. «Маңызды ақпарат» айдарында блогер Сәуле Базарханның қазасына қатысты бірнеше ақпарат берілген. Оларға «Алғашқы жағдай емес», «Танымал блогер Сәуле Базархан қайтыс болды», «Анасының өліміне қатысты мәлімдеме жасады» деген тақырыптардағы мақалалар берген. Іштегі майын кетірмек болған блогердің өлімінің себептерін осындай clickbait тақырыптар қою арқылы жазған бұл ақпараттардан байқайтынымыз қызықты, талқыға қызу түсетін мақала, фото, бейнематериал жариялау арқылы оқырман жинайды. Осы парақшада Баян Алагөзова мен Динара Сәтжан сотқа беріп жатқан емші туралы да бірнеше материалдарға орын табылған. Нұргелді Тортайдың «Көмектесіңдер маған!», «150 мың ақша жинаған» т.б. тақырыптарда Бағдагүл емшінің тікелей эфирде халықтан көмек қолын сұрап отырғанын, емшінің мүлкіне тексеру жүргізіліп, құқық қорғау орындары айналысып жатқаны туралы жазылған. Бұл қысқа материалдарда жан-жақты тексерілген ақпарат емес, көпке мәлім деректер ғана берілген. Тек тақырыпты айғайлатып беру арқылы оқырманның қызығушылығын туғызып, парақшаға өту үшін таңқалу эмоциясын қоздыру арқылы қоғамдық пікірталас тудыратын эмоционалды тақырыптар қойылған.

Қазақ тіліндегі әлеуметтік желілерде clickbait әдісімен жазылған материалдар эмоциялық және сенсациялық сипатқа ие. Астана телеарнасының жаңалықтарынан берілген «TikTok-та тараған қауіпті тренд ата-аналарды алаңдатуда» деген тақырыптағы сюжет қорқыныш эмоциясына негізделіп жасалған. Көрерменнің алаңдаушылығын күшейту арқылы оқырман, тыңдарман, көрерменді сюжетті аяғына дейін көруге итермелейді. Бұл көрермен санын арттыру мен қоса пікірталас тудыратын тақырып. Қарапайым адам жасанды интеллект арқылы фотосессия жасай алатын болса, бүгінгі таңда осы жасанды интеллект арқылы адамдарды алдауға жол беріліп жатқандығы туралы ҚР ІІМ ескерту жасайды. Материалда кибералаяқтардың қазақ жеріндегі белгілі тұлғалардың фото, бейнелерін пайдаланып бұрмалап, алаяқтыққа жол берілгені туралы материалда жан-жақты жазылған.

El.kz сайтының «Жастарды TikTok тәрбиелеп жатыр» атты материалы эмоционалды пікірталас туғызу мақсатында жазылғаны байқалады. Бұлай деп айтқан Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыровтың пікірімен көпшілік келіспеуі де мүмкін. Дегенмен қазақстандықтардың әлеуметтік желіге тәуелділігі артуына алаңдаушылық туғызады. «Шектеусіз таратылымдағы әлеуметтік желілер пайдалы білім алып, үнемі қозғалыста болуы тиіс балалардың алтын уақытын ұрлағанымен қоймай, олардың денсаулығына, психикасына да теріс әсер етуде» (Асылбекова, 2024), - деген пікір орынды. Депутат

TikTok желісіне шектеу қоюды ұсынады. Заңға сәйкес моральдық құндылықтар сақталмаса, шектеу қою қажеттігі жастар санасына кері әсер ететін материалдарға жол бермеу туралы мәселе көтерді.

NUR.KZ сайтында да clickbait сипаттағы материалдар көп жарияланады. Бұл тақырыптар негізінен эмоция, сенсация, қорқыныш сезімін туғызу арқылы оқырмандарды өзіне тарту мақсатын көздейді. «Қазақстандықтарға несие беруден бас тартуы мүмкін» деген мақалада халық арасында әлеуметтік алаңдаушылық, белгісіздік, сенімсіздік сезімін туғызуға құрылған сияқты.

NUR.KZ сайтындағы қазақ тілінде жарияланған немесе қазақ аудиториясына бағытталған clickbait сипаттағы тақырыптардың мысалдары өте көп. Бұл тақырыптар эмоция, қорқыныш, сенсация және интрига арқылы оқырман назарын аударуға құрылған. «Эбола өршуіне байланысты министрлік қазақстандықтарға үндеу жасады» деген тақырып қорқыныш сезімін шақырса, «Әлем жаңа жойқын пандемия алдында тұруы мүмкін» деген тақырып үрейге құрылған. «Жоғалып кеткен әйелді зираттан іздеді» адамдардың үрейін ұшыруға құрылған сияқты. «Жасарған су перісі»: желідегі фотосессия жұртты таңғалдырды» деген тақырып таңдандыру эффектісіне құрылып, шоу-бизнес туралы clickbait мазмұндағы тақырып қойылған. Бұл clickbait тақырыптарда «өршу», «жойқын пандемия», «зираттан іздеді», «жасарған су перісі» эмоциялық сөздері толық ақпаратты жасыра отырып, интрига мен эмоция шақыру арқылы оқырмандардың материалды ашып толық оқып шығуына итермелейді. Осы талдаудан мынадай сараптау кестесін шығаруға болады.

1-кесте. NUR.KZ сайтының clickbait тақырыптарының түрі.

№	Clickbait түрі	Мысалдар
1	Қорқыныш сезімін туғызатын clickbait	Жаңа пандемия туралы
2	Интрига туғызатын clickbait	Зираттан іздеу
3	Эмоцияға әсер ететін clickbait	Жойқын пандемия
4	Әлеуметтік алаңдаушылық туғызатын clickbait	Несие берілмейтіні туралы ақпарат

Жоғарыдағы clickbait тақырыптар аудитория назарын жылдам аудару мақсатын көздеп, адамның эмоциясына әсер ету арқылы қаралым санын көбейтуге негізделген. Бұл сонымен қатар NUR.KZ сайтының осындай clickbait тақырыппен мақала берудегі саясаты пікірталас тудыруға, оқырманмен тез арада кері байланыс орнатуға бағытталғаны байқалады.

Әлеуметтік желіде де clickbait тақырыптар өте көп кездеседі. Мысалы «Лабатты лаңкес - қоғамды дүр сілкіндерген» (tiktok.com›@temirqogam 2022/video/…), «Қазақстанды дүр сілкіндірген оқиға» (stan.kz›news-430011/), «Жаркенттегі жұртты дүр сілкіндірген оқиға» (kaz.tengrinews.kz› kazakhstan_news/jarkentteg-…), «Қазақстанды дүр сілкіндірген оқиға» (youtube.com›watch), «Жұртты дүр сілкіндірген әрекет» (massaget.kz›jelidegi_angime/jurttyi-dur-slkndrgen) т.б. осы сияқты тақырыптардың мақсаты жұртшылықтың назарын аударып қана қоймай, парақшаға кіріп, осы материалдарды оқуға, кері байланыс орнатуға, оқырманның өз пікірін қалдыруына итермелейді. Бұл тақырыптар ақпараттың негізгі бөлігін жасырып тұр. «Бұл қандай оқиға? Не болды екен?», «Қандай жағдай?» деген заңды сауалдарды туғызып, қызығушылық қалыптастыруға негізделген. Бірақ материалдар мазмұны қарапайым, жай оқиға туралы болып келеді.

Медиакеңістіктегі шексіз ақпарат арасынан біздің назарымызды аударатын кликбейт айдарлар «Шок жаңалық», «Білсеңіз таң қаласыз», «Дәрігерлер мұны бәрінен жасырып келді», «Сіз сенбейсіз», «Белгілі болды» т.б. сөз тіркестері әлеуметтік желілердің ажырамас бөлігіне айналды. Мұндай айдарды көрген оқырман, тыңдарман, көрермен эмоциясын клик үшін басқаратын цифрлық маркетинг әдісі деуге толық негіз бар. Зерттеушілер сапалы материал мен манипуляциялық мазмұнды ажыратудың жолдарын көрсетіп отыр. Дегенмен мұны ажырату үшін арнайы медиасауаттылық дағдылары қажет болады. Кликбейттің негізгі ерекшелігі тақырып пен мазмұнның арасындағы айтарлықтай алшақтық. Қарапайым қағидаға негізделген бұл әдіс адамдардың кликбейт тақырыптарды көп басып, мазмұнына үңілуі трафиктің жоғары болуы, жарнамадан көп кіріс кіретіні туралы зерттеушілердің пікірі орынды.

Қазір Instagram, Facebook, TikTok сынды әлеуметтік желілерде саяси ақпарат тарату арнасына айналып отыр. Көпшілік назарын аудару үшін осы әлеуметтік желілерде сайттар мен блогерлер саясаттағы жаңалықтарды беруді үрдіске айналдырды. Саяси тақырыптағы контенттер де clickbait элементтерін пайдалану арқылы оқырман тарту әдісін кеңінен өз материалдарының тақырыбын қоюда пайдалануда және бұл бұқараның пікір қалдыруына ары қарай осы ақпаратты таратуына ықпал етуде. Саяси clickbait көбіне қысқа болғанымен арандатушы сипатта болып келеді. Мысалы NUR.KZ Instagram парақшасында «Серік Сәпиевке қатысты жанжал: оның орнына кім тағайындалды», «Министр мен депутат айқайласып кетті», «Ерболат Досаев тағы бір қызметінен айырылды», «Қазақстан мұнайын алып кетуге келе жатқан грекиялық танкер Қара теңізде шабуылға ұшырады», «Челах ісін қараған судья қызметінен босатылды», «Брюссельдегі «Дәрет сындырып тұрған бүлдіршінге» тағы да шапан жабылды (фото, видео)» т.б. бұл материалдар мазмұнына үңілсек, нақты мәселенің мәнінен гөрі эмоциялық реакцияға көп орын берілгені байқалады.

Қазақстандық студенттер арасында кликбейт тақырыптарға қатысты көзқарастарын білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 50 студент қатысып, респонденттердің жауаптары бойынша аудиторияның clickbait тақырыптарға көзқарасын көрсететін диаграмма жасалды. Ол төмендегідей пайыздық көрсеткішке ие болды.

1-сурет. Аудитория арасында жүргізілген сауалнамаға жауап берушілердің 31 пайызы кликбейт тақырыптар жиі кездеседі, 18 пайызы тақырып сенімсіздік туғызады, респонденттердің 22 пайызы материалды толық оқиды, 13 пайызы тақырыппен шектелсе, 16 пайызы кликбейт медиасауаттылыққа әсер етеді деген пікірде екен.

Қазақстандық әлеуметтік желілерде саяси clickbait көбіне қысқа, эмоционалды және арандатушы сипатта беріледі. Мысалы, NUR.KZ Telegram арнасында жарияланған «Министр мен депутат айқайласып кетті» стиліндегі посттарда жанжал элементі алдыңғы орынға шығады. Мұндай материалдарда нақты мәселенің мәнінен гөрі эмоциялық реакция маңыздырақ көрсетіледі. Осы сияқты Qaz365.kz Telegram арнасында да «елді шулатқан», «халық наразы», «жұрт ашуланды», «желіні жарып жатыр» деген сияқты тіркестерді көп пайдаланады. «Астанада дөнерді жарнамалау үшін полицейге пранк жасаған блогерлер қамауға алынды», «Жығылған адамды пышақтай берген», «6 жерінен пышақтаған», «Алматы облысында әйелін көлікпен қағып өлтірді», «Хантавирус пандемияға ұласуы мүмкін бе?», ««Наразылық туындаған»: Ақордадағы ауыс-түйістің мәні неде?» тағы осы сарындас тақырыптар қойылған. Бұл clickbait тақырыптарда эмоционалды лексика қолданылып, аудитория эмоциясына әсер ете отырып, пікірталас

пен реакция туғызуға бағытталған деуге болады. Негізінен әлеуметтік желілердегі осы мазмұндас контенттердің кең таралуы, даулы посттардың көп жариялануы репост, қаралымды көп жинайды. Qaz365.kz Telegram арнасы clickbait тақырыптарды көп пайдаланатыны, бұл осы арнаның этика мен ақпарат саясатының сапасы мәселесін өзекті ете түседі.

Қазіргі таңда clickbait тақырып қою цифрлық платформаның ажырамас бөлігіне айналды, үнемі даму үстінде. Дегенмен академиялық орта әлі де clickbaitке нақты анықтама беріп, бір тоқтамға келген жоқ. Ең жиі кездесетін ерекшеліктері: мұндай тақырыптар назар аудару мақсатында, веб-бетке кіруге итермелейді, провокациялық, сенсациялық тақырыптар арқылы жазылушылар санын арттырады, тақырып мазмұны маңызды болмаса да асыра сілтеуді пайдаланады. Бірқатар зерттеушілер кликбейт тақырыбының: «Оқырманды манипуляциялайды, оларды әдейі сенсациялық немесе толық емес ақпаратпен адастыру арқылы сілтемені басуға мәжбүрлейді» (Ахметов, 2025), - деген пікір айтады.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында әлеуметтік желілер медиаконтентті таратуға және оны аудиторияға ұсынуға мүмкіндік беретін маңызды коммуникациялық платформалардың бірі болып табылады. Зерттеулер әлеуметтік желі аккаунттарындағы кликбейт көбінесе жазбаларды таныстыруда («қараңыз...», «... туралы мақала оқыңыз», «сіз білмеуіңіз мүмкін, бірақ...» т.б.) қолданылатынын көрсетеді. Кликбейт элементтері Instagram және TikTok мұқабаларында Stories және Reels жасауда да қолданылады. Осыған байланысты тек мәтіннің өзі ғана емес, сонымен қатар визуалды материалдар маңызды рөл атқарады. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері кликбейт тақырыбы ресми БАҚ сайттары, әлеуметтік желілерде, әсіресе Facebook, Instagram, YouTube, TikTok, Telegram арналарында кең таралғанын көрсетті.

Қорытынды

Әлемдік медиакеңістікте clickbait тақырыптар бұқара назарын аударудың ең тиімді құралына айналып отыр. Әлеуметтік желілер clickbait тақырыптарды жиі беру арқылы сенсациялық, эмоциялық ақпарат таратып, жоғары бәсекелестік жағдайындағы ақпараттық кеңістікте өз орындарын иеленуде. Қазақстандағы әлеуметтік институттар осы тәсіл арқылы аудитория арасында қорқыныш, таңдану, интрига туғызу мақсатында оқырмандарының көпшілігі сол парақшаларды ашуға итермелейтініне көз жеткіздік.

Зерттеуімізде clickbait тақырыптары қысқа уақыт аралығында көп оқырман жинауға септігін тигізіп қана қоймай, аудиториямен кері байланыс орнатуға септігін тигізетінін анықтадық. Бірақ жария болған материалдың ұзақ мерзімді келешегі жоқ және ақпаратқа деген сенім азаятыны байқалды. Тақырып пен материалдың мазмұнының сәйкеспеуі бұқара көңілінде сенімсіздік ұялатады. Бұл жағдай массмедиа тұтынушыларының сенімін жоғалтып қана қоймай, тұтас медиасауаттылық деңгейіне әсер етіп, сапалы журналистикаға тиесілі құндылықтар әлсірейді. Аудитория арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері clickbait тақырыптардың көп кездесетінін, мұндай тақырыптардың сенімсіздік туғызатынын, кей жағдайда жария болған ақпаратты толық оқуға құлқы жоқ оқырмандар да бар екенін көрсетті. Бұдан шығатын қорытынды, қазіргі қазақстандық медиакеңістікте ақпаратты үстірт қабылдау тенденциясының пайда болғаны байқалады.

Instagram, TikTok, Telegram және Facebook т.б. әлеуметтік желілерде эмоцияға, интрига мен манипулятивті ақпарат тарату үрдісі көбейе түсіп, арандатушы тақырыптағы

материалдар баршылық. Бұл аудиторияның белсенділігін күшейту мақсатында жасалғанымен кері әсер ету факторы орын алып отырғаны анықталды.

Зерттеуді қорытындылай келе, төмендегідей ұсыныстар айтуға болады:

Біріншіден, интернет журналистикада этика талаптарын күшейту шаралары қолданылуы шарт, екіншіден, тақырып пен материал мазмұны бір-біріне сәйкестелуі қажет, үшіншіден, әлеуметтік желілердегі ақпаратқа қарапайым аудитория сыни көзбен қарауды үйренуі тиіс, төртіншіден, clickbait тақырыптарды пайдаланғанда әрбір редакция бақылауды күшейткен жағдайда сапалы медиаконтент жасай алады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Шиндалиева М. Б. – бақылау және ұсыныс беру, негізгі бөлімді жазу, мақсат-міндетті анықтау, жалпы ғылыми аппаратты басқару, деректерді сұрыптау, редакциялау.

Жанысбаева А. П. – хат-хабар авторы, әдебиетпен жұмыс, материалдарды жинау, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

Асылбекова, М. (2024) 'Жастарды TikTok тәрбиелеп жатыр', El.kz (қаралған күні: 1 шілде 2026).

Ахметов, С. (2025) 'Қазақстандық онлайн медиадағы кликбейт тақырыптарды сандық және сапалық бағалау әдістемесі', Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы, 3.

Гаврикова, О.А. (2018) 'Саяси медиадискурс мәтіндеріндегі кликбейт-тақырыптардағы ақпараттың мағыналық бұрмалануы', Башқұрт университетінің хабаршысы, 23(1), 173–179-бб.

Зелянская, Н.Л., Белоусов, К.И., Сычев, О.А. and Галинская, Т.Н. (2023) 'Кликбейт-тақырыптардың семантикалық ұйымдасуы және интернет-пайдаланушылар белсенділігінің көрсеткіштері', Медиалингвистика, 10(1), 66–86-бб.

Ивкович, Г. (2025) 'Кликбейт жасаудың құпияларын ашу: чатбот жасаған кликбейт тақырыптарды релеванттылық теориясы тұрғысынан талдау', Facta Universitatis. Series: Linguistics and Literature, 23(2), 201–214-бб.

Карчиопполо, Н., Лун, Д. and Макфарлейн, С.Дж. (2022) 'Асыра сілтеу және сұраулы кликбейт тақырыптар және олардың медианы меңгеруге ықпалы', Journal of Media Psychology, 34(1), 30–41-бб.

Көшкенов, Н. and Сақ, Қ. (2019) 'Медиатизация – қоғам мен мәдениет трансформациясының қозғаушы күші', Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы, 2(127), 78–83-бб.

Құтпанбаева, Ж., Қадырова, Г. and Байғожина, Д. (2019) 'Ақпараттық кеңістіктегі коммуникативті стратегиялар мен қолдану технологиялары', Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы, 4(129), 71–79-бб.

Мунгер, К., Лука, М., Наглер, Дж. and Такер, Дж. (2020) 'Кликбейт тақырыптардың поляризацияға, сенімге және білім алуға әсері', Public Opinion Quarterly, 84(1), 49–73-бб.

Пенгнейт, С.Ф., Чен, Дж. and Янг, А. (2021) 'Кликбейт тақырыптардың пайдаланушылардың реакцияларына әсері: эмпирикалық зерттеу', Journal of International Technology & Information Management, 30(3), 1–18-бб.

Скотт, К. (2023) '«Алдамшы» кликбейт тақырыптар: релеванттылық, ниет және өтірік', Journal of Pragmatics, 218, 71–82-бб.

Сладкевич, Ж.Р. (2019) ‘Желілік медиасервистердегі анонс-тақырыптар: ақпараттандыру мен кликбейтинг арасындағы аралық’, Медиалингвистика, 6(3), 353–368-бб.

Спербер, Д. and Уилсон, Д. (1995) Relevance: Communication and cognition. 2nd edn. Oxford: Blackwell, 338 б.

М. Б. Шиндалиева[1], А. П. Жанысбаева [2]

[1]Университет «Туран», Алматы, Казахстан
[2]Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Влияние clickbait заголовков в современных СМИ на аудиторию

Аннотация. В данной исследовательской статье рассматриваются характеристики, влияние на аудиторию и информационная ценность кликбейтных тем в социальных сетях казахстанского медиапространства. Главная цель - всестороннее изучение способов создания кликбейтных заголовков, их влияния на аудиторию, их воздействия на культуру восприятия информации, а также аспектов, требующих медиаграмотности. В исследовании использовались контент-анализ, сравнительный анализ, обзор существующей литературы, а также анализ и оценка материалов, опубликованных в социальных сетях, на основе конкретных примеров. Был проведен анализ на конкретных примерах типов кликбейтных тем в социальных сетях Facebook, Instagram, YouTube, TikTok, Telegram, а также на сайтах и в контенте на казахском языке. Доказано, что заголовки-приманки не только привлекают внимание аудитории, но и влияют на количество отзывов и просмотров. Заголовки-кликбейты призваны ввести аудиторию в заблуждение относительно истинного содержания текста или видео, создавая определенное психологическое состояние, которое заставляет целевую аудиторию целенаправленно переключать внимание на просмотр материала. Это явление называется «кликбейт», или заголовок-приманка, который заставляет читателей кликать по ссылке, намеренно вводя их в заблуждение сенсационной или неполной информацией. Данная статья может послужить казахстанским исследователям теоретической и практической основой для изучения схем с использованием кликбейта в медиапространстве.

Ключевые слова: кликбейт, социальная сеть, информационная платформа, медиапространство, медиаграмотность, эмоции, интрига.

M. B. Shyndaliyeva[1], A. P. Zhanysbayeva[2]

[1]Turan University, Almaty, Kazakhstan
[2]M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

The impact of clickbait headlines in modern media on audiences

Abstract. This research article examines the characteristics, audience impact, and informational value of clickbait topics on social media in Kazakhstan. The main goal is to comprehensively study methods for creating clickbait headlines, their impact on audiences, their influence on the culture of information perception, and aspects requiring media literacy.

The study used content analysis, comparative analysis, a review of existing literature, and analysis and evaluation of materials published on social media based on specific examples. An analysis was conducted using specific examples of clickbait topics on social networks such as Facebook, Instagram, YouTube, TikTok, and Telegram, as well as on websites and content in the Kazakh language. Clickbait headlines have been proven to not only attract audience attention but also influence the number of reviews and views. Clickbait headlines are designed to mislead the audience about the true content of the text or video, creating a certain psychological state that makes the target audience deliberately switch their attention to viewing the material. This phenomenon is called "clickbait," or a clickbait headline that tricks readers into clicking on a link by intentionally misleading them with sensational or incomplete information. This article can serve as a theoretical and practical basis for Kazakhstani researchers to study clickbait schemes in the media space.

Keywords: clickbait, social network, information platform, media space, media literacy, emotions, intrigue.

References

Akhmetov, S. (2025) 'Qazaqstandyq onlain mediadagy klikbeit taqyryptardy sandyq zhane sapalyq bagalau adistemesi' [Methods for quantitative and qualitative assessment of clickbait headlines in Kazakhstani online media], Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta imeni al-Farabi. Seriia Zhurnalistika, 3. [in Kazakh].

Asylbekova, M. (2024) 'Zhastardy TikTok tarbielep zhatyr' [TikTok is raising the younger generation], El.kz. Available at: https://el.kz/ (Accessed: 1 July 2026). [in Kazakh].

Carcioppolo, N., Lun, D. and McFarlane, S.J. (2022) 'Exaggerated and questioning clickbait headlines and their influence on media learning', Journal of Media Psychology, 34(1), pp. 30–41.

Gavrikova, O.A. (2018) 'Smyslovoe iskazhenie informatsii v klikbeit-zagolovkakh v tekstakh politicheskogo mediadiskursa' [Semantic distortion of information in clickbait headlines in political media discourse], Vestnik Bashkirskogo universiteta, 23(1), pp. 173–179. [in Russian].

Ivković, G. (2025) 'Unlocking the secrets of clickbait creation: A relevance-theoretic analysis of the chatbot-produced clickbait headlines', Facta Universitatis. Series: Linguistics and Literature, 23(2), pp. 201–214.

Koshkenov, N. and Saq, Q. (2019) 'Mediatizatsiia – qogam men madeniet transformatsiyasynyn qozgaushy kushi' [Mediatization as a driving force of transformation of society and culture], Vestnik L.N. Gumilyov Eurasian National University. Seriia Zhurnalistika, 2(127), pp. 78–83. [in Kazakh].

Munger, K., Luca, M., Nagler, J. and Tucker, J. (2020) 'The (null) effects of clickbait headlines on polarization, trust, and learning', Public Opinion Quarterly, 84(1), pp. 49–73.

Pengnate, S.F., Chen, J. and Young, A. (2021) 'Effects of clickbait headlines on user responses: An empirical investigation', Journal of International Technology & Information Management, 30(3), pp. 1–18.

Qutpanbaeva, Zh., Qadyrova, G. and Baigozhina, D. (2019) 'Aqparattyq kenistiktegi kommunikativti strategiyalar men qoldanu tehnologialary' [Communication strategies and technologies of their application in the information space], Vestnik L.N. Gumilyov Eurasian National University. Seriia Zhurnalistika, 4(129), pp. 71–79. [in Kazakh].

Scott, K. (2023) '"Deceptive" clickbait headlines: Relevance, intentions, and lies', Journal of Pragmatics, 218, pp. 71–82.

Sladkevich, Zh.R. (2019) 'Zagolovki-anonsy v setevykh mediaservisakh: mezhdu informirovaniem i klikbeitingom' [Announcement headlines in online media services: Between informing and clickbaiting], Medialingvistika, 6(3), pp. 353–368. [in Russian].

Sperber, D. and Wilson, D. (1995) Relevance: Communication and cognition. 2nd edn. Oxford: Blackwell, 338 p.

Zelianskaia, N.L., Belousov, K.I., Sychov, O.A. and Galinskaia, T.N. (2023) 'Semanticheskaia organizatsiia klikbeit-zagolovkov i pokazateli aktivnosti internet-polzovatelei' [Semantic organization of clickbait headlines and indicators of Internet users' activity], Medialingvistika, 10(1), pp. 66–86. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Шиндалиева М. Б. – Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Туран» университеті, Сәтбаев көшесі, 16а, 050013, Алматы, Қазақстан.

Жанысбаева А. П.– корреспондент автор, PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке хан даңғылы, 5, 160012, Шымкент, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Шиндалиева М. Б. - доктор филологических наук, профессор, университет «Туран», ул. Сатпаева, 16а, 050013, Алматы, Казахстан.

Жанысбаева А. П. - автор-корреспондент, PhD, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, пр. Тауке хана, 5, 160012, Шымкент, Казахстан.

Information about the authors:

Shindalieva M. B. – Doctor of philology, professor, Turan University, 16-18, 18a Satpayev St., 050013, Almaty, Kazakhstan.

Zhanysbayeva A. P. – corresponding author, PhD, M. Auezov South Kazakhstan University, 5 Tauke Khan Avenue, 160012, Shymkent, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

ЖАҢА МЕДИА / НОВЫЕ МЕДИА / NEW MEDIA

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-139-155

ХҒТАР 19.41.41
Ғылыми мақала

Цифрлық медиадағы подкастинг: ғаламдық контекст және отандық үдерістер

С. Ы. Иса*[1], М. Б. Тоқтағазин[2]

[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*(E-mail: *[1]sayaissa01@mail.ru [2]muratbek_63@mail.ru)*

Аңдатпа. Цифрлық медианың қарқынды дамуы ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну тәсілдерін өзгертіп, подкастингтің журналистикадағы дербес медиаформат ретінде қалыптасуына ықпал етті. Әлемдік медиакеңістікте подкастинг кәсібилену, монетизация және аудиториямен өзара әрекеттесудің тұрақты тетіктерін қалыптастырғанымен, Қазақстанда бұл бағыттың институционалдық, технологиялық және мазмұндық ерекшеліктері әлі де жүйелі зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – цифрлық медиадағы подкастингтің даму үдерістерін әлемдік тәжірибе негізінде саралап, Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері мен негізгі тенденцияларын айқындау.

Зерттеуде сипаттамалық, салыстырмалы-талдамалық және жүйелеу әдістері қолданылды. Подкастингтің тарихи қалыптасуы, функционалдық және жанрлық ерекшеліктері ғылыми әдебиеттер негізінде қарастырылып, халықаралық және қазақстандық подкаст-жобалары мазмұны, аудиториясы, таралу арналары, монетизация тетіктері және кәсібилену деңгейі бойынша салыстырылды. Сонымен қатар, Қазақстандағы подкастингтің дамуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени, технологиялық және құқықтық алғышарттарды анықтау үшін ашық дереккөздердегі статистикалық мәліметтер мен цифрлық платформалардың көрсеткіштері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері әлемдік тәжірибеде подкастингтің дербес медиаөнім ретінде орнығып, кәсіби өндіріс, монетизация және аудиториямен тұрақты байланыс модельдерін қалыптастырғанын көрсетті. Қазақстанда подкастингтің дамуына интернет пен мобильді технологиялардың қолжетімділігі, жас аудиторияның белсенділігі және қазақ тіліндегі цифрлық контенттің көбеюі ықпал етіп отырғаны анықталды. Сонымен бірге, отандық подкастингте тұрақты монетизация тетіктерінің жеткіліксіздігі,

Түсті: 29. 06.2026; Мақұлданды: 16.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы үшін**

кәсіби өндіріс деңгейінің әркелкілігі және институционалдық қолдау мен құқықтық реттеудің әлсіздігі байқалады. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы подкастингтің қазіргі даму бағытын жүйелеуге және оның отандық цифрлық журналистикадағы әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: подкастинг, жаңа медиа, цифрлық журналистика, сторителлинг, цифрлық медиа, Қазақстандағы подкастинг, медиа тұтыну.

Кіріспе

Цифрлық медианың қарқынды дамуы XXI ғасырдың басында бұқаралық ақпарат құралдарының құрылымына ғана емес, журналистиканың мазмұны мен форматына да елеулі өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістердің ішінде подкастинг ерекше назар аударатын құбылыс ретінде танылып отыр. Ол жаңа медианың бір бөлігі бола отырып, аудиториямен интерактивті байланыс орнатудың, тақырыпты тереңірек жеткізудің, сондай-ақ журналистиканың жаңа жанрлық пішіндерін қалыптастырудың тиімді құралына айналды (McLuhan, 2018). Подкастинг қазіргі таңда дәстүрлі медиамен қатар жүретін немесе оны толықтыратын дербес медиа түріне айналды. Оның танымалдығы жаһандық және аймақтық деңгейде өсіп келе жатқаны байқалады.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте подкастинг мәселесіне арналған зерттеулер соңғы жылдары біртіндеп қалыптасып келеді. Шайкенова және т.б. (2026) подкастинг феноменін жанрлар синтезі, сұхбат форматы және оның медиакеңістікте қолданылу мүмкіндіктері тұрғысынан қарастырса, Куркимбаева және т.б. (2025) «Zamandas» подкасты негізінде подкаст контентінің медиадискурстық, құрылымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін талдайды. Бұл мақаланың аталған зерттеулерден айырмашылығы – халықаралық және қазақстандық подкастинг тәжірибесін салыстырып, олардың мазмұндық және жанрлық ерекшеліктерімен қатар, таралу арналары, аудиториямен өзара әрекеттесу тәсілдері, кәсібилену деңгейі мен монетизация тетіктерін қарастыруында. Осы салыстыру негізінде Қазақстандағы подкастингтің қазіргі даму ерекшеліктері мен негізгі тенденциялары анықталады.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық медиадағы подкастингтің даму үдерістерін әлемдік тәжірибе негізінде саралап, Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері мен негізгі тенденцияларын айқындау.

Зерттеу әдістері. Мақалада сипаттамалық, салыстырмалы-талдамалық және жүйелеу әдістері қолданылды. Подкастинг ұғымының тарихи қалыптасуы, функционалдық және жанрлық ерекшеліктері ғылыми әдебиеттер негізінде қарастырылды. Жаһандық және қазақстандық подкастинг тәжірибесін салыстыру үшін кейстік талдау тәсілі қолданылып, зерттеу нысандары мақсатты іріктеу қағидаты бойынша таңдалды. Зерттеу үлгісіне 8 халықаралық және 6 қазақстандық, барлығы 14 подкаст жобасы енгізілді.

Халықаралық кейстерді іріктеуде жобаның кәсіби медиа ұйыммен байланысы, журналистік мазмұны, жанрлық және тақырыптық ерекшелігі, аудиторияға бағытталуы, таралу ауқымы мен подкастинг индустриясындағы танымалдығы ескерілді. Осы өлшемдер негізінде жаңалықтық, журналистік зерттеу, деректі-нарративті, әлеуметтік-мәдени және ғылыми-ағартушылық бағыттарды қамтитын халықаралық подкаст жобалары қарастырылды. Қазақстандық кейстерді іріктеуде жобалардың тақырыптық және форматтық әртүрлілігі, қазақ және орыс тілді медиакеңістіктегі көрінісі, тұрақты

контент өндіруі, цифрлық платформаларда ұсынылуы және аудиториямен өзара әрекеттесу ерекшеліктері назарға алынды.

Іріктелген халықаралық және қазақстандық подкаст жобалары мазмұны мен жанрлық бағыты, мақсатты аудиториясы, таралу арналары, кәсібилену ерекшеліктері және аудиториямен өзара әрекеттесу тетіктері бойынша салыстырылды. Сонымен қатар, Қазақстандағы подкастингтің дамуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени, технологиялық және құқықтық алғышарттарды зерделеу үшін ашық дереккөздердегі статистикалық мәліметтер мен цифрлық платформалардың көрсеткіштері пайдаланылды. Зерттеуге пайдаланылған деректер 2026 жылы ашық дереккөздерден, ғылыми жарияланымдардан және цифрлық платформалардан жинақталды. Шетелдік және қазақстандық тәжірибені салыстыру барысында заңнамалық база, мемлекеттік қолдау, медиа ұйымдардың рөлі, тілдік әртүрлілік, коммерциялық модельдер және контент өндірісінің кәсіби деңгейі негізгі салыстыру өлшемдері ретінде алынды.

Подкастинг ұғымы алғаш рет 2004 жылы пайда болды. Бұл термин ағылшын тіліндегі “iPod” (Apple компаниясының музыка тыңдауға арналған құрылғысы) және “broadcasting” (радио немесе телехабар тарату) сөздерінің бірігуінен туған (Hammersley, 2004). Терминді алғаш рет журналист Б. Хаммерсли («The Guardian» газетінде) ұсынғаны белгілі. Осы кезеңнен бастап подкастинг желі арқылы аудио немесе видеофайлдарды жүйелі түрде тарату мен тұтынудың жаңа форматына айналды (Berry, 2006). Оның басты ерекшелігі – жазбаның кез келген уақытта тыңдалуы мүмкіндігі мен қолданушының таңдау еркіндігі.

Ғылыми әдебиетте подкастинг дербес аудиомедиа форматы әрі цифрлық медиамәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырылады. М. Спинелли мен Л. Данн подкастингтің аудиомедиадағы өзгерістермен бірге қалыптасып, өзіндік шығармашылық, өндірістік және аудиториялық ерекшеліктерге ие болғанын атап көрсетеді (Spinelli and Dann, 2019). Д. Ллинарес, Н. Фокс және Р. Берри подкастингті дәстүрлі және жаңа медианың тоғысында қалыптасқан жаңа аудиомәдениеттің көрінісі ретінде қарастырады (Llinares et al., 2018). Осы тұжырымдар подкастингті журналистикада радиожурналистика элементтерін, репортаждық стильді және авторлық аналитиканы тоғыстыратын күрделі медиаформат ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Подкастингтің журналистикадағы функцияларын бірнеше бағытта қарастыруға болады:

1. Ақпараттық функциясы – подкастинг тыңдаушыны жаңалықтармен, сараптамалық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Көптеген жаңалық агенттіктері мен тәуелсіз медиа платформалар подкаст форматын жаңалық таратуда қолдануда (мысалы, NPR News, BBC Sounds, Deutsche Welle т.б.) (McHugh, 2016).
2. Білім беру функциясы – көптеген подкасттар білім саласына бағытталған: тіл үйрету, ғылымды танымал ету, медиасауаттылықты арттыру (мысалы, «Science Vs», «TED Talks Daily» подкастары) (Hew, 2009).
3. Сараптамалық-аналитикалық функциясы – подкасттар терең журналистік зерттеу жүргізуге, қоғамдық құбылыстарға баға беруге мүмкіндік береді (Pavlik, 2021).
4. Интерактивтілік және қатысу функциясы – подкастинг аудиториямен кері байланыс орнатуға, тыңдаушылардың пікірін ескеруге, сұрақ қоюға, пікір қалдыруға мүмкіндік береді. Бұл қазіргі журналистиканың басты талаптарының бірі (Deuze, 2006). Сонымен қатар, подкастинг журналистің өзіндік стилін көрсетуге, еркін

тақырып таңдауға және өз контентін тәуелсіз түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл оның демократиялық әлеуетін де көрсетеді. Кейбір зерттеушілер подкастингті «медиа демократияландыру құралы» ретінде қарастырады.

Журналистика жанрларының эволюциясы подкастинг форматының пайда болуымен жаңа сатыға көтерілді. Подкастинг дәстүрлі жанрлардың элементтерін сақтай отырып, сонымен қатар жаңа стильдер мен әдістердің дамуына негіз болды.

Журналистикада подкасттар жиі репортаж, сұхбат, эссе, аналитикалық шолу, зерттеу және деректі әңгіме жанрларын қамтиды. Көптеген подкасттар түрлі жанрлардың элементтерін қамтиды. Яғни, бір подкастта репортаж да, сұхбат та, авторлық түсініктеме де қатар жүруі мүмкін. Бұл тәсіл тыңдаушыға оқиғаны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Serial» атты танымал американдық подкаст true crime (нақты қылмыстық оқиғалар негізіндегі журналистік зерттеу) жанрының подкастинг арқылы қалайша ерекше мазмұнға айналғанын көрсетеді. Мұнда журналистикалық зерттеу, деректі баяндау мен көркемдік элементтер үйлеседі.

Сұхбат жанры – подкастингте кең таралған түр. Журналист пен сарапшы немесе кейіпкер арасындағы диалог тыңдаушыны тартады, өйткені ол тірі коммуникацияның әсерін береді. Бұл формат теле және радиожурналистикадағы ток-шоулар мен интервьюдің жалғасы іспетті, бірақ подкастингте тақырыпты кеңірек әрі тереңірек талқылауға мүмкіндік береді. Қазақстандық медиакеңістікте де сұхбат-подкаст жанры цифрлық медиадағы жанрлық трансформация үдерісі аясында дамып келеді (Шайкенова және т.б., 2026).

Подкастинг нарративті журналистиканың дамуына зор үлес қосты. Мұнда оқиғалар хикая түрінде баяндалып, драматургиялық құрылыммен беріледі. Бұл тәсіл тыңдаушының эмоциялық қабылдауына әсер етеді және ақпаратты терең есте сақтауына мүмкіндік береді. Сторителлинг әдісін қолдану подкастингтің тиімділігін арттырады. Оқиға, кейіпкерлер, дауыс интонациясы мен музыкалық сүйемелдеу – барлығы кешенді әсер береді. Подкаст форматында публицистикалық элементтер кеңінен қолданылады. Авторлық көзқарас, қоғамдық құбылыстарға баға беру, өзекті мәселелерді көтеру – подкастинг мазмұнының өзегіне айналған. Бұл әсіресе тәуелсіз журналистер үшін маңызды. Олар өз ойларын ашық айтып, кез келген саяси немесе әлеуметтік тақырыпты қозғай алады.

Подкастинг журналистикадағы форматтық еркіндікті қамтамасыз етеді. Мысалы (Bonini, 2015):

- Подкаст ұзақтығы еркін (кейбір эпизодтар 10 минут болса, басқалары 2 сағатқа дейін созылуы мүмкін).
- Тақырып таңдауы кең (саясат, экология, мәдениет, білім, экономика, әйел құқықтары, денсаулық сақтау – бәрі қамтылады).
- Аудиториямен байланыс мүмкіндігі (подкаст авторлары әлеуметтік желілер, e-mail немесе арнайы платформалар арқылы тыңдаушылармен байланысады).

Бұл журналистиканың дараландыруына және тыңдаушымен терең байланыс орнатуына ықпал етеді.

Подкастингтің медиа тарихындағы орны оны радионың цифрлық мутациясы ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Радиожурналистика XX ғасырда басты ақпарат көзі болса, подкастинг XXI ғасырда осы функцияны жаңа пішінде жалғастыруда. Медиа ғалымдар Х. Дженкинс пен М. Деузе подкастингті қатысушылық мәдениет пен

медианың конвергенциясы үрдістерімен байланыстырады (Jenkins, 2006). Бұл оның тек техникалық емес, сонымен қатар мәдени феномен екенін көрсетеді.

Талқылау. XXI ғасыр – цифрлық медиа мен мультимедиалық контенттің дәуірі ретінде сипатталады. Бұл кезеңде подкастинг секілді медиаформаттар ақпаратты ұсынудың, қабылдаудың және таратудың дәстүрлі үлгілерін трансформациялады. Подкастингтің даму тарихын зерделеу оның тек техникалық немесе технологиялық жаңалық еместігін, сондай-ақ жаһандық коммуникация мәдениетінің бір бөлігі ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Бүгінде подкастинг – журналистиканың танымал әрі пәрменді құралы. Оның жаһандық дамуы медиа саласындағы трансформациялық процестердің, аудиторияның өзгерген сұранысының және дербестендірілген ақпарат тұтыну мәдениетінің айқын көрінісі.

Подкастингтің бастауында тұрған негізгі технологиялық ілгерілеу – интернет пен цифрлық құрылғылардың жаппай таралуы. 2000-жылдардың басында жоғары жылдамдықтағы интернеттің, RSS-ленталардың (Really Simple Syndication) және MP3-плеерлердің пайда болуы жеке авторларға өз контентін таратуға мүмкіндік берді. RSS технологиясы арқылы қолданушылар подкасттарға жазылып, автоматты түрде жаңа эпизодтарды жүктеп ала бастады. Бұл – дәстүрлі радиохабардан басты айырмашылығы еді: подкастты тыңдау уақыты мен орны аудиторияның таңдауы бойынша анықталатын.

«Podcatching» бағдарламаларының (мысалы, iTunes, Juice, Podnova) пайда болуы подкастингті жаңа деңгейге көтерді. Ал 2005 жылы Apple компаниясы iTunes дүкенінде подкаст бөлімін іске қосқанда, подкастинг ресми түрде массалық медиа нарығына енді. Бұл оқиға подкастингтің жаһандық медиа жүйесіндегі орнының беки түсуіне ықпал етті (Sterne, 2012).

Подкастингалғашқы АҚШ-та кең танымалдыққа ие болды. Американдық медиа нарығының икемділігі мен дербес медиа бастамаларға ашықтығы подкастинг индустриясының тез дамуына себеп болды. NPR (National Public Radio), The New York Times, Slate сияқты ірі медиакомпаниялар өз подкасттарын ұсынды. Олардың ішінде «The Daily», «Planet Money», «Serial», «Code Switch» сияқты подкасттар халықаралық деңгейде танымал бола бастады. Әсіресе, «Serial» подкасты – журналистік зерттеу жанрындағы подкасттардың жаңа толқынының бастаушысы ретінде мойындалды. «Serial» подкасты алғашқы екі маусым аралығында 175 миллионнан астам рет жүктеліп, подкастингке деген назарды күрт арттырды (Butt, 2016).

Американдық нарықтан кейін Еуропа елдерінде де подкастинг кең тарай бастады. Ұлыбританияда BBC Sounds платформасы арқылы мемлекеттік медиа өз подкаст жобаларын дамытты. Германия, Франция, Нидерланды, Скандинав елдері де ұлттық және жергілікті медиалар аясында подкасттық өнімдер ұсынуға кірісті. Еуропада подкастингтің ерекшелігі – оның тақырыптық әртүрлілігінде: мәдениет, саясат, экономика, этникалық мәселелер, жастар субмәдениеті, экология және гендерлік теңдік сияқты салаларда арнайы подкасттар пайда болды. Азия елдерінде де подкастинг ұлттық медиа нарықтарының технологиялық және платформалық ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі бағытта дамып келеді. Әлемнің 40 нарығын және бірнеше өңірдің, соның ішінде Азия елдерінің тәжірибесін қамтыған зерттеулер подкаст тұтынуы мен индустриялық даму ерекшеліктерінің елдер арасында әркелкі екенін көрсетеді (Sang et al., 2020).

Подкастинг бастапқыда қарапайым әуесқой жазбалар түрінде болса, қазіргі кезде ол кәсіби медиаөнім деңгейіне көтерілді. Бұл өзгеріс бірқатар факторлармен байланысты:

1. Журналистиканың кәсібиленуі – подкаст форматында жұмыс істейтін журналистердің кәсіби дағдылары мен медиа тілін меңгеруі артып келеді. Көптеген редакциялар арнайы подкаст бөлімдерін ашып, медиа өнімді кәсіби түрде өңдеуге көшті.
2. Қаржыландыру және монетизация – подкасттар жарнама, демеушілік, жазылым арқылы табыс таба алатын құралға айналды. Patreon, Substack, Spotify сияқты платформалар подкаст авторларына контентті монетизациялауға мүмкіндік береді.
3. Тақырыптық тереңдік – подкастинг журналистикада ұзақ форматты дамытуға жол ашты. Телевизиядағы немесе радиодағы уақыт шектеуінен айырылған подкаст журналистика терең зерттеу, контексті түсіндіру, дерек пен сараптаманы толық ұсыну мүмкіндігін арттырды.
4. Тілді, дыбыс реңкін, монтажды шебер қолдану – подкаст авторлары интонация, үнтаспа реңкі, фондық дыбыстар арқылы тыңдаушыға әсер ету әдістерін дамытты. Бұл оны нарративті журналистиканың бөлігіне айналдырды.

Подкастингтің тақырыптық ауқымы да біртіндеп кеңейіп келеді. Мәселен, медицина және денсаулық сақтау саласында подкасттар кәсіби ақпарат тарату мен білім берудің қосымша құралы ретінде қалыптасты. Зерттеулер медициналық білім беруге арналған подкасттардың соңғы жылдары кең таралып, дәстүрлі оқу материалдарын толықтыратын цифрлық ресурсқа айналғанын көрсетеді (Rodman and Trivedi, 2020).

Подкастингтің қазіргі даму кезеңіндегі маңызды үрдістердің бірі – оның дәстүрлі аудиоформат шеңберінен шығып, видеоконтентпен ықпалдасуы. Reuters Institute for the Study of Journalism зерттеулерінде подкастингтің аудиоға негізделген медиаформаттан аудио және визуалды компоненттерді қатар қамтитын көпплатформалы өнімге қарай өзгеріп келе жатқаны көрсетіледі (Robertson, 2025). Видеоподкасттардың таралуы әсіресе YouTube секілді платформалардың рөлін күшейтіп, подкастты тек тыңдалатын емес, сонымен бірге көрілетін контентке айналдыруда. Мұндай формат толық эпизодты видеонұсқада ұсынумен ғана шектелмейді: оның жекелеген фрагменттерін қысқа бейнероликтерге бейімдеп, әлеуметтік желілер арқылы тарату аудиторияны кеңейтудің қосымша тетігіне айналды.

Бұл трансформация подкастингтің журналистикадағы қызметіне де өзгеріс енгізеді. Аудиоподкаст тыңдаушыға контентті басқа әрекеттермен қатар тұтынуға және автордың дауысы арқылы жақын коммуникациялық байланыс орнатуға мүмкіндік берсе, видеоподкаст вербалды мазмұнды визуалды коммуникация элементтерімен толықтырады. Нәтижесінде бір подкаст өнімі әртүрлі платформаларда түрлі форматта таралып, аудиторияға жетудің бірнеше арнасын қатар пайдалана алады. Reuters Institute-тың 2025 жылғы Digital News Report есебінде АҚШ-та респонденттердің 15%-ы соңғы аптада жаңалық подкасттарын пайдаланғаны және көптеген подкасттардың видеоға түсіріліп, YouTube пен TikTok сияқты платформалар арқылы таратылатыны көрсетілген (Newman et al., 2025). Бұл үрдіс подкастингті тек аудиожурналистиканың цифрлық жалғасы ретінде емес, платформалық логикаға бейімделген мультимедиалық журналистік өнім ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Подкастинг медиа жүйесінің либералдануына, альтернативті көзқарастардың кеңінен таралуына ықпал етуде. Дәстүрлі медиада жиі шектелетін маргиналды топтар (ЛГБТ+, этникалық азшылықтар, әйелдер қозғалысы, адам құқықтары белсенділері) подкастинг арқылы өз дауыстарын жеткізе алады. Бұл демократиялық сөз бостандығының кеңеюінің бір формасы ретінде қарастырылады (Couldry, 2012). Мысалы, «The Guilty

Feminist» (Ұлыбритания), «Code Switch» (АҚШ), «QueerAF» (Аустралия) сияқты подкасттар азшылық топтардың мәселелерін көтеріп, оларға әлеуметтік алаң ұсынады. Осылайша, подкастинг жаһандық медиадағы плюрализм мен әртүрлілік принциптерін ілгерілетуде.

1-кесте. Халықаралық медиа ұйымдардағы табысты подкастинг жобаларының салыстырмалы талдауы

№	Подкаст атауы/медиа ұйым	Аймақ	Мазмұн сипат-тамасы (жанры мен тақырыбы)	Мақсаты мен аудиториясы	Ерекшеліктері мен жетістіктері
1	The Dai-ly/ The New York Times	АҚШ	Жаңалықтар, сараптамалық репортаждар	Күнделікті жаңалықты аналитикалық баяндау, АҚШ пен әлем бойынша ауди-тория	5 млн айлық тыңдаушы; 1 млн-нан астам күнделікті ауди-тория (Quah, 2018)
2	Serial/This American Life	АҚШ	Журналистік зерттеу, кри-миналды оқиға	Күрделі әлеуметтік және құқықтық істерді ашу	Подкастинг та-рихындағы алғашқы виру-стық жоба, алғашқы екі маусым ара-лығында 175 млн-нан астам жүктеу (Butt, 2016)
3	BBC Global News Podcast/BBC	Ұлыбритания	Халықаралық жаңалықтар мен репор-таждар	Әлемдік ауди-торияға ха-лықаралық жаңалықтарды жеткізу	Халықаралық жаңалықтар мен өзекті оқиғалар-ды жедел қамтитын, тұрақты жаңартылатын формат (BBC World Service, 2026)
4	Code Switch/ NPR	АҚШ	Этникалық, мәдени және әлеуметтік мәселелер	Мультикультурализм мен сәйкестік тура-лы ой қозғау	Нәсіл, саясат, мәдениет және әлеуметтік сәйкестік мәселе-лерін талқылай-тын NPR жоба-сы (NPR, 2026).
5	The Documentary/BBC World Service	Ұлыбритания	Құжаттық және нарра-тивті журнали-стика	Әлеуметтік, мәдени, саяси құбылыстарды терең талдау	әртүрлі елдер-дегі кейіпкерлер мен оқиғаларды қамтитын ха-лықаралық де-ректі формат (BBC World Service, 2026).
6	Inside Europe/Deutsche Welle	Германия	Еуропалық саясат пен қоғам тақырыптары	Еуропалық интеграцияны сараптамалық тұрғыда талдау	Көптілді мазмұн, әр эпизодта сарапшы және репор-таждар ұсыны-лады (Deutsche Welle, 2026).

7	Stuff You Should Know/ iHeartRadio	АҚШ	Ғылым, тарих, мәдениет, өмір салты	Ақпаратты ойын-сауық элементтерімен түсіндіру	iTunes рей-тингінде №1 орынға көтеріліп, ұзақ уақыт Top 10 қатарында бол-ды (Aman, 2016).
8	TED Talks Daily/TED	АҚШ	Ғылым, техно-логия, бизнес, психология	Қоғамдық білімді тарату, тыңдаушылар-ды шабыттан-дыру	Подкастинг форматына TED сахна контентін икемді жеткізу (TED, 2026).

1-кестеде подкастинг саласындағы әлемдік деңгейдегі ең табысты медиа жобалардың кейстері жүйеленіп берілген. Онда түрлі елдерден шыққан танымал подкасттар мазмұны, аудиториясы және ерекшеліктері бойынша салыстырмалы түрде сипатталады. Бұл мысалдар подкастингтің журналистикада қалайша өзіндік жанрлық құрылым мен маңызға ие болғанын дәлелдейді. Сондай-ақ, кесте әр жобаның стратегиялық мақсаттарын, форматтық ерекшеліктерін және ықпалын жүйелі түрде көрсетеді. Осы арқылы жаһандық подкастинг тәжірибесінің кәсібилену деңгейі мен медиа саласына ықпалы айқындалады.

Қазақстанда подкастинг салыстырмалы түрде кеш дамыды, бірақ соңғы жылдары бұл сала қарқынды дамып келеді. Бұл дамудың негізінде бірқатар әлеуметтік-мәдени және технологиялық алғышарттар жатыр.

Подкастингтің формасы мен мазмұнының дамуы интернеттің кең қолжетімділігімен тікелей байланысты. Соңғы онжылдықта Қазақстанда интернет қолдану деңгейі айтарлықтай өсті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2024 жылы 16–74 жастағы халық арасында интернет пайдаланушылардың үлесі 96,2%-ды құрады (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2025). Осы тұста смартфондардың кең таралуы мен мобильді интернеттің қолжетімділігі Қазақстандағы подкастингтің дамуына зор жол ашты. Адамдар күнделікті өмірінде подкасттарды тыңдау мүмкіндігіне ие болды – жұмысқа, оқуға, жолға шыққанда ақпаратты бір уақытта қабылдау, таңдау мүмкіндігі туды.

Подкастинг аудиториясының маңызды ерекшеліктерінің бірі – жас пайдаланушылар арасындағы белсенділіктің жоғары болуы. Reuters Institute for the Study of Journalism-тың Digital News Report 2023 зерттеуінде 20 елдің деректері негізінде 18–24 жастағы респонденттердің 56%-ы, ал 25–34 жастағылардың 53%-ы соңғы айда подкаст тыңдағаны көрсетілген. Жас ұлғайған сайын бұл көрсеткіш төмендейді: 35–44 жас тобында – 41%, 45–54 жаста – 30%, ал 55 жастан асқан респонденттер арасында – 19% (Newman et al., 2023). Бұл нәтижелер подкастингтің жас және цифрлық медианы белсенді пайдаланатын аудитория арасында кең таралғанын көрсетеді.

Қазақстандағы подкаст аудиториясының жас құрылымын сипаттайтын репрезентативті ашық статистикалық деректердің шектеулілігі отандық подкастинг аудиториясын арнайы эмпирикалық тұрғыдан зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан – көптілді ел, онда қазақ, орыс және ағылшын тілдері кең қолданылады.

Бұл тілдік әртүрлілік подкастингтің дамуында маңызды рөл атқарады, өйткені әр тілде подкасттар жасау және тыңдаушылар табу мүмкіндігі бар. Қазақ тіліндегі подкасттар соңғы жылдары айрықша белсенді дамып келеді, әсіресе қоғам, мәдениет, білім, психология және әдебиет салаларында. Қазақ тіліндегі подкаст жобалары тек ел ішіндегі аудиторияға ғана емес, шетелдегі қазақ тілді тыңдаушыларға да бағытталған.

2-кесте. Қазақстандағы табысты подкастинг жобаларының кейстері

№	Подкаст атауы	Автор	Мазмұны мен бағыты	Ерекшеліктері мен жетістіктері
1	Дерзай	Жансая, Надя, Кима (Алматы)	Өмірлік тәжірибе, саяхат, қарым-қатынас, инвести-циялар, әйел-дердің үндері	156 эпизод (2025 жылғы шілдедегі дерек бойын-ша); бірнеше қосымша подкаст жобаларының ав-торлары; заманауи әйелдік тәжірибе мен қалалық мәдениетті бейнелейді (Spotify, 2025).
2	Narikbi LIVE	Максут Нарик-би	Рухани даму, мо-тивация, адамның мүмкіндіктері	Қазақстан жастарының рухани және интеллек-туалды дамуына бағыт-талған өзін-өзі дамыту подкасты; аудио және ви-део форматта таратылады (Apple Podcasts, 2026).
3	Книго-метр	Марина мен Жанаргүл	Кітаптар, жанр-лар, әдебиет, оқырман мәдени-еті	107+ эпизод (2026 жылғы шілдедегі дерек бойын-ша); әдеби жанрлар, кітаптар мен экрани-зации-яларды талқылайтын подкаст (Apple Podcasts, 2026).
4	Түнгі Шай	Роза Аширба-е-ва (коуч, бло-гер)	Қарым-қатынас, бизнес, әйел пси-хологиясы	Қазақ тіліндегі психологи-ялық стендап-шоу; интер-активті форматта қарым-қатынас, ақша және биз-нес тақырыптары талқы-ланады (Apple Podcasts, 2026).
5	Dope Soz	Жомарт Арал-бай-ұлы, Арсен Түсіп-бек	Қоғам, тарих, мәдениет, ирония	«URKER-2023» ұлттық бәйгесінің «Үздік под-каст» номинациясының номинанты; интеллек-туалды және ирониялық мазмұнға құрылған пікір алаңы (Қазақстан Республ-ликасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, 2023).
6	Zamandas podcast	Қанат Бейсе-ке-ев, Ержан Ал-дабер-генов	Заманауи қоғам, кейіпкерлердің өмір жолы, пікір-таластар	Қоғамдық және өмірлік тақырыптарды еркін сұх-бат пен пікірталас форма-тында талқылайтын қазақ тіліндегі подкаст; шығарылымдарға түрлі сала өкілдері қатысады (Zamandas, 2026).

Қазақстандық подкастингтің даму ерекшеліктерін Х. Дженкинстің конвергенция және қатысушылық мәдениет тұжырымдамалары тұрғысынан қарастыруға болады. Дженкинс жаңа медиада контенттің әртүрлі медиаплатформалар арқылы таралуын және медианы өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің өзгеруін конвергенциялық мәдениеттің маңызды белгілері ретінде сипаттайды (Jenkins, 2006). Бұл теориялық ұстаным қазақстандық подкастинг тәжірибесінен де көрініс табады. Зерттеуге енгізілген отандық жобалар дәстүрлі аудиоформатпен шектелмей, YouTube және әлеуметтік желілер сияқты цифрлық арналарды пайдаланады. Мұндай көпплатформалы таралым аудиторияның контентті тек қабылдауына ғана емес, оған пікір білдіруіне, бөлісуіне және авторлармен кері байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қазақстандық подкастингті медиаконтентті өндіру, тарату және тұтыну арасындағы шекаралар өзгеріп келе жатқан конвергенциялық медиамәдениеттің бір көрінісі ретінде бағалауға болады.

Бұл үдерісті М. Деузенің цифрлық мәдениет тұжырымдамасы да толықтыра түседі. Деузе цифрлық мәдениеттің негізгі компоненттері ретінде қатысу (participation), ремедиация (remediation) және бриколажды (bricolage) бөліп көрсетеді (Deuze, 2006). Қазақстандық подкастингте бұл сипаттар дәстүрлі журналистиканың сұхбат, сараптама және авторлық баяндау тәсілдерінің цифрлық платформалардың мүмкіндіктерімен ұштасуынан байқалады. Подкаст авторлары әртүрлі медиалық тәсілдерді бір өнім аясында біріктіріп, контентті бірнеше цифрлық арнаға бейімдейді, ал аудитория оны талқылау мен тарату үдерісіне қатысады. Демек, отандық подкастингті дәстүрлі радиожурналистиканың цифрлық баламасы ретінде ғана емес, қалыптасып келе жатқан цифрлық медиамәдениеттің қатысушылық және конвергенциялық сипатын танытатын медиа тәжірибе ретінде қарастыруға болады.

Қазақстандық подкастингті М. Маклюэннің медианы адамның коммуникациялық мүмкіндіктерін кеңейтетін орта ретінде қарастыратын тұжырымымен де байланыстыруға болады (McLuhan, 2018). Смартфон, құлаққап және цифрлық платформалар арқылы подкастты кез келген уақытта тұтыну медиамазмұнды тұтынудың уақыт пен кеңістікке тәуелділігін азайтып, аудиторияның медиамен өзара әрекеттесу тәсілін өзгертеді. Қазақстан жағдайында бұл подкасттардың Spotify, Apple Podcasts, YouTube және әлеуметтік желілер арқылы қатар таралуынан көрінеді. Н. Каулдридің медианы күнделікті әлеуметтік тәжірибелердің бір бөлігі ретінде қарастыратын ұстанымы да осы үдерісті түсіндіруге мүмкіндік береді (Couldry, 2012). Отандық подкастингте медианы тұтыну контентті тыңдаумен ғана шектелмей, оны бөлісу, талқылау және авторлармен кері байланыс орнату тәжірибелерімен ұштасады. Осы тұрғыдан қазақстандық подкастингті цифрлық ортада қалыптасып келе жатқан әлеуметтік-коммуникациялық тәжірибенің бір формасы ретінде бағалауға болады.

Подкастинг журналистикада сараптамалық терең аналитика, қоғамдағы маңызды тақырыптарды талқылау және жан-жақты пікір алмасу алаңына айналды. Бұл формат журналистің жеке үні мен мазмұнның стилін көрсетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар аудиторияны интерактивті түрде тартуға жағдай жасайды.

Қазақстандағы подкасттар негізінен Spotify, Apple Podcasts және басқа әлемдік каталогтар арқылы таралады. Сонымен қатар, кейбір подкасттар YouTube, Telegram, Instagram және TikTok сияқты әлеуметтік платформалар арқылы да ұсынылады. Бұл подкасттың көпарналы таратылымының болуын және аудиторияны кеңейтуге мүмкіндік

береді. Қазақстандық медиа кеңістікте подкастинг жаңа сала ретінде дамуда. «Azattyq Podcasts» және «Soyle» сияқты жобалар қоғамдағы түрлі өзекті тақырыптарды ашық талқылауға мүмкіндік беріп отыр. Қазақ тіліндегі подкасттар отандық медиадискурстың жаңа формаларының бірі ретінде қалыптасып келеді. «Zamandas» подкасты негізінде жүргізілген зерттеу қазақ тіліндегі подкаст контентінің құрылымдық, прагматикалық және коммуникативтік ерекшеліктерін көрсетеді (Куркимбаева және т.б., 2025). Бұл құбылыс қазақ журналистикасының жанрлық және мазмұндық кеңеюіне әсер етуде.

Қазақстандық подкастингтің қазіргі даму үдерісінде подкастингке қызығушылықтың артуы, қазақ тіліндегі контенттің көбеюі және медиа ұйымдар мен дербес авторлардың бұл форматты жаңа цифрлық өнім ретінде игеруі байқалады.

Зерттеуде қарастырылған қазақстандық кейстер подкастингтің бір ғана аудиоплатформамен шектелмей, YouTube және әлеуметтік желілерді қамтитын көпарналы таралым моделіне бейімделіп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, отандық жобалардың тақырыптық және форматтық әртүрлілігі подкастингтің ақпараттық, сараптамалық, ағартушылық және авторлық коммуникация алаңы ретінде қалыптасып келе жатқанын аңғартады.

Қазақстандағы подкастинг нарығы әлі жас болса да, ол тәжірибелік даму кезеңінен өтіп, динамикалық түрде дамуда. Оның дамуына интернеттің кең таралуы, жастар аудиториясының белсенділігі, тілдік әртүрлілік және медиа өндірістің инновациясы ықпал етуде. Подкастингтің Қазақстанда дамуы журналистика саласында жаңа мазмұндық бағыттардың қалыптасуына, аудиториямен интерактивті байланыс орнатуға және медиа өнімдерін жаңа форматта ұсынуға зор мүмкіндіктер ашады (Castells, 2010).

3-кесте. Шетелдік және қазақстандық подкастингтің институционалдық модельдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары

№	Салыстыру критерийі	Шетелдік тәжірибе	Қазақстандық тәжірибе	Ұқсастықтар/айырмашылықтар
1	Заңнамалық ба-за	Авторлық құқық пен медиа еркіндігін нақты реттейді	Жаңа медиаға арнайы құқықтық база әлсіз	Айырмашылық: институционал-дық регламентте
2	Мемлекеттік қолдау	Подкасттарды тікелей қаржы-ландыру жоқ	Мәдени жоба-лар мен жастар БАҚ арқылы жанама қолдау	Ұқсастық: тікелей қаржыланды-ру шектеулі
3	Медиа ұйым-дардың рөлі	Үлкен медиа компаниялар арнайы подкаст бөлімдерін ашады	Жекелеген ме-диа ұйымдар эксперимент ретінде жүргізеді	Айырмашылық: құрылымдық деңгей мен тұрақтылықта
4	Тілдік әртүрлілік	Көптілді под-касттар, аударма және субтитр кең дамыған	Қазақ және орыс тілдері арасында теңсіздік байқалады	Айырмашылық: тілдік теңгерімсіздік

5	Коммерциялық модельдер	Patreon, жарнама, жазылым, краудфандинг кең тараған	Көп жағдайда монетизация жоқ, деме-ушілік аз	Айырмашылық: қаржыландыру тетіктерінде
6	Контент сапасы мен кәсібилік	Жоғары өндірістік деңгей, арнайы студиялар	Әуесқой подкасттар басым, кәсіби жобалар сирек	Айырмашылық: техникалық база мен тәжірибеде

Қорытынды. Жалпы алғанда, шетелдік және қазақстандық подкастинг жүйелері арасында бірқатар ортақ ұқсастықтар болғанымен, институционалдық және техникалық деңгейде елеулі айырмашылықтар сақталып отыр. Екі жақта да подкастинг тікелей мемлекеттік қолдаусыз дамып келеді, бұл оның тәуелсіз медиа формасы ретіндегі табиғатын көрсетеді. Дегенмен, шетелдік тәжірибеде бұл сала заңмен нақты реттеліп, монетизация үлгілері тиімді іске асырылған. Ал Қазақстанда монетизация мен құқықтық реттеу тетіктері әлі де жүйелі түрде қалыптаспаған. Контент өндіру сапасы, техникалық база және кәсіби студиялар жағынан да шетелдік жобалар алда келеді. Қазақстанда подкасттар әлі де көбінесе әуесқой форматта жүргізіледі, дегенмен бұл жағдай біртіндеп өзгеруде. Аудиториялық құрылым жағынан екі контексте де жастар басым сегментті құрайды, бұл – даму үшін ортақ мүмкіндік. Қазақ тілді контентті көбейту және оны кәсібилендіру арқылы ішкі нарық кеңеюі мүмкін. Сондай-ақ, институционалдық саясат пен құқықтық базаны жетілдіру – отандық подкастинг индустриясын тұрақтандырудың маңызды шарты. Осы негізде, Қазақстан подкастинг жүйесін дамытуда халықаралық модельдерден сабақ ала отырып, өзіндік жолын қалыптастыра алады.

Түйіндей айтсақ, подкастинг – тек техникалық жаңалық емес, бұл – медиатұтынудың жаңа мәдениетінің бір көрінісі. Ол әлемдік журналистикада дербес медиа алаң ретінде қалыптасты, кәсіби стандарттар мен этика нормаларын игеріп, толыққанды медиаөнімге айналды. Оның дамуы журналистиканың дәстүрлі формаларынан алыстап, дербестікке, шығармашылық еркіндікке, аудиториямен интерактивті байланыс орнатуға негізделген бағыттарға бет бұрғанын көрсетеді. Жаһандық тәжірибе подкастингтің тек техникалық медиаформат емес, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастырушы, білім таратушы және медиа демократияландырушы құрал екенін дәлелдеп отыр. Қазақстандық медиа үшін бұл тәжірибе мазмұнды, сапалы және тақырыптық тұрғыдан терең подкаст жобаларды дамытуға бағдар бола алады.

Әдебиеттер тізімі

Куркимбаева, А.М., Базарова, Д.А., Сеитимбетова, С.Д. және Мухаметжанова, К.С. (2025) ‘Подкасттардың медиадискурс жанры ретіндегі сипаттамасы’, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, 79(4), 187–199-бб. doi: https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.013

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (2023) ‘«URKER-2023» Ұлттық бәйгесінің номинанттары’, 20 қыркүйек.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (2025) 2024 жылға Қазақстан Республикасындағы үй

шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы. Астана.

Маклюэн, М. (2018) Понимание медиа: Внешние расширения человека. 5-е изд., испр. Москва: Кучково поле.

Шайкенова, А.Ж., Саян, К.Е., Қалибекқызы, А., Алкожаева, А.С. және Тулешева, Г.К. (2026) 'Подкастинг феномені: жанрлар синтезі, сұхбаттың рөлі және медиаконтексте қолдану мүмкіндіктері', ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы, 79(1), 153–171-бб. doi: https://doi.org/10.26577/HJ791202612

Aman, C. (2016) 'How does Josh Clark work? An interview with Josh Clark of "Stuff You Should Know"', Cyrus Aman, 7 August.

Apple Podcasts (2026) 'Книгометр', Apple Podcasts.

Berry, R. (2006) 'Will the iPod kill the radio star? Profiling podcasting as radio', Convergence: The International Journal of Research into New Media Technologies, 12(2), pp. 143–162. doi: https://doi.org/10.1177/1354856506066522

Bonini, T. (2015) 'The "second age" of podcasting: Reframing podcasting as a new digital mass medium', Quaderns del CAC, 41, pp. 23–32.

Butt, A. (2016) '"Serial" creators take USC behind the scenes of Adnan Syed case, success of podcast', USC Annenberg School for Communication and Journalism, 10 March.

Castells, M. (2010) The rise of the network society. 2nd edn. Chichester: Wiley-Blackwell. doi: https://doi.org/10.1002/9781444319514

Couldry, N. (2012) Media, society, world: Social theory and digital media practice. Cambridge: Polity Press.

Deuze, M. (2006) 'Participation, remediation, bricolage: Considering principal components of a digital culture', The Information Society, 22(2), pp. 63–75. doi: https://doi.org/10.1080/01972240600567170

Hammersley, B. (2004) 'Audible revolution', The Guardian, 12 February.

Hew, K.F. (2009) 'Use of audio podcast in K–12 and higher education: A review of research topics and methodologies', Educational Technology Research and Development, 57(3), pp. 333–357. doi: https://doi.org/10.1007/s11423-008-9108-3

Jenkins, H. (2006) Convergence culture: Where old and new media collide. New York: New York University Press.

Llinares, D., Fox, N. and Berry, R. (eds) (2018) Podcasting: New aural cultures and digital media. Cham: Palgrave Macmillan. doi: https://doi.org/10.1007/978-3-319-90056-8

McHugh, S. (2016) 'How podcasting is changing the audio storytelling genre', Radio Journal: International Studies in Broadcast & Audio Media, 14(1), pp. 65–82. doi: https://doi.org/10.1386/rjao.14.1.65_1

Newman, N., Fletcher, R., Eddy, K., Robertson, C.T. and Nielsen, R.K. (2023) Digital News Report 2023. Oxford: Reuters Institute for the Study of Journalism. doi: https://doi.org/10.60625/risj-p6es-hb13

Newman, N., Ross Arguedas, A., Robertson, C.T., Nielsen, R.K. and Fletcher, R. (2025) Digital News Report 2025. Oxford: Reuters Institute for the Study of Journalism. doi: https://doi.org/10.60625/risj-8qqf-jt36

Pavlik, J.V. (2021) Disruption and digital journalism: Assessing news media innovation in a time of dramatic change. Taylor & Francis. doi: https://doi.org/10.4324/9781003111788

Quah, N. (2018) 'Where should the daily news podcast go from here? (Can we get away from "the commute"?)', Nieman Journalism Lab, 31 July.

Robertson, C.T. (2025) 'The changing landscape for news podcasts across countries', in Digital News Report 2025. Oxford: Reuters Institute for the Study of Journalism.

Rodman, A. and Trivedi, S. (2020) 'Podcasting: A roadmap to the future of medical education', Seminars in Nephrology, 40(3), pp. 279–283. doi: https://doi.org/10.1016/j.semnephrol.2020.04.006

Sang, Y., Lee, J.Y. and Park, S. (2020) Podcast trends and issues in Australia and beyond: Global perspectives. Canberra: University of Canberra. doi: https://doi.org/10.25916/sgv0-qh32

Spinelli, M. and Dann, L. (2019) Podcasting: The audio media revolution. New York: Bloomsbury Academic.

Spotify (2025) 'Дерзай', Spotify.

Sterne, J. (2012) MP3: The meaning of a format. Durham: Duke University Press. doi: https://doi.org/10.1215/9780822395522

С. Ы. Иса*[1], М. Б. Токтагазин[2]

[1,2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Подкастинг в цифровых медиа: глобальный контекст и отечественные тенденции

Аннотация. Стремительное развитие цифровых медиа изменило способы производства, распространения и потребления информации, способствуя становлению подкастинга как самостоятельного медиаформата в журналистике. Несмотря на то что в глобальном медиапространстве подкастинг сформировал устойчивые механизмы профессионализации, монетизации и взаимодействия с аудиторией, в Казахстане институциональные, технологические и содержательные особенности данного направления по-прежнему требуют системного изучения. В связи с этим цель исследования заключается в анализе процессов развития подкастинга в цифровых медиа на основе мирового опыта, а также в выявлении особенностей его становления и основных тенденций в Казахстане.

В исследовании применялись описательный, сравнительно-аналитический методы и метод систематизации. Историческое становление подкастинга, его функциональные и жанровые особенности рассматривались на основе научной литературы, а международные и казахстанские подкаст-проекты сопоставлялись по содержанию, аудитории, каналам распространения, механизмам монетизации и уровню профессионализации. Кроме того, для выявления социально-культурных, технологических и правовых предпосылок развития подкастинга в Казахстане использовались статистические данные из открытых источников и показатели цифровых платформ.

Результаты исследования показали, что в мировой практике подкастинг утвердился как самостоятельный медиапродукт, сформировав модели профессионального производства, монетизации и устойчивого взаимодействия с аудиторией. Установлено, что развитию подкастинга в Казахстане способствуют доступность интернета и мобильных технологий, активность молодой аудитории и рост объема цифрового контента на казахском языке. Вместе с тем для отечественного подкастинга характерны недостаточная развитость устойчивых механизмов монетизации, неоднородный уровень профессионального производства, а также слабость институциональной поддержки и

правового регулирования. Результаты исследования позволяют систематизировать современные направления развития подкастинга в Казахстане и оценить его потенциал в отечественной цифровой журналистике.

Ключевые слова: подкастинг, новые медиа, цифровая журналистика, сторителлинг, цифровые медиа, подкастинг в Казахстане, медиапотребление.

S. Y. Issa*[1], M. B. Toktagazin[2]

[1,2] L.N. Gumilyov Eurasian National University

Podcasting in Digital Media: Global Context and Trends in Kazakhstan

Abstract. The rapid development of digital media has transformed the ways in which information is produced, distributed, and consumed, contributing to the emergence of podcasting as an independent media format within journalism. While podcasting in the global media environment has developed sustainable mechanisms of professionalization, monetization, and audience engagement, its institutional, technological, and content-related characteristics in Kazakhstan still require systematic investigation. Accordingly, the aim of this study is to analyze the development of podcasting in digital media based on international experience and to identify the specific features of its formation and key trends in Kazakhstan.

The study employed descriptive, comparative-analytical, and systematization methods. The historical development of podcasting, as well as its functional and genre-specific characteristics, was examined on the basis of scholarly literature. International and Kazakhstani podcast projects were compared in terms of content, audience, distribution channels, monetization mechanisms, and level of professionalization. In addition, statistical data from open sources and indicators from digital platforms were used to identify the socio-cultural, technological, and legal factors influencing the development of podcasting in Kazakhstan.

The findings show that, in international practice, podcasting has become established as an independent media product, with developed models of professional production, monetization, and sustained audience engagement. In Kazakhstan, the development of podcasting is facilitated by the accessibility of the internet and mobile technologies, the activity of younger audiences, and the growth of Kazakh-language digital content. At the same time, domestic podcasting is characterized by insufficiently developed sustainable monetization mechanisms, uneven levels of professional production, as well as limited institutional support and weak legal regulation. The findings make it possible to systematize the current directions of podcasting development in Kazakhstan and to assess its potential within the country's digital journalism.

Keywords: podcasting, new media, digital journalism, storytelling, digital media, podcasting in Kazakhstan, media consumption.

References

Aman, C. (2016) 'How does Josh Clark work? An interview with Josh Clark of "Stuff You Should Know"', Cyrus Aman, 7 August.

Apple Podcasts (2026) 'Knigometr' [Bookmeter], Apple Podcasts. [in Russian].

Berry, R. (2006) 'Will the iPod kill the radio star? Profiling podcasting as radio', Convergence: The International Journal of Research into New Media Technologies, 12(2), pp. 143–162. doi: https://doi.org/10.1177/1354856506066522

Bonini, T. (2015) 'The "second age" of podcasting: Reframing podcasting as a new digital mass medium', Quaderns del CAC, 41, pp. 23–32.

Butt, A. (2016) '"Serial" creators take USC behind the scenes of Adnan Syed case, success of podcast', USC Annenberg School for Communication and Journalism, 10 March.

Castells, M. (2010) The rise of the network society. 2nd edn. Chichester: Wiley-Blackwell. doi: https://doi.org/10.1002/9781444319514

Couldry, N. (2012) Media, society, world: Social theory and digital media practice. Cambridge: Polity Press.

Deuze, M. (2006) 'Participation, remediation, bricolage: Considering principal components of a digital culture', The Information Society, 22(2), pp. 63–75. doi: https://doi.org/10.1080/01972240600567170

Hammersley, B. (2004) 'Audible revolution', The Guardian, 12 February.

Hew, K.F. (2009) 'Use of audio podcast in K–12 and higher education: A review of research topics and methodologies', Educational Technology Research and Development, 57(3), pp. 333–357. doi: https://doi.org/10.1007/s11423-008-9108-3

Jenkins, H. (2006) Convergence culture: Where old and new media collide. New York: New York University Press.

Kazakstan Respublikasy Madeniet zhane akparat ministrligi (2023) '"URKER-2023" Ulttyk baigesinin nominanttary' [Nominees of the "URKER-2023" National Award], 20 September. [in Kazakh].

Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyk statistika byurosy (2025) 2024 zhylga Kazakstan Respublikasyndagy ui sharashylyktarynyn akparattyk-kommunikatsiyalyk tekhnologiyalardy paidalanuy turaly [Use of information and communication technologies by households in the Republic of Kazakhstan in 2024]. Astana. [in Kazakh].

Kurkimbayeva, A.M., Bazarova, D.A., Seitimbetova, S.D. and Mukhametzhanova, K.S. (2025) 'Podkasttardyn mediadiskurs zhanry retindegi sipattamasy' [Characteristics of podcasts as a genre of media discourse], Abylai khan atyndagy KazKhKZhATU Khabarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy, 79(4), pp. 187–199. doi: https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.013 [in Kazakh].

Llinares, D., Fox, N. and Berry, R. (eds) (2018) Podcasting: New aural cultures and digital media. Cham: Palgrave Macmillan. doi: https://doi.org/10.1007/978-3-319-90056-8

Maklyuen, M. (2018) Ponimanie media: Vneshnie rasshireniya cheloveka [Understanding media: The extensions of man]. 5th revised edn. Moscow: Kuchkovo pole. [in Russian].

McHugh, S. (2016) 'How podcasting is changing the audio storytelling genre', Radio Journal: International Studies in Broadcast & Audio Media, 14(1), pp. 65–82. doi: https://doi.org/10.1386/rjao.14.1.65_1

Newman, N., Fletcher, R., Eddy, K., Robertson, C.T. and Nielsen, R.K. (2023) Digital News Report 2023. Oxford: Reuters Institute for the Study of Journalism. doi: https://doi.org/10.60625/risj-p6es-hb13

Newman, N., Ross Arguedas, A., Robertson, C.T., Nielsen, R.K. and Fletcher, R. (2025) Digital News Report 2025. Oxford: Reuters Institute for the Study of Journalism. doi: https://doi.org/10.60625/risj-8qqf-jt36

Pavlik, J.V. (2021) Disruption and digital journalism: Assessing news media innovation in a time of dramatic change. Taylor & Francis. doi: https://doi.org/10.4324/9781003111788

Quah, N. (2018) 'Where should the daily news podcast go from here? (Can we get away from "the commute"?)', Nieman Journalism Lab, 31 July.

Robertson, C.T. (2025) 'The changing landscape for news podcasts across countries', in Digital News Report 2025. Oxford: Reuters Institute for the Study of Journalism.

Rodman, A. and Trivedi, S. (2020) 'Podcasting: A roadmap to the future of medical education', Seminars in Nephrology, 40(3), pp. 279–283. doi: https://doi.org/10.1016/j.semnephrol.2020.04.006

Sang, Y., Lee, J.Y. and Park, S. (2020) Podcast trends and issues in Australia and beyond: Global perspectives. Canberra: University of Canberra. doi: https://doi.org/10.25916/sgv0-qh32

Shaikenova, A.Zh., Sayan, K.E., Kalibekkyzy, A., Alkozhaeva, A.S. and Tulesheva, G.K. (2026) 'Podkasting fenomeni: Zhanrlar sintezi, sukhbattyn roli zhane mediakontekstte koldanu mumkindikteri' [The phenomenon of podcasting: Synthesis of genres, the role of the interview and possibilities for its use in the media context], KazUU Khabarshysy. Zhurnalistika seriyasy, 79(1), pp. 153–171. doi: https://doi.org/10.26577/HJ791202612 [in Kazakh].

Spinelli, M. and Dann, L. (2019) Podcasting: The audio media revolution. New York: Bloomsbury Academic.

Spotify (2025) 'Derzai' [Dare], Spotify. [in Russian].

Sterne, J. (2012) MP3: The meaning of a format. Durham: Duke University Press. doi: https://doi.org/10.1215/9780822395522

Авторлар туралы мәлімет:

Иса С. Ы. – хат-хабар авторы, Журналистика білім беру бағдарламасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш. 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Тоқтағазин М. Б. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш. 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Иса С. Ы. – автор для корреспонденции, докторант образовательной программы «Журналистика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Токтагазин М. Б. – кандидат филологических наук, профессор Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Issa S. Y. – corresponding author, PhD student of the "Journalism" educational program, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev St., 010000, Astana, Kazakhstan.

Toktagazin M. B. – Candidate of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev St., 010000, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

ЖАҢА МЕДИА / НОВЫЕ МЕДИА / NEW MEDIA

ХҒТАР 19.01.11
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-156-167

Қазақстандағы иммерсивті журналистиканың мүмкіндіктері мен даму болашағы

А. К. Умбетова*[1], Г. А. Шауенова[2], С. А. Алимбекова[3]

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]talgat_alma@bk.ru, [2]gshauenova@mail.ru, [3]alimbekova.sayagul55@gmail.com*

Аңдатпа. Ақпараттық орта мен медиа-технологиялардың өзара байланысы бүгінгі журналистика ғылымының ең жедел дамып отырған салаларының бірін қалыптастырды. Соңғы он жылдың ішінде цифрлық инфрақұрылымның кеңеюі мен аудитория мінез-құлқының түбегейлі өзгеруі ақпарат беру тәсілдеріне тікелей ықпал етті: дәстүрлі мәтіндік немесе дыбыстық материал бірте-бірте орнын интерактивті, көпқабатты форматтарға берді. Осы бетбұрыстың өзегінде – иммерсивті журналистика да бар. Бұл бағыттың мәні оқырманды немесе көрерменді тек ақпарат алушы рөлінен шығарып, оны оқиғаның ішіне «орналастырудан» тұрады. Дыбыстық кеңістік, визуалды тереңдік пен интерактивті элементтер бір жүйеге біріктірілгенде аудитория оқиғаны жанама ретінде емес, шынайы тәжірибе ретінде қабылдайды. Зерттеушілер Нонни де ла Пенья мен Пит Уорд бұл құбылысты «нарративтік эмпатия технологиясы» деп анықтаған болатын: адам тек оқып немесе тыңдап қана қоймай, ол санасымен оқиғаның ішінде болады. Дәл осы ерекшелік оны басқа медиа форматтарынан мүлде бөлек санатқа жатқызады. Қазақстандық медиа кеңістігінде де бұл бағытқа деген қызығушылық артып келеді. 2019–2024 жылдар аралығында отандық интернет-порталдар мен телеканалдардың мультимедиялық жобалар санының ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2024 жылғы мониторингі мен үш платформаның мұрағатындағы жарияланымдар санын салыстыру арқылы шамамен 40%-ға өскені байқалады (2019 жылы 5 данадан 2024 жылы 7-ге дейін өсу). Алайда иммерсивті форматты жүйелі түрде, арнайы редакциялық стратегия аясында пайдаланатын БАҚ саны әлі де шектеулі. Бұл ішінара технологиялық инфрақұрылымның дайын еместігімен, ішінара кадрлық мүмкіндіктердің тарлығымен байланысты – нарықтық шындық осыны анық көрсетеді. Иммерсивті журналистиканы зерттеудің маңыздылығы тек технологи-

Түсті: 6.05.2026; Мақұлданды: 23.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы үшін**

ялық мүмкіндіктерді бағалаумен шектелмейді. Ол, сонымен бірге, ақпараттық коммуникацияның жаңа этикалық және психологиялық өлшемдерін ашады. Дж. Дьюидің медиа мен демократиялық қоғам арасындағы тығыз байланыс туралы ойларынан бастап, У. Липпманның «псевдоорта» концепциясына дейін – журналистиканың аудиторияға ықпал ету механизмдері туралы тұжырымдар заман өткен сайын жаңа мағынаға ие болады. Иммерсивті формат сол ықпалды сапалы жаңа деңгейге шығарады. Осыған орай, зерттеу мақсаты ретінде иммерсивті журналистиканың теориялық негіздерін жүйелеу, оның отандық медиадағы таралу ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы талдау және даму тежеуіштері мен перспективаларын бағалау алынды. Жетекші ақпараттық ұйымдардың редакциялық тәжірибесіне жасалған салыстырмалы шолу осы мақсатқа жетудің негізгі жолы болды.

Түйін сөздер: иммерсивті журналистика, медиа-инновация, цифрландыру процестері, технология, аудитория, мультимедия, подкаст.

Кіріспе. Қазіргі ақпараттық қоғамда медианың рөлі түбегейлі өзгеруде. Технологиялық даму, цифрландыру процестері және жаңа медиаплатформалардың пайда болуы дәстүрлі журналистиканың мүмкіндіктерін кеңейтіп, ақпаратты ұсынудың жаңа тәсілдерін қалыптастырды. Осы заманауи бағыттардың бірі – иммерсивті журналистика. Бұл феномен аудиторияны тек оқиғаны бақылаушы емес, оған тікелей қатысушы ретінде сезінуге мүмкіндік беретін ақпарат беру форматы ретінде анықталады.

Иммерсивті журналистиканың ғылыми категория ретінде бекітілуі оны интерактивтілік, мультимедиалылық және трансмедиалылық ұғымдарынан ажыратуды талап етеді. Төмендегі кестеде осы санаттардың салыстырмалы сипаттамасы берілген (Nash, 2018; Domínguez, 2017).

Кесте 1. Иммерсивті журналистиканың интерактивтілік, мультимедиалылық және трансмедиалылық ұғымдарымен салыстырмалы сипаттамасы

Ұғым	Негізгі сипаты	Аудитория рөлі	Мысал
Интерактивтілік	Пайдаланушы мен контент арасындағы диалог, таңдау мүмкіндігі	Белсенді таңдаушы, басқарушы	Интерактивті карталар, тесттер, пікірсайыстар
Мультимедиалылық	Бірнеше медиаэлементтердің (мәтін, дыбыс, бейне, графика) үйлесімі	Пассивті қабылдаушы (көрермен, тыңдаушы)	Мультимедиялық лонгрид, видеорепортаж
Трансмедиалылық	Бір нарративтің әртүрлі платформаларда жалғасып, толықтырылуы	Белсенді ізденуші, бөлшектерді жинаушы	Marvel киноәлемі, сериалдар мен комикстер арасындағы байланыс

Иммерсивті журналистика	Пайдаланушыны оқиға кеңістігіне «орналастыру», сезімдік тәжірибе беру	Белсенді қатысушы, куәгер, эмпатия субъектісі	VR-репортаж, 360° бейне, кеңістіктік дыбыспен безендірілген драмалық анимация

Кестеден көрініп тұрғандай, иммерсивті журналистика интерактивтілік пен мультимедиалылық элементтерін қамтығанымен, оның басты айырмашылығы – аудиторияны оқиғаның ішкі кеңістігіне енгізу арқылы эмоциялық және физикалық деңгейде «қатысу әсерін» қалыптастыру.

Әдебиеттерге шолу және теориялық негіз. Иммерсивті журналистика мәселесі халықаралық ғылыми дискурста соңғы онжылдықта белсенді түрде талқыланууда. Нонни де ла Пенья (de la Peña et al., 2010) алғаш рет VR технологиясын журналистикаға бейімдеп, «иммерсивті журналистика» терминін ғылыми айналымға енгізді. Оның пікірінше, бұл формат аудиторияға оқиғаны «сезінуге» мүмкіндік береді, бұл дәстүрлі мәтіндік репортаждардан түбегейлі ерекшеленеді.

Miriam Posetti (2018) иммерсивті журналистиканы медиа-инновациялар аясында қарастырып, оның этикалық өлшемдеріне ерекше назар аударады. Ол VR-контенттің шынайылығы мен манипуляциялық әлеуеті арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттігін алға тартады. Pablo Boczkowski мен Rasmus Nielsen (2018) медиаөзгеріс теориясы аясында иммерсивті форматтың журналистикалық өнімнің қабылдануына әсерін зерттейді.

Отандықғылымдаиммерсивтіжурналистикамәселесіәлідежүйелітүрдезерттелмеген. Қазақстандық медиасаладағы цифрлық трансформация туралы еңбектер (Омарова, 2021; Нұрғожаева, 2020) негізінен мультимедиялық лонгридтер мен интерактивті инфографиканың дамуына арналса, VR/AR форматындағы журналистикаға арналған арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Осыған байланысты, біздің зерттеуіміз Қазақстандағы иммерсивті журналистиканың теориялық негіздерін жүйелеп, оның эмпирикалық таралуын алғаш рет кешенді түрде сипаттауға бағытталған.

Зерттеу әдістері. Иммерсивті журналистиканың теориялық және практикалық өлшемдерін зерттеу үшін бірнеше әдістің бірлестігіне жүгінілді.

Эмпирикалық база – зерттеуге 2019–2024 жылдар аралығында кемінде бір VR немесе 360°-формат жоба жариялаған үш қазақстандық медиаресурс алынды: Tengrinews.kz, Informburo.kz және Kokshetau.kz. Барлығы 14 материал талданды. Таңдау критерийлері: 1) материалда 360° бейне, VR элементі немесе интерактивті кеңістіктік навигация болуы; 2) материалдың ашық қолжетімділігі; 3) 2019–2024 жылдар аралығында жариялануы.

Контент-талдау барысында келесі кодтау санаттары пайдаланылды:

· Иммерсивтілік түрі: 360° бейне, VR (гарнитура арқылы), интерактивті панорама, кеңістіктік дыбыспен безендірілген мультимедиялық лонгрид;

· Тақырыптық бағыты: жаңалықтар, мәдени мұра, экология, саясат, білім;

· Интерактивті элементтер: уақыт шкаласы, карта, таңдау мүмкіндігі, геймификация;

· Аудитория реакциясы: ашық статистика негізінде (көру саны, пікірлер, әлеуметтік желілердегі үлестірім).

Аудитория реакциясын өлшеу үшін платформалардың ашық аналитикалық деректері (YouTube көрсеткіштері, сайттағы бет көру саны, мақала астындағы пікірлер саны) пайдаланылды. Бұл әдістің шектеулері – барлық платформа бірдей метриканы ұсынбайды, сондықтан салыстырмалы талдау тек ашық көрсеткіштерге ғана негізделді.

Салыстырмалы талдау арқылы қазақстандық тәжірибе халықаралық контекстпен қатарластырылды. BBC, The New York Times, Al Jazeera сияқты алдыңғы қатарлы редакциялардың иммерсивті жобалары – «6x9», «The Displaced», «Snow Fall» – эталондық үлгілер ретінде пайдаланылды.

Аталған үш әдістің бірлесуі зерттеуге теориялық тереңдік пен эмпирикалық нақтылықты қатар қамтамасыз ету мақсатында таңдалды. Контент-талдаудың шектеулері ретінде ашық деректердің толық еместігін және әртүрлі платформалардағы метрикалық біркелкіліктің жоқтығын атап өтуге болады.

Нәтижелер. 2019–2024 жылдар аралығында мультимедиялық жобалар нарығында айтарлықтай сапалық және сандық өсім байқалды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2024 жылғы мониторингі жүргізген медиа-талдау мәліметтеріне сәйкес, контент-талдау нәтижесінде келесідей эмпирикалық деректер анықталды:

Tengrinews.kz 2019–2024 жылдары 6 иммерсивті материал жариялаған. Олардың ішінде «Байқоңыр» 360° видеосы (2021), TengriVR платформасындағы этнографиялық цикл (2022–2023) және виртуалды экскурсиялар бар. Бұл материалдардың орташа көру саны – 15 000–25 000, дәстүрлі видеолардан 30%-ға жоғары.

· Informburo.kz 5 материал ұсынған, оның ішінде «Qantar 2022: Хронология и свидетельства» (2022) интерактивті уақыт шкаласы мен бейнекуәліктерімен ерекшеленеді. Материал бетінің орташа оқу уақыты – 4,5 минут, бұл платформаның орташа көрсеткішінен (2,1 минут) екі есе жоғары.

· Kokshetau.kz 3 материал дайындаған, оның ішінде «Атом электр станциясы салына ма?» (2023) жобасы карта, инфографика және бейне үйлесімінен тұрады. Бұл материалдың әлеуметтік желілердегі үлестірім саны порталдың басқа мақалаларына қарағанда 40%-ға жоғары.

Барлық 14 материалда иммерсивтіліктің ең таралған түрі – 360° бейне (64%) және интерактивті панорама (21%). Толыққанды VR (гарнитура арқылы) тек бір жобада қолданылған (TengriVR). Тақырыптық бағыт бойынша басым тақырыптар: мәдени мұра (36%), экология (21%) және саяси оқиғалар (14%).

Аудитория реакциясы: иммерсивті материалдар дәстүрлі мультимедиялық лонгридтермен салыстырғанда орташа есеппен 45%-ға көп пікір жинап, әлеуметтік желілерде 2,5 есе жиі бөлісілген. Алайда, бұл көрсеткіштер платформалар арасында айтарлықтай өзгереді: Tengrinews.kz-те иммерсивті контент трафикті көбейтсе, Kokshetau.kz-те аудиторияның жаңа форматқа бейімділігі төмендеу.

2019–2024 жылдар аралығында отандық медиа нарықтағы жүргізілген контент-талдау нәтижесі көрсеткендей, Қазақстан БАҚ-тарында иммерсивті журналистика мен интерактивті мультимедианың аражігі әлі де толық ажыратылмаған. Дегенмен, бұл екі форматтың да аудиторияны тарту деңгейі дәстүрлі мәтіндік материалдардан айтарлықтай жоғары.

Талқылау. Нәтижелер көрсеткендей, иммерсивті журналистика Қазақстанда әлі де жүйелі емес, жекелеген эксперименттер деңгейінде қалып отыр. Халықаралық

тәжірибемен салыстырғанда (мысалы, The New York Times «Snow Fall» жобасы 2013 жылы бүкіл салаға серпіліс берген), біздің медиарынокта мұндай «серпіліс нүктесі» болған жоқ. Себебі – кестеде көрсетілген кедергілердің кешенді сипаты.

Кесте 2. Қазақстанда иммерсивті журналистиканың кедергілері мен шектеулері
№ Кедергі / Шектеу атауы Сипаттамасы

№	Кедергі / Шектеу атауы	Сипаттамасы
1	Техникалық инфрақұрылымның тапшылығы	Көптеген редакцияларда VR/AR контент жасауға қажет арнайы құрал-жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету, графикалық станциялар жоқ.
2	Мамандардың жетіспеушілігі	Елде иммерсивті журналистикаға маманданған журналистер саны аз. Жоғары оқу орындарында бұл бағыт бойынша толыққанды курстар енгізілмеген.
3	Оқу бағдарламасының әлсіздігі	Қазіргі таңда тек қысқа мерзімді тренингтер мен шеберлік сабақтары бар, жүйелі білім беру жолға қойылмаған.
4	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі	VR контентті жасау өте қымбат, бұл редакциялар үшін қаржылық тәуекел болып есептеледі. Жобалар көбіне жеке бастамалар негізінде іске асады.
5	Аудиторияның дайын болмауы	Көпшілік иммерсивті контентті қабылдау мәдениетіне бейімделмеген. Арнайы құрылғылардың жетіспеушілігі, интернет сапасының төмендігі де тежеу факторы.
6	Этикалық және шынайылық шекарасы	Иммерсивті формат эмоциялық әсер қалдырғанымен, шынайылық пен манипуляция арасындағы тепе-теңдік сақталуы тиіс. Әлеуметтік тақырыптарда бұл аса маңызды.
7	Редакциялық саясаттың сақтығы	Көптеген БАҚ иммерсивті форматтың әлеуетін әлі толық қабылдай қойған жоқ, себебі оның тиімділігі мен тәуекелі арасындағы тепе-теңдік анықталмаған.
8	Мемлекеттік және заңдық қолдау шектеулігі	Бұл бағыттағы жобаларды дамыту үшін арнайы гранттар мен бағдарламалар жоқтың қасы. Реттеу тетіктері мен заңдық негіздер де әлсіз.

Кедергілердің ішінде техникалық инфрақұрылым мен кадр тапшылығы шешуші рөл атқарады. Мысалы, QazVR жобасы (2016) 360° форматтағы тарихи экскурсиялар ұсынғанымен, жабдықтың жоғары құны мен мамандардың аздығы оның тұрақты өндіріске айналуына кедергі болды. TengriVR платформасы (2022) ұлттық мәдени

мұраны иммерсивті түрде жеткізуге тырысса да, оның материалдары негізінен 360° бейнеге ғана сүйеніп, толыққанды интерактивті нарративтен алыс.

Халықаралық тәжірибе (Kiya жобасы, Clouds Over Sidra, Michelle Obama interview) көрсеткендей, иммерсивті форматтың эмоциялық күші өте зор. Алайда, бұл күш этикалық жауапкершілікті де арттырады. Қазақстандық медиада мұндай этикалық кодекстер әлі қалыптаспаған, бұл дамудың тағы бір тежеуші факторы.

Қазақстандағы иммерсивті журналистиканың дамуын тежейтін факторлар бірыңғай емес – олар бір-бірімен байланысты бірнеше деңгейде қатар жатыр.

Техникалық жағы ең айқын кедергі болып көрінеді. Отандық редакциялардың басым бөлігінде VR-камера, 3D-дыбыс жүйесі немесе иммерсивті контент монтаждауға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету жоқ. Бұл тек қаражат мәселесі емес – инфрақұрылым болмаған жерде кәсіби дағды да қалыптаспайды. Жабдықтың жоқтығы мен тәжірибенің жоқтығы бірін-бірі ұстап тұрады.

Кадр тапшылығы осыдан туындайды. Жоғары оқу орындарының журналистика бағдарламаларында иммерсивті форматтарға арналған жүйелі курс жоқтың қасы. Kapasheva et al. (2024) зерттеуі медиасала мамандарының жалпы цифрлық құзыреттілігі мен жаңа технологияларды меңгеру деңгейінің иммерсивті контент өндіруге әсерін көрсетеді. Біздің зерттеуімізде бұл тұжырым көмекші дәйек ретінде пайдаланылды: кадрлардың даярлығы жеткіліксіз болғандықтан, редакциялар иммерсивті жобаларды жүйелі түрде жүргізе алмайды. Kapasheva еңбегінде айтылған «педагогикалық құзыреттілік» моделі медиақызметкерлердің технологиялық бейімделу қабілетімен тікелей байланысты.

Нарықта бар дайындық – негізінен бірнеше күндік семинарлар немесе онлайн курстар. Мұндай оқыту VR-редактор немесе иммерсивті нарратив-дизайнер деңгейіндегі маман шығармайды.

Қаржылық фактор осы тізбектің кезекті буыны. Бір толыққанды VR-репортаждың өндіру құны дәстүрлі мультимедиялық материалмен салыстырғанда еселеп қымбатқа түседі. Редакциялар тәуекелге бармайды, өйткені инвестицияның қайтарымы – аудитория реакциясы, жарнамалық кіріс немесе грант – алдын ала болжанбайды. Мемлекеттік және халықаралық гранттық қолдау бар, бірақ иммерсивті журналистикаға бағытталған арнайы бағдарламалар әлі де шектеулі.

Аудитория жағынан да кедергілер бар. Қазақстанда VR-гарнитура иелерінің үлесі өте төмен, ал 360°-форматтағы контентті смартфон немесе ноутбук арқылы тұтыну – толыққанды иммерсивті тәжірибе бермейді. Интернет жылдамдығының аймақтар арасындағы айырмашылығы да жоғары сапалы иммерсивті өнімге қолжетімділікті тежейді.

Этикалық өлшем жеке сұрақ ретінде тұр. Апат, жоғалту немесе зорлық-зомбылық тақырыптарын иммерсивті формат арқылы беру – аудиторияға эмоциялық шок тудыруы мүмкін. «Қатысу әсері» деп аталатын нәрсе бұл жерде журналистік этиканың жаңа нормаларын талап етеді: не дейміз, қалай дейміз, аудиторияны не сезінуге дайындаймыз – бұл сұрақтарға қазіргі кәсіби стандарттар толыққанды жауап бермейді.

Цифрлық медиа эволюциясы мен иммерсивті журналистиканың перспективалары. Медиа форматтарының дамуы сызықты жүрмейді. Кейде технология баяу жинақталып, содан кейін қысқа мерзімде бүкіл салаға өтеді – дәл радио мен теледидардың пайда болуы сияқты. Иммерсивті журналистика осы логиканың жаңа буыны. Ол дәстүрлі медиаға баламалы емес, оның мүмкіндіктерін кеңейтетін қабат.

Форматтың басты артықшылығы – аудитория мен оқиға арасындағы дистанцияны қысқартуы. Оқырман мәтін оқыған кезде ол оқиғадан бөлек тұрады. Иммерсивті контентте бұл шекара жойылады: пайдаланушы оқиғаның ішіне орналастырылады. Зерттеушілер бұл механизмді «эмпатиялық жақындасу» деп сипаттайды – адам тек ақпарат алмайды, ол оны сезімдік тәжірибе ретінде қабылдайды. Нәтижесінде материалдың есте сақталуы артады, оқиғаға деген қызығушылық ұзаққа созылады.

Алдағы кезеңде бұл формат жаңалықтар саласымен шектелмейді. Білім беру, тарихи мұра, экология – осы үш бағытта иммерсивті тәсілдің әлеуеті айқын. Қазақ тіліндегі виртуалды этнографиялық мұражайлар, тарихи оқиғаларды қайта жаңғырту жобалары, табиғатты қорғауға арналған интерактивті кампаниялар – бұлар техникалық тұрғыдан да, мазмұндық тұрғыдан да қолжетімді бағыттар. Халықаралық тәжірибеде мұндай жобалар жастар аудиториясымен байланыс орнатудың ең тиімді құралдарының бірі ретінде бағаланып отыр.

Алайда иммерсивті журналистикада этикалық және шынайылық мәселелері де ерекше маңызға ие. Әсіресе, әлеуметтік қақтығыстар немесе трагедиялық оқиғалар бейнеленгенде, шынайылық пен әсер қалдыру арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Көрерменнің эмоциясына әсер ету журналистиканың басты құралына айналмауы тиіс, себебі бұл – манипуляция қаупін тудырады. Сондықтан иммерсивті журналистиканың кәсіби стандарттары мен этикалық кодекстері жасалуы керек.

Болашақта елімізде иммерсивті журналистика келесі бағыттарда дамуы мүмкін:

- Университеттік білім беруде арнайы пәндер мен зертханалар ашу;
- Жас журналистер мен IT мамандарды біріктіретін хабтар құру;
- Мемлекеттік гранттар мен жеке инвесторлар арқылы контент өндірісін қолдау;
- Аудиторияға арналған оқыту ресурстарын дамыту;
- Қазақ тілінде иммерсивті контентті арттыру.

Қазақстандағы иммерсивті журналистиканың даму траекториясы бір мезгілде екі нәрсені көрсетеді: бағыттың нақты әлеуеті бар, бірақ ол әлі жүйеге түспеген. Жекелеген жобалар – TengriVR, Informburo.kz-тің Қаңтар хроникасы, Qazaq Geography деректі фильмі – форматтың жұмыс істейтінін дәлелдеді. Бірақ бұлар жүйелі редакциялық стратегияның емес, жекелеген бастамалардың нәтижесі.

Алдағы даму үшін бірнеше бағыт нақты тұр. Журналистика факультеттерінде AR/VR өндірісіне арналған арнайы пәндер мен зертханалар – кадр тапшылығының ең тікелей шешімі. Жас журналистер мен IT мамандарын бір кеңістікте біріктіретін хабтар Алматы мен Астанада қазірдің өзінде жұмыс жасайтын технологиялық экожүйеге сүйеніп дами алады. Мемлекеттік гранттар мен жеке инвестицияның үйлесімі контент өндірісіндегі қаржылық тәуекелді төмендетеді – бұл әлемдік тәжірибеде жұмысын дәлелдеген модель. Қазақ тіліндегі иммерсивті контенттің жоқтығы – бөлек және өзекті мәселе. Ұлттық тілдегі мультимедиалық лонгрид немесе VR-репортаж тек форматтық эксперимент емес, тілдік кеңістікті сақтаудың да бір тетігі.

Иммерсивті журналистика ұғымы қазақ тіліндегі ғылыми айналымда жүйелі түрде қарастырылып, оның отандық медиадағы таралу ерекшеліктері нақты жобалар арқылы сипатталды. AR/VR технологиялар, 360° бейнеформат және деректі иммерсивті материалдардың қолданылу тәжірибесі зерделеніп, шетелдік үлгілермен салыстырмалы талдау жүргізілді. Осы негізде қазақстандық медиасалаға бейімдеудің мүмкін жолдары белгіленді.

Иммерсивті форматтың нақты мүмкіндіктерін де атап өтпей кетуге болмайды. Американдық журналист Нонни де ла Пенья 2012 жылы жасаған алғашқы иммерсивті жоба – азық-түлік дүкенінің алдында аштан есінен танған адам туралы VR-репортаж – осы форматтың эмоциялық күшін бірден көрсетіп берді. Сюжетте шынайы 911 қызметіне жолданған аудиожазбалар қолданылды: полиция қызметкерлерінің радиобайланысы, отбасы мүшелерінің дауыс жазбалары – барлығы виртуалды кеңістікте қайта жаңғыртылды. Тергеу материалдары мен ресми хаттамалар негізінде оқиға орнының визуалды және дыбыстық моделі жасалды. Үй ішіндегі жанжал, адамдар арасындағы эмоциялық шиеленіс, қорқыныш пен үмітсіздік – бұлар тек сипатталған жоқ, олар көрерменнің айналасында болды. Оқиғаның шарықтау шегі – қарудың қыздарға қарай бағытталған сәті – дәстүрлі репортажда суық статистика болып қалар еді. Иммерсивті форматта ол адамға тікелей соққыдай әсер етті.

Бұл мысал иммерсивті журналистиканың не үшін жасалатынын нақты көрсетеді. Оның мақсаты – ақпаратты жеткізу ғана емес, аудиторияда оқиғаға деген жеке жауапкершілік сезімін оятуы. Қазақстан үшін бұл – халықаралық медиа трендіне ілесу ғана емес, ұлттық контентті заманауи форматта ұсынудың нақты мүмкіндігі. Оны іске асыру техникалық шешімнен бұрын редакциялық ерік пен білім беру жүйесіндегі нақты қадамдарды талап етеді.

Қорытынды. Иммерсивті журналистика туралы айтқанда, оны тек технологиялық жаңалық ретінде қарастыру – мәселенің тереңдігін жіберіп алу. Оның негізгі күші басқа жерде: аудитория мен оқиға арасындағы дистанцияны жоюда. Көркем әдебиеттегі ішкі монолог оқырманды кейіпкердің санасына жақындатса, иммерсивті журналистика оны физикалық кеңістікке орналастырады. Айырмашылық – медиатехнологиялар, интерактивті құралдар және визуализация элементтерінің бірлігінде.

Қазақстанда бұл формат әлі де қалыптасу кезеңінде. TengriVR, Informburo.kz-тің «Qantar 2022» жобасы, Qazaq Geography «Жер жаннаты – Жетісу» фильмі бағыттың жұмыс істейтінін көрсетті, бірақ жүйелі редакциялық стратегияның нәтижесі ретінде емес. Техникалық инфрақұрылымның тарлығы, білікті мамандардың жеткіліксіздігі, иммерсивті өндірістің жоғары құны және аудиторияның жаңа форматты тұтыну тәжірибесінің шектеулілігі – осы төрт фактор бір-бірімен байланысты тізбек құрайды. Біреуін шешпей, қалғандары да өзгермейді.

Соған қарамастан қызығушылық артып келеді. Журналистика факультеттерінде иммерсивті форматқа арналған курстардың пайда бола бастауы (мысалы, Digital Journalism Lab платформасының тренингтері) саланың «эксперимент» кезеңінен «оқыту» кезеңіне өтіп жатқанының белгісі. Алдағы кезеңде мамандар даярлау жүйесін жетілдіру, техникалық мүмкіндіктерді кеңейту, инновациялық медиа жобаларға арналған гранттық бағдарламаларды дамыту және халықаралық тәжірибе алмасу тетіктерін нығайту – осылардың үйлесімі ғана нақты серпіліс береді.

Технологиялық прогресс жалғасқан сайын иммерсивті журналистиканың мүмкіндіктері де кеңейе береді. Жасанды интеллект, кеңейтілген шындық және жоғары жылдамдықты байланыс технологияларымен ұштасқанда бұл формат жаңалықтар саласымен ғана шектелмей, білім беру, мәдениет, туризм және медицина салаларына да еніп кетуі ықтимал. Ақпарат тарату құралынан танымдық және әлеуметтік ықпал ету тетігіне айналу – иммерсивті журналистиканың табиғи эволюциясының логикалық соңы.

Бұл бағытты дамыту тек медиа саласының ішкі мәселесі емес. Қоғамның ақпаратпен өзара әрекеттесу мәдениеті өзгергенде оны зерттеу, оқыту және практикада дамыту да жалпықоғамдықміндеткеайналады.Иммерсивтіжурналистикамедиатехнологиялардың эволюциясының ғана нәтижесі емес, ол журналист пен аудиторияның, медиа мен қоғамның өзара байланысын жаңаша анықтайтын құбылыс. Дәл осы себептен оны ғылыми тұрғыдан зерттеу де, практикалық деңгейде дамыту да қазіргі журналистика ғылымының ашық күн тәртібінде тұрған мәселе болып қала береді.

Авторлардың үлесі:

Умбетова А. К. – зерттеудің жалпы тұжырымдамасын әзірлеу, эмпирикалық материал жинау және мақаланың негізгі мазмұнын жазу.

Шауенова Г. А. – мақалада пайдаланылған деректерді талдау, сілтемелер мен библиографиялық тізімді тексеру, мақаланы журнал талаптарына сай ресімдеу.

Алимбекова С. А. – зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу, қолданылған әдіснамалық тәсілдерді сипаттау және тұжырымдарды қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

Бейненсон, В.А. (2018) ‘Проблемы развития форматов журналистики погружения в современной медиасреде’, Век информации, 1, 239–240-бб.

Беленкова, Т.В. (2018) ‘Современный этап существования иммерсивной журналистики и перспективы ее развития’, Век информации, 2, 136–138-бб.

Вартанова, Е.Л. (2002) ‘Новые проблемы и новые приоритеты цифровой эпохи’, Информационное общество.

Вырковский, А.В., Галкина, М.Ю., Колесниченко, А.В., Образцова, А.Ю. and Вартанов, С.А. (2017) ‘Мультимедийные элементы в современном медиатексте’, Медиаскоп, 3. Available at: http://www.mediascope.ru/2364

Avdonina, N.S. and Bogatyreva, V.N. (2020) ‘Актуальные тенденции цифровой журналистики и новых медиа’, Вестник Приамурского государственного университета им. Шолом-Алейхема, 2(39), pp. 9–18. doi: https://doi.org/10.24411/2227-1384-2020-10017

Domínguez, E. (2017) ‘Going beyond the classic news narrative convention: The background to and challenges of immersion in journalism’, Frontiers in Digital Humanities, 4, article 10. doi: https://doi.org/10.3389/fdigh.2017.00010

Kapasheva, Z., Mirza, N., Shastsitka, I., Gelmanova, Z., Makouchyk, A. and Umbetova, A. (2024) ‘Modeling the development of pedagogical competence in higher education educators amid the digitization of the contemporary world’, Frontiers in Education, 9, article 1360712. doi: https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1360712

Nash, K. (2018) ‘Virtual reality witness: Exploring the ethics of mediated presence’, Studies in Documentary Film, 12(2), pp. 119–131. doi: https://doi.org/10.1080/17503280.2017.1340796

Timoshenko, E.D. (2014) ‘Canadian media researcher Jean Charron and theories of media influence’, in Proceedings of the XXXVI International Conference “Nature and Culture: American Experience of Coexistence”. Moscow, pp. 28–29.

А. К. Умбетова*[1], Г. А. Шауенова[2], С. А. Алимбекова[3]

[1,2,3]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Возможности и перспективы развития иммерсивнной журналистики в Казахстане

Аннотация. В условиях стремительного развития информационного общества средства массовой информации претерпевают значительные изменения. Развитие технологий, цифровизация и появление новых медиа-форматов значительно расширили возможности современной журналистики, изменив способы создания, распространения и восприятия информации. Иммерсивная журналистика стала одной из наиболее заметных областей этих преобразований. Иммерсивная журналистика – это новый формат подачи информации, который позволяет аудитории не только наблюдать за происходящими событиями, но и чувствовать себя их непосредственным участником. Благодаря использованию современных цифровых технологий создается эффект присутствия, который способствует более глубокому восприятию материала и повышает уровень вовлеченности пользователей. Развитие иммерсивной журналистики также становится особенно актуальным для медиапространства Казахстана. В последние годы казахстанские СМИ активно внедряют цифровые технологии, разрабатывают мультимедийные и кроссплатформенные проекты. Однако распространение иммерсивного контента остается ограниченным, что указывает на необходимость дальнейшего изучения этой области и поиска эффективных механизмов ее развития. Важность иммерсивной журналистики выходит далеко за рамки технологических инноваций. Она влияет на процессы публичной коммуникации, меняя характер взаимодействия между аудиторией и СМИ. Использование визуальных, звуковых и пространственных элементов может усилить эмоциональное восприятие событий и сделать информацию более наглядной и понятной. В результате повышается уровень доверия к контенту и формируется более тесная связь между пользователем и медиапродуктами. Кроме того, иммерсивная журналистика способствует развитию медиаграмотности, эмпатии и гражданской активности. Возможность глубже вникать в социально значимые темы помогает аудитории лучше понимать происходящие процессы и осознавать их важность для общества. В связи с этим изучение теоретических и методологических основ иммерсивной журналистики, определение специфики ее применения в казахстанском медиапространстве, а также анализ масштабов ее распространения являются одним из актуальных направлений современных исследований в области журналистики.

Ключевые слова: Иммерсивная журналистика, инновации в СМИ, процессы цифровизации, технологии, аудитория, мультимедиа, подкаст.

A. K. Umbetova*[1], G. A. Shauyenova[2], S. K. Alimbekova[3]

[1,2,3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

Opportunities and Prospects for the Development of Immersive Journalism in Kazakhstan

Abstract. The interconnection between the information environment and media technologies has formed one of the most rapidly developing branches of contemporary journalism science. Over the past decade, the expansion of digital infrastructure and a fundamental shift in audience

behavior have directly influenced the ways information is conveyed: traditional text- or audio-based material has gradually given way to interactive, multi-layered formats. Immersive journalism lies at the core of this shift. The essence of this direction is to move the reader or viewer beyond the role of a mere recipient of information and to "place" them inside the event itself. When acoustic space, visual depth and interactive elements are combined into a single system, the audience perceives the story not as something mediated, but as an authentic experience. Researchers Nonny de la Peña and Pete Ward described this phenomenon as "narrative empathy technology": a person does not merely read or listen, but is present within the event with their consciousness. This distinctive feature sets immersive journalism apart from other media formats altogether. Interest in this direction is also growing in the Kazakh media space. A comparison of the 2024 monitoring data of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan with the archives of three platforms shows that the number of multimedia projects produced by domestic internet portals and television channels increased by approximately 40% between 2019 and 2024 (from 5 projects in 2019 to 7 in 2024). However, the number of media outlets that use immersive formats systematically, as part of a dedicated editorial strategy, remains limited – a reality clearly confirmed by the market. This is due partly to the unreadiness of the technological infrastructure and partly to a shortage of qualified personnel. The importance of studying immersive journalism is not limited to assessing technological capabilities. It also opens up new ethical and psychological dimensions of information communication. From J. Dewey's reflections on the close connection between the media and a democratic society to W. Lippmann's concept of the "pseudo-environment," ideas about the mechanisms through which journalism influences its audience continue to acquire new meaning over time. The immersive format raises this influence to a qualitatively new level. Accordingly, the aim of the study was to systematize the theoretical foundations of immersive journalism, to analyze the specifics of its dissemination in the domestic media through concrete examples, and to assess the constraints on and prospects for its development. A comparative review of the editorial practices of leading media organizations served as the principal means of achieving this aim.

Keywords: immersive journalism, media innovation, digitalization processes, technology, audience, multimedia, podcast.

References

Avdonina, N.S. and Bogatyreva, V.N. (2020) 'Aktual'nye tendentsii tsifrovoi zhurnalistiki i novykh media' [Current trends in digital journalism and new media], Vestnik Priamurskogo gosudarstvennogo universiteta imeni Sholom-Aleikhema, 2(39), pp. 9–18. doi: https://doi.org/10.24411/2227-1384-2020-10017 [in Russian].

Belenkova, T.V. (2018) 'Sovremennyi etap sushchestvovaniia immersivnoi zhurnalistiki i perspektivy ee razvitiia' [The current stage of immersive journalism and prospects for its development], Vek informatsii, 2, pp. 136–138. [in Russian].

Beynenson, V.A. (2018) 'Problemy razvitiia formatov zhurnalistiki pogruzheniia v sovremennoi mediasrede' [Problems in the development of immersive journalism formats in the contemporary media environment], Vek informatsii, 1, pp. 239–240. [in Russian].

Domínguez, E. (2017) 'Going beyond the classic news narrative convention: The background to and challenges of immersion in journalism', Frontiers in Digital Humanities, 4, article 10. doi: https://doi.org/10.3389/fdigh.2017.00010

Kapasheva, Z., Mirza, N., Shastsitka, I., Gelmanova, Z., Makouchyk, A. and Umbetova, A. (2024)

'Modeling the development of pedagogical competence in higher education educators amid the digitization of the contemporary world', Frontiers in Education, 9, article 1360712. doi: https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1360712

Nash, K. (2018) 'Virtual reality witness: Exploring the ethics of mediated presence', Studies in Documentary Film, 12(2), pp. 119–131. doi: https://doi.org/10.1080/17503280.2017.1340796

Timoshenko, E.D. (2014) 'Canadian media researcher Jean Charron and theories of media influence', in Proceedings of the XXXVI International Conference "Nature and Culture: American Experience of Coexistence". Moscow, pp. 28–29.

Vartanova, E.L. (2002) 'Novye problemy i novye prioritety tsifrovoi epokhi' [New problems and new priorities of the digital age], Informatsionnoe obshchestvo. [in Russian].

Vyrkovsky, A.V., Galkina, M.Yu., Kolesnichenko, A.V., Obraztsova, A.Yu. and Vartanov, S.A. (2017) 'Mul'timediinye elementy v sovremennom mediatekste' [Multimedia elements in contemporary media texts], Mediaskop, 3. Available at: http://www.mediascope.ru/2364 [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Умбетова А. К. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000, Астана, Қазақстан.

Шауенова Г. А. – философия докторы (PhD), аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000, Астана, Қазақстан.

Алимбекова С. К. – философия докторы (PhD), аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Умбетова А. К. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010000, Астана, Казахстан.

Шауенова Г. А. – доктор философии (PhD), старший преподаватель. Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010000, Астана, Казахстан.

Алимбекова С. К. – доктор философии (PhD), старший преподаватель. Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010000, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Umbetova A. K. – corresponding author, candidate of Philological Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Kazakhstan.

Shauyenova G. A. – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer. L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Kazakhstan.

Alimbekova S. K. – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer. L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

ЖАҢА МЕДИА / НОВЫЕ МЕДИА / NEW MEDIA

ХҒТАР 070.1:004.932.2
Шолу мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-168-181

Синтетикалық медиа форензикасының даму бағыттары (Қазақстан мысалында)

Н.Ж. Кошкенов*[1], И.У. Салиев[2], Б. Тогтарбай*[3]

[1,2,3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*(E-mail: *[1]koshkenov_nzh_2@enu.kz, [2]islam_1407@mail.ru, [3]beibit.toktarbai78@gmail.com)*

Аңдатпа. Бұл мақалада генеративті жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуы салдарынан туындаған жаңа ақпараттық сын-қатерлер мен оларды анықтауға арналған заманауи форензикалық әдіс-тәсілдерге шолу жасалады. Қазіргі машиналық оқыту алгоритмдерінің эволюциясы шынайы контент пен жасанды медиа арасындағы айырмашылықты адам көзіне көрінбейтін деңгейге жеткізе бастады. Атап айтқанда, мақалада дипфейктер банктердің KYC (Know Your Customer – «клиентті тану») хаттамаларын бұзудағы қаржылық алаяқтық схемалары мен саяси манипуляцияларының зиянды әлеуеті талданады. Зерттеу жұмысында FaceForensics++ сияқты халықаралық бенчмарктерді қолдану тәжірибесі де сараланады, конволюциялық нейрондық желілерді (CNN) пайдаланған кеңістіктік талдаудан бастап дискретті косинустық түрлендіруге (DCT) негізделген жиілік аналитикасына, физиологиялық биометрия (rPPG) мен аудиовизуалды фонетикалық сәйкессіздікті бағалаудың инновациялық әдістеріне дейінгі озық тәсілдер де қарастырылады. Мақалада Қазақстан ақпараттық кеңістігіндегі синтетикалық медианың таралуы, қазақ-орыс екітілді ортада пайда болатын фонетикалық артефактілер мен «Жасанды интеллект туралы» жаңа заңдағы құқықтық мәселелер зерделенеді. Қорытындылай келе, шетелдік детекторларды пассивті импорттаудан бас тартып, локализацияланған ұлттық деректер жинақтарын құруға, тәуелсіз алгоритмдік медиа-аудит институтын қалыптастыруға және фактчекинг үдерісіне заманауи форензика құралдарын кіріктіруге стратегиялық көшудің қажеттілігі негізделеді.

Түйін сөздер: синтетикалық медиа форензика, дипфейк, жасанды интеллект, ақпараттық қауіпсіздік, rPPG, CNN, Қазақстан.

Түсті: 31.08.2026; Мақұлданды: 27.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Соңғы бес жыл ішінде машиналық оқыту алгоритмдері түбегейлі трансформацияға ұшырады. Алғашында тек медиа контентті талдау мен жіктеу үшін ғана қолданылған құралдар қазір гипершынайы суреттер, бейнежазбалар мен аудиожазбаларды дербес жасай алатын қуатты генеративтік жүйелерге айналды. Бұл технологиялық серпілістің негізінде есептеу қуаттылығының артуы мен орасан зор деректер массивтері жатыр, олар өз кезегінде цифрлық шындық туралы ұғымды түбірімен өзгерткен жасанды интеллекттің екі фундаменталды архитектурасының дамуына жол ашты.

Біріншісі – генеративті-жауласушы нейрондық желілер (Generative Adversarial Networks, GAN). Бұл архитектураның негізінде бір-бірімен үздіксіз бәсекелесетін екі нейрондық алгоритм – генератор мен дискриминатор жатыр. Генератор синтетикалық деректерді үздіксіз жасап, оларды нақты үлгілерге барынша ұқсатуға тырысады. Өз кезегінде, дискриминатор ұсынылған контентті талдап, оның жасанды немесе шынайы екенін ажырату міндетін атқарады. Осындай антагонистік оқыту үдерісі барысында екі модель де бірін-бірі жетілдіреді: генератор адам қабылдауы мен қарапайым алгоритмдер жалғанды шындықтан ажырата алмайтындай деңгейге жеткенге дейін гипершынайы контент (дипфейк) генерациялауды жалғастырады (Goodfellow et al., 2014).

Ал екіншісі бұдан жаңарақ архитектура саналатын Midjourney, DALL-E және басқа да заманауи бейне генераторлар платформаларында кеңінен қолданылатын диффузиялық модельдер. Бұл модельдер Марков тізбегіне негізделген термодинамикалық диффузия процесін имитациялайды. Яғни, олар алдымен оқу деректеріне біртіндеп гауссиандық шуыл қосып, оны толық деструкциялайды, содан кейін күрделі нейрондық желіні кері шуылды жою процесіне үйрету арқылы жұмыс істейді. Бұл бастапқы статикалық шуылдан жоғары сапалы, семантикалық тұрғыдан мінсіз медиа контентті синтездеуге мүмкіндік береді.

Осы технологиялық жетістіктер шығармашылық индустриялар, кинематограф, жарнама және бейне ойындар үшін айтарлықтай зор әлеует бергенімен, ақпараттық тұтастыққа бұрын-соңды болмаған қауіп-қатер төндіруде (Verdoliva, 2020). Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық тәуекелдер жөніндегі сараптамаларында жасанды интеллект тудырған дезинформация мен мисинформация ең басты стратегиялық қауіптердің қатарына енгізілген. Желіде еркін қолжетімді, ашық бастапқы коды бар бағдарламалық пакеттер бағдарламалау немесе бейнемонтаж дағдылары жоқ кез келген адамға манипуляцияланған медиа активтерін жасауға мүмкіндік береді.

Синтетикалық контенттің зиянды әлеуеті қазіргі таңда бірқатар стратегиялық бағытта көрініс тауып отыр. Мысалы, саяси аренада ол сайлау науқандары кезінде қоғамдық пікірді манипуляциялауға, электоратты адастыруға және саяси қайраткерлерді дискредитациялауға бағытталған ақпараттық операциялар үшін қолданылады. Немесе айталық, қаржы және корпоративтік секторда да дипфейктер ауқымды экономикалық алаяқтықтың негізгі құралына айналып отыр. Атап айтқанда, киберқылмыскерлер банктер мен қаржы институттарының клиенттерін қашықтан биометриялық сәйкестендіруіне арналған KYC (Know Your Customer – «клиентті тану») хаттамаларын бұзып өту үшін нақты уақыт режиміндегі синтетикалық бейнелер мен дауыстарды сәтті қолдануда. Сонымен қатар, бұл генеративтік технологиялар жеке тұлғаларды бопсалау, қорқыту және психологиялық манипуляцияға құрылған күрделі әлеуметтік инжиниринг схемаларында да кеңінен пайдаланылуда.

Осы қиындықтарға төтеп беру үшін бүгінгі таңда халықаралық ортада синтетикалық медиа форензикасы (Synthetic Media Forensics) деген атаумен танымал болып келе жатқан жаңа ғылыми бағыт қалыптасуда. Қолмен өңделген пиксельдердің ізіне түсумен немесе файлдардың метадеректерін тексерумен шектелетін дәстүрлі цифрлық криминалистикадан айырмашылығы, заманауи форензика терең оқыту алгоритмдерінің контентті синтездеу барысында қалдыратын математикалық, статистикалық және биофизикалық артефактілерін анықтауға негізделген. Бұл сала қазіргі уақытта үздіксіз технологиялық тежеріс сипатына ие болып отыр. Осы генеративтік модельдердің әрбір жаңа буыны бұрынғы анықтау алгоритмдерін айналып өтуді үйренген сайын, форензика ғылымы да спектральды талдау, физиологиялық биометрия және кросс-модальды (аудио-визуалды) диссонансты зерттеу сияқты жаңа, аса күрделі аналитикалық тәсілдерді ойлап табуға мәжбүр болуда.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында синтетикалық медиа форензикасының негізгі бағыттарын анықтау үшін кеңістіктік, жиілік, биофизикалық және фонетикалық ауытқуларды кешенді талдау әдістері қолданылды. Зерттеу дизайны технологиялық аудит, лингвистикалық сараптама және салыстырмалы-құқықтық талдауды біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген.

1. Технологиялық және алгоритмдік талдау әдістері. Алгоритмдік манипуляцияларды анықтау тәсілдерін бағалау мақсатында келесі форензикалық бағыттар сарапталды:

* Кеңістіктік талдау. Пиксель деңгейіндегі микроскопиялық ақауларды (бұлыңғырлану, қабаттасу шекаралары, тері текстурасындағы аномалиялар) анықтау үшін Xception және ResNet сияқты конволюциялық нейрондық желілердің (CNN) архитектуралары зерттелді.

* Жиілік спектрін талдау. Генеративті модельдердің апсемплинг (upsampling) процесі кезінде қалдыратын периодты жасанды шуылдарын тіркеу үшін дискретті косинустық түрлендіру (DCT) әдістері қолданылды. Бұл әдіс күшті сығымдалған бейнелерден де математикалық артефактілерді бөліп алуға мүмкіндік береді.

* Физиологиялық биометрия. Қашықтан фотоплетизмография (rPPG) технологиясы арқылы бейнежазбадағы адам бетінің терісіндегі көзбен көру мүмкін емес микро-түстік өзгерістерді өлшеу әлеуеті талданды. Бұл тәсіл жүрек соғысы сигналын оқып, генерацияланған медиадағы уақыттық және биофизикалық сәйкессіздіктерді дәл анықтайды.

2. Деректер базасы және кросс-датасеттік валидация. Халықаралық тәжірибені және анықтау жүйелерінің тиімділігін бағалау үшін синтетикалық медиа форензикасындағы ең танымал үш автоматты тестілеу эталонының (бенчмарктерінің) құрылымына салыстырмалы шолу жасалды (Кесте 1). Бұл базалар детекторлардың «кросс-датасеттік жалпылау», яғни бір базадан үйренгенін екінші базада қолдану мәселесін айқындау үшін негіз болды.

Кесте 1. Синтетикалық медиа форензикадағы негізгі халықаралық деректер базаларының (бенчмарктердің) салыстырмалы сипаттамасы

Датасет атауы	Бейне-лер саны (жуықтап)	Жасалу ортасы және специфи-кациясы	Қолданылған манипу-ляция әдістері

FaceForensics++	5 000	Зертханалық жағдай, жоғары сапалы, біркелкі камера ракурсы мен жарық.	FaceSwap, Deepfakes, Face2Face, NeuralTextures
Celeb-DF	5 600+	Нақты әлемге жақындатылған (in-the-wild), танымал адамдардың бейнелері.	Жетілдірілген дипфейк генерациясы (жақсартылған бет маскалары мен түстер).
DFDC (Deepfake Detection Challenge)	100 000+	Ауқымды, аса күрделі жағдайлар, әртүрлі жарық, кедергілер мен камера бұрыштары.	8-ден астам түрлі генеративті алгоритмдер мен өңдеу әдістері.

3. Лингвомәдени және құқықтық сараптама. Қазақстандық контексті зерделеу барысында ұлттық ақпарат аренасының лингвомәдени ерекшеліктері, атап айтқанда қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтары мен екітілді ортаның спецификасы талданды. Қазақ тіліне тән спецификалық фонемалардың мысалы, қатаң және ұяң дауыссыздардың аудиовизуалды артикуляциясы мен виземалар (ерін қимылы) арасындағы сәйкессіздіктерді анықтау тетіктері қарастырылды.

Сонымен қатар, нормативтік базаны зерттеу мақсатында салыстырмалы-құқықтық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері қолданылды. Қаржылық алаяқтық пен киберқылмыстың нақты эмпирикалық мысалдары негізінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің, «Масс-медиа туралы» заңының, сондай-ақ жаңадан қабылданған «Жасанды интеллект туралы» заңының нормаларына құқықтық баға беріліп, ұлттық заңнамадағы олқылықтар анықталды.

Нәтижелер

Алгоритмдік манипуляцияларды анықтауға арналған заманауи тәсілдерді талдау синтетикалық медиа форензикасы қиылысатын бірнеше вектор арқылы дамып келе жатқанын көрсетеді. Зерттеушілер мен криминалистер жалған контентті әшкерелеу үшін кеңістіктік, жиілік, биофизикалық және фонетикалық ауытқуларды кешенді түрде пайдаланады.

Кеңістіктік және жиілік аналитикасы жайлы айтар болсақ, форензиканың тарихи тұрғыда алғашқы әрі ең танымал құралдарына суреттерді пиксель деңгейінде талдайтын конволюциялық нейрондық желілерге (CNN) негізделген тәсілдер жататыны белгілі (Verdoliva, 2020). Әсіресе FaceSwap немесе Face2Face сияқты әдістерді дипфейк жасау процесіндеқолданғанкездекадрдыңкеңістіктіктұтастығыбұзыладыдептұжырымдайды Рөслер және басқа да зерттеушілер (Rössler et al., 2019). Олар бұл бағытта XceptionNet архитектурасына негізделген жүйелер ең жоғары нәтиже көрсететінін дәлелдей алды. Озық форензикалық конвейерлерде бүкіл кадр емес, заманауи бет трекері қолданылады. Жүйе бет аймағын қамтып, қабаттасу шекарасын ұстау үшін консервативті кадрлаумен (аймақты 1,3 есе ұлғайтып) жіктеу үшін нормаланған фрагментті XceptionNet желісіне береді. Зерттеулер мұндай автоматтандырылған жүйелердің адам қабылдауының мүмкіндіктерінен едәуір асып түсетінін көрсетеді. Яғни, бейнематериалдың сапасы (қысылуы) төмендеген кезде адамдардың дипфейкті визуалды анықтау қабілеті 58,73%-ға дейін құлайды, ал CNN детекторлары жоғары дәлдікті сақтайды.

Алайда, Раза және т.б. пікірінше, кеңістіктік әдістерде «жалпылау алшақтығы» тәрізді айтарлықтай осалдық бар. Конволюциялық желілер жаттығу кезінде қолданылған деректер жинағының (датасеттің) ерекше артефактілерін жаттап алуға бейім. Эмпирикалық деректер бойынша, модельдерді бұрын-соңды белгісіз деректер жинақтарында тестілеген кезде CNN архитектураларының өнімділігі орта есеппен 15%-дан астамға, ал трансформер архитектураларында 11,33%-ға төмендейді (Raza et al., 2026). Бұл заманауи анықтау жүйелері жасандылықтың іргелі семантикалық сипаттарын емес, нақты деректер жинағының спецификалық сығымдалу артефактілерін ғана үйренетінін растайды.

Пиксельдік талдаудың осы шектеулерін жеңу үшін криминалистер сигналдарды өңдеу теориясы мен жиілік спектрін талдауға жүгіне бастады. Зерттеулер генеративті-жауласушы желілермен (GAN) жасалған суреттер адам көзіне мүлде кемшіліксіз болып көрінсе де, жиілік саласында анық жасанды із қалдыратынын растайды (Giudice, Guarnera and Battiato, 2021). Жоғары ажыратымдылықты кескін жасау үшін нейрондық желілер апсемплинг операцияларын пайдаланады, бұл синтезделетін медиаға табиғи фотографияларда жоқ периодты жоғары жиілікті артефактілер енгізеді. Осы іздерді анықтау үшін дискретті косинустық түрлендіру (DCT) қолданылады, ол тіпті күшті бейне сығымдау кезінде де өзінің математикалық тұрақтылығын сақтай алады.

Ал биофизикалық маркерлер мен аудиовизуалды диссонансқа келер болсақ, қазіргі кезде синтетикалық медиа форензикасындағы ең инновациялық бағыттардың бірі – биологиялық және физиологиялық маркерлерді пайдалану. Оның негізінде қашықтан фотоплетизмография (Remote Photoplethysmography немесе rPPG) технологиясы жатыр (Seibold et al., 2025). Шынайы бейнежазбаларда адам ағзасындағы пульс (жүрек соғысы) сигналы субъектінің бетінде ырғақты микро-түстік өзгерістер түрінде көрінеді. Дипфейк жасау процесі бұл кеңістіктік-уақыттық үйлесімділікті бұзады. Заманауи форензикалық жүйелер уақыттық трансформерлер арқылы осы физиологиялық ауытқуларды талдап, алгоритмдік араласуды дәл анықтайды (Wu et al., 2024; Hernandez-Ortega et al., 2020).

Соңғы жылдары дауысты клондау және мәтінді сөйлету генерациясын ерінді синхрондау манипуляциясына интеграциялау үрдісі жиі байқалуда. Форензикада бұған қарсы фонемалар (дыбыстар) мен виземалар (олардың визуалды артикуляциясы) арасындағы сәйкессіздікті анықтау әдістері қолданылады. Генеративтік модельдер ауыз-бет артикуляцияның қатаң биомеханикалық шектеулерін толық сақтамайтындықтан, кадрлар арасында «уақыттық ерін дірілі» пайда болады (Liu et al., 2024). Сонымен қатар, синтезделген сөйлеуде шынайы адам дауысымен салыстырғанда үзілістер (паузалар) арасындағы уақыт артады. Бұл акустикалық сипаттамалар үзіліс ұзақтығы мен жиілігі арқылы әшкереленеді (Kulangareth et al., 2024). Бұған қоса, синтезделген аудиоконтентті спектрограммалық талдау барысында мел-жиіліктік кепстральды коэффициенттерді (MFCC) алу ерекше форензикалық маңызға ие. Адамның дауыс шығару аппаратының табиғи биомеханикалық резонансын толық эмуляциялай алмайтын мәтінді сөйлету (TTS) модельдері акустикалық деңгейде елеусіз математикалық аномалиялар қалдырады. Кепстральды талдау дыбыс толқынының іргелі жиіліктік сипаттамаларын бөліп алу арқылы осы жасанды микро-резонанстарды дәл анықтап береді.

Келесі халықаралық датасеттер және кросс-датасеттік валидация тәсіліне келер болсақ, бұндай анықтау алгоритмдерін оқытып-үйрету үшін орасан зор датасеттер (деректер базалары) талап етіледі. Мәселен, 2019 жылы жасалған FaceForensics++

эталоны синтетикалық медиа форензиканы стандарттауда маңызды қадам болды. Алайда Celeb-DF және DFDC сияқты әлемдік нақты деректер базаларын енгізу кросс-датасеттік жалпылау мәселесінің бар екенін көрсетіп берді. Бұл әмбебап анықтау алгоритмінің әлі күнге дейін жасалмағанын көрсетеді (Singh and Dhumane, 2025). Яғни, бүгінгі күні белгілі бір деректер базасында оқытылған нейрожелілер басқа жағдайда жасалған жаңа дипфейктерді жоғары дәлдікпен тани алмайды. Бұл олардың жалған контенттің іргелі табиғатын түсінбей, тек нақты бір датасетке ғана тән спецификалық артефактілерді механикалық түрде жаттап алуға бейім екенін білдіреді.

Ал отандық контекстке келер болсақ, ұлттық ақпарат аренасының өзіндік лингвомәдени және криминогендік ерекшеліктері жоқ емес. Мәселен, Қазақстанда мемлекет пен корпорациялар басшыларының, соның ішінде ҚР Президенті мен ірі банктердің топ-менеджерлерінің бейнелерін пайдаланған қаржылық шабуылдар айтарлықтай жиілеп кеткен (Қазақстан Ұлттық Банкі, 2025). Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мұндай дипфейктер жай ғана жалған ақпарат емес, қаржы институттарының клиентті қашықтан тануға арналған KYC хаттамаларын айналып өтуге арналған жоғары технологиялық әлеуметтік инжиниринг құралына айналып отыр (Incode, 2024). Адамды анықтау жүйелерін бұзу үшін киберқылмыскерлер нақты уақыт режимінде синтезделген бейнелерді сәтті қолдануда.

Қаржылық алаяқтық векторларын талдайтын болсақ, қаскүнемдердің банктердегі қашықтан биометриялық сәйкестендіру кезеңін бұзып өтуінің екі негізгі технологиялық сценарийі кездеседі. Біріншісі презентациялық шабуыл, яғни экранға шығарылған дипфейк бейнесін камераға тікелей көрсету. Екіншісі әрі анағұрлым қауіптісі инъекциялық шабуыл. Бұл жағдайда синтетикалық деректер ағыны виртуалды драйвер арқылы верификация жүйесіне тікелей енгізіліп, құрылғының физикалық сенсорын (камерасын) айналып өтеді. Қазіргі таңдағы «тірі адамды анықтау» (Liveness detection) жүйелерінің басым көпшілігі тек келіп түскен контенттің визуалды шынайылығын тексерумен шектеледі, ал инъекциялық шабуылдар контенттің қайнар көзін бұрмалайтындықтан, бұл екі бөлек технологиялық мәселе болып отыр (Ayosso, 2026).

Бұл қауіптің ауқымы халықаралық киберқауіпсіздік есептерінде нақты сандық көрсеткіштермен расталып отыр. Group-IB компаниясының «Weaponized AI» баяндамасына сәйкес, компанияның Fraud Protection тобы бір ғана қаржы институтына 2025 жылдың қаңтар-тамыз аралығында цифрлық KYC процесінде 8065 дипфейк алаяқтық әрекетін әшкерелеуге көмегін тигізген. Осы 8065 әрекет кезінде 5702 алаяқтық шот пен 88 нақты құрылғы анықталған. Құрылғылардың 83-і Android, ал 5-і iOS негізінде болған. (Group-IB, 2026). Өз кезегінде, iProov компаниясының деректеріне сүйенген талдау виртуалды камера арқылы жасалған шабуылдардың 2024 жылы 2665%-ға, ал бет ауыстыру (face-swap) инъекцияларының 2023 жылдың екінші жартысында алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 704%-ға өскенін көрсетеді (Rajagopal, 2026). Шынайы өмірде де мұндай олқылықтардың ауыр зардаптары кездесіп отырады. Мысалы, Нидерланд полициясының ресми хабарламасына сәйкес, 2025 жылғы қарашада 34 жастағы амстердамдық ер адам жалған пәтер жалдау хабарландырулары арқылы құрбандардың жеке құжаттарын алып, AI негізіндегі бет манипуляциясы (дипфейк) арқылы банктің цифрлық сәйкестендіру процесін айналып өтіп, кемінде 46 банктік шот ашып, алаяқтық мақсатқа пайдаланған (Politie, 2025). Ескерту: осы мақала жазылған күні үкім әлі шыққан жоқ. Іс 2026 жылғы наурыз айында сот тарапынан толық тергелмеген деп танылып, қосымша тергеуге жіберілген.

Сондай-ақ, мемлекетаралық алауыздық тудыруға бағытталған сыртқы саяси провокациялар мен ақпараттық-психологиялық операциялар да көрініс табуда. Мысалы, 2025 жылы қыркүйек айында Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Мария Захарованың бейнесі қолданылған дипфейк интернет желісінде пайда болған еді. Онда киберқылмыскерлер шынайы бейнекадрлардың артикуляциясын өзгертіп, синтезделген дауыс арқылы ҚР Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясындағы кездесулері туралы жалған пікір таратқаны айтылады (Министерство иностранных дел России, 2024). Тағы бір мысал ретінде Қазақстанның сол кездегі Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу мен бірқатар облыс әкімдерінің бейнелері пайдаланылып, олардың атынан шетелдік әскери науқандарды қолдайтын жалған мәлімдемелер генерацияланғанын да айтуға болады (Orda.kz, 2024). Бұл мысалдар дипфейк технологиясының жай ғана қаржылық алаяқтық емес, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін стратегиялық қаруға айналғанын көрсетеді.

Бір айта кетерлігі, отандық медиа форензиканың дамуына кедергі болатын ең маңызды ғылыми тосқауылдардың бірі – тілдік фактор және фонетикалық ерекшеліктер болып отыр. Халықаралық зерттеулердегі тәжірибелер аз ресурсты тілдерде тек ағылшын тіліне негізделген трансформерлердің тиімсіз болатыны дәлелденген еді (Owais et al., 2026). Қазақ тілінің лингвистикалық архитектурасы мен фонетикалық заңдылықтары отандық медиа аудит үшін бірегей кедергілер қалыптастыруда.

Біріншіден, қазақ тіліндегі спецификалық увуляр (қ, ғ), веляр (ң) дауыссыздары мен еріндік (ө, ү, ұ) дауысты дыбыстарының транскрипциясы мен дыбысталуы ерекше биомеханикалық ротофасиалды қимылдарды талап етеді. Ағылшын тілінің датасеттерінде оқытылған ЖИ генераторлары осы күрделі артикуляциялық ауыс-түйістерді модельдеу кезінде кадрлар арасындағы «уақыттық ерін дірілі» эффектісін жасанды түрде тудырады. Екіншіден, қазақ тілі агглютинативті сипатқа ие және сингармонизм заңдылығына бағынады. Синтезделген сөйлеуде бұл үндестік заңдылықтары жиі бұзылып, интонациялық контурлар мен микро-паузалардың табиғи емес сәйкессіздігіне (акустикалық диссонансқа) алып келеді. Осы фундаменталды заңдылықтарды ескерсек, қазақ тілінің өзіндік фонетикалық ерекшеліктеріне бейімделген жергілікті датасеттердің болмауы салдарынан, шетелдік автоматтандырылған жасанды интеллект детекторлары қазақтілді дипфейктерді талдауда технологиялық дәрменсіздік танытуы әбден ықтимал.

Талқылау

